*Лазание по одному канату в три приема.* И.п. – вис на прямых руках.

Первый прием: согнуть ноги вперед и захватить канат стопами (подъемом одной и пяткой другой ноги). Можно закреплять канат петлей. В этом случае он должен проходить снаружи бедра и голени одной ноги и прижиматься внутренней частью стопы (способ захвата каната зависит от его жесткости и толщины: тонкий и мягкий канат можно захватывать петлей).

Второй прием: не ослабляя захвата ногами, разогнуть их (отталкиваясь) и согнуть руки.

Третий прием: поочередно перехватить руки вверх и принять и.п., не отпуская захвата каната ногами.

*Лазание по двум канатам:* руками по одному, ногами по другому канату; одна рука на одном, другая на другом канате; ноги захватывают два каната сразу.

Для облегчения усвоения приемов лазания на канате можно рекомендовать следующие упражнения:

1. Вис на канате на прямых руках и раскачивание в висе (вис после толчка ногами или небольшого разбега).
2. Разучивание захвата ногами, сидя на скамейке.
3. Захват каната ногами в положении виса на прямых руках.
4. Из виса стоя на полу ноги врозь подтягиваясь и опираясь пятками о пол, вис лежа на согнутых руках [2, с. 73].

Необходимо обращать внимание студентов на недопустимость скольжения вниз по канату, так как это может привести в серьезной травме.

При обучении лазанию применяются: целостный метод – при обучении легким упражнениям (лазанию в смешанных упорах и висах на гимнастической скамейке и стенке); метод расчленения, когда при лазании, отдельно обучают сначала захвату каната ногами в положении седа на гимнастической скамейке, затем вису на канате и далее приему лазания в целом; метод подводящих упражнений, когда обучают приему лазания в облегченных, а затем в более сложных условиях.

Как правило, упражнения в лазании включают в основную часть занятия физической культурой. Упражнения в лазании эмоциональны, поэтому их рекомендуется проводить в игровой и соревновательной форме. При выполнении упражнений на большой высоте необходима страховка. Желательно чаще проводить упражнения в лазании в условиях естественной местности.

***Упражнения в поднимании и переноске груза*** выполняются как различными предметами, так и с самими занимающимися и разделяются на приемы переноски партнера: одним, двумя, тремя и четырьмя товарищами одним различными способами и приемы переноски тяжестей: переноска груза различного веса, переноска гимнастических снарядов, инвентаря и оборудования.

### ***Приемы переноски партнера***

#### ***Переноска одного одним***

1. *Переноска с поддержкой двумя руками способом «на руках».* Переносимый лежит на спине. Переносящий встает на одно колено или приседает, прихватывает партнера одной рукой под лопатки, другой



рукой под колени, поднимает. Переносимый одной или двумя руками обхватывает шею партнера. Переносящий начинает движение.

2. *Переноска с поддержкой двумя руками способом «верхом на спине».* Переносимый становится сзади партнера в стойку ноги врозь и обхватывает его руками за плечи. Переносящий приседая и слегка наклоняясь вперед, захватывает партнера за бедра, выпрямляется и начинает движение.

3. *Переноска с поддержкой двумя руками способом «верхом на плечах».* Переносимый принимает положение стойки ноги врозь спиной к партнеру. Переносящий опускается на одно колено, наклоняется вперед и заводит свою голову и плечи под ноги партнера. Переносимый садится верхом на плечи партнера. Переносящий встает, переносимый сгибает ноги и захватывает стопами спину партнера. Партнеры берутся за руки и начинают движение.

4. *Переноска с поддержкой одной рукой способом «на боку».* Переносимый принимает положение лежа лицом вниз или упора стоя согнувшись. Переносящий, стоя сбоку, захватывает партнера за талию, приподнимает и фиксирует его у себя на боку на уровне талии. Затем переносящий, сохраняя захват, одноименной рукой другую отводит в сторону и начинает движение.

5. *Переноска с поддержкой одной рукой способом «на плече».* Стоя лицом друг к другу, переносящий левой рукой берет правое запястье партнера, наклоняясь правой рукой, обхватывает его под колени. Переносимый ложится животом на правое плечо партнера. Переносящий выпрямляется, освобождая левую руку, правой рукой над ногами партнера перехватывает его правое запястье и начинает движение.

#### *Переноска одного вдвоем*

1. *Переноска способом «сидя на руках».* Переносящие, стоя лицом в направлении движения, соединяют ближние руки хватом за запястья. Переносимый садится на руки и придерживается за плечи партнеров. Занимающиеся начинают движение.

2. *Переноска способом «сидя на руках с опорой под спину».* Переносящие, стоя лицом в направлении движения, опускаются на ближние колени, соединяют дальние руки хватом за запястье, а ближние – кладут на плечи друг другу. Переносимый садится и опирается спиной на руки партнеров, придерживаясь за их плечи. Переносящие встают и начинают движение.

3. *Переноска способом «сидя на сцепленных руках».* Переносящие, стоя лицом друг к другу, хватами сверху правой рукой

держат свое левое запястье, а левой рукой – правое запястье партнера, образуя замкнутое сцепление (захват можно выполнить в другую сторону). Переносимый садится на сцепление рук и удерживается за плечи партнеров. Переносящие начинают движение.

4. *Переноска способом «поддержка под руки и колени».* Переносимый принимает положение лежа на спине, согнув ноги врозь. Переносящие друг за другом встают один – между коленями спиной к лежащему, а второй – за головой переносимого. Переносящие наклоняются, захватывают партнера под колени и под руки, разгибаются и начинают движение.

5. *Переноска способом «поддержка под спину и ноги».* Переносимый принимает положение лежа. Переносящие с одной стороны лицом к переносимому партнеру встают на колени и захватывают его один – под спину и таз, а второй – под ноги. Переносимый обхватывает ближнего к себе партнера за шею. Переносящие встают и начинают движение.

Переносить одного двумя и большим количеством занимающихся можно с помощью предметов: палок, небольших лестниц и т.п.

*Переноска способом «на палке».* Переносящие стоят лицом в направлении движения на расстоянии 60-70 см, берут в руки гимнастическую палку разным хватом за концы. Переносимый садится на палку и обхватывает партнеров за плечи. Переносящие начинают движение.

Для переноски тремя, четырьмя и более партнерами одного, переносимый принимает положение лежа на спине. Переносящие с двух сторон по два становятся лицом к переносимому, приподнимают его и, взявшись за руки, начинают движение.

### ***Приемы переноски тяжестей***

В качестве тяжестей используют набивные мячи, гимнастические скамейки, гимнастические снаряды.

1. Передача набивных мячей: а) в шеренге – принимать мяч у партнера с одной стороны и передавать партнеру с другой; б) в колонне – передавать мяч сбоку строя, на головой, под ногами из положения стоя ноги врозь.

2. Переноска набивных мячей: а) в руках перед собой хватом снизу; б) сбоку под рукой; в) на голове с помощью и без помощи рук.

3. Переноска гимнастических скамеек: а) одним – держа скамейку за середину на голове или сбоку под рукой; б) вдвоем – удерживая скамейку за концы.

4. Переноска гимнастических матов: вдвоем, вчетвером.
5. Переноска гимнастического козла: одним (на спине), вдвоем.
6. Переноска гимнастического коня вдвоем.
7. Переноска гимнастического бревна: в шеренге по 4-6 человек перед собой на согнутых руках, по 4-6 человек на плечах [3, с. 218].

Упражнения в поднимании и переноске груза характеризуются выраженной силовой направленностью, поэтому на занятиях физической культурой рекомендуются к применению в работе преимущественно с мужским контингентом. В этих упражнениях следует последовательно и нормировано подходить к дозированию нагрузки.

Сначала изучают технику движения поднимания и переноски. На этом этапе разучивание лучше проводить на полу, заостряя внимание на освоение способов захвата и удержания груза.

Последовательность изучения упражнений следующая:

- а) переноска набивных мячей с постепенным увеличением их веса и количества;
- б) поднимание и переноска гимнастических матов, скамеек, гимнастических снарядов;
- в) поднимание и переноска одного вдвоем;
- г) поднимание и переноска одного одним.

Учитываются рекомендации:

- переносить груз сбоку надо поочередно под правой и под левой рукой;
- переносить груз на плече следует поочередно на правом и на левом;
- переноску на плече чередовать с переноской перед собой.
- учитывать, что переноска на голове – упражнение, способствующее формированию правильной осанки, а переноска груза сбоку и на плече – упражнения для исправления недостатков осанки.

По мере формирования навыка можно варьировать нагрузку путем изменения веса груза, темпа движения, заданного расстояния, использования дополнительных препятствий, выполнения упражнений на уменьшенной площади опоры. Эти упражнения часто проводятся в форме эстафет.

**Упражнения в переползании:** на четвереньках, на полчетвереньках, на боку, по-пластунски, по-пластунски при помощи обеих рук и одной ноги, по-пластунски при помощи одной руки и обеих ног, отползание в сторону, переползание с партнером или грузом.

*Переползание на четвереньках.* Из положения стоя на коленях в упоре движение выполняет одновременно правая рука и левая нога, затем левая рука и правая нога (разноименное передвижение). Движение можно выполнять одновременно правой рукой и правой ногой, затем левой рукой и ногой (одноименное передвижение). В животном мире одноименное передвижение называют «иноходь».

*Переползание на получетвереньках.* Из положения стоя на коленях упор на предплечья движение выполняет одновременно правая рука и левая нога с перемещением тела вперед до полного выпрямления правой ноги, затем левая рука и правая нога продолжают движение.

*Переползание на боку.* Из положения лежа на правом боку упор на предплечье. Одновременно по ходу передвижения переставляем правую руку подальше в упор и сгибаем ноги (правая нога лежит, левая нога стоит на полу). Опираясь на правое предплечье (левая рука свободна) и отталкиваясь левой пяткой, перемещаем тело вперед до разгибания ног в исходное положение. Переползание можно выполнять на другом боку.

*Переползание по-пластунски.* Из положения лежа на животе упор на предплечьях. По ходу движения одновременно переставляем правую руку и через сторону коленом к плечу сгибаем левую ногу. Прижимаясь к полу, опираясь на правое предплечье и отталкиваясь левой голенью, перемещаем тело вперед до сгибания правой руки и разгибания левой ноги. Без паузы продолжаем движение с другой руки и ноги.

*Переползание с помощью рук и одной ноги.* Из положения лежа на животе упор на предплечьях. По ходу движения одновременно переставляем руки и через сторону коленом к плечу сгибаем ногу. Прижимаясь к полу, опираясь на предплечья и отталкиваясь голенью, перемещаем тело вперед до сгибания рук и разгибания ноги. Движение можно выполнять с другой ногой.

*Переползание с помощью ног и одной руки.* Из положения лежа на животе упор на правое предплечье (левая рука за спиной). По ходу движения одновременно переставляем правую руку и через стороны коленями к плечам сгибаем ноги. Прижимаясь к полу, опираясь на правое предплечье и отталкиваясь голенью, перемещаем тело вперед до сгибания правой руки и разгибания ног. Движение можно выполнять с другой рукой [4, с. 257].

*Отползание в сторону.* Из положения упора лежа на согнутых руках, ставим вправо одновременно правую руку и правую ногу. Затем

переставляем вправо одновременно левую руку и левую ногу до исходного положения. Движение можно выполнять в другую сторону.

*Переползание с партнером или грузом.* Переползание держа партнера или груз на спине выполняется способом «по-пластунски». Переползание держа партнера или груз обхватом выполняется способом «на боку».

Для практического применения упражнений в переползании на занятиях физической культурой необходимо специальное покрытие спортивного зала в виде акробатической дорожки или ковра для вольных упражнений. Варьировать нагрузку можно с помощью изменения скорости передвижения, преодоленного расстояния, используемого веса груза, а также проведения разновидностей переползаний в форме эстафет и полосы препятствий.

#### Список литературы

1 ТУП. Образование высшее и профессиональное. Физическая культура (включая валеологию). Министерство образования и науки Республики Казахстан. Астана 2002 г.

2 Гимнастика и методика преподавания. Под ред. В.М. Смолевского. М.: Физическая культура и спорт. 1987. – 336 с.

3 Гимнастика. Под ред. М.Л. Журавина, Н.К. Миньшикова. М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 448с.

4 Пальга В.Д. Гимнастика. М.: Просвещение, 1982. – 288 с.

#### Түйін

Мақала күштік бағыттағы қолданбалы жаттығуларды зерттеуге арналған. Авторлар ЖОО-дағы дене шынықтыру сабақтарында өрмелеу, жүкті көтеру және тасымалдау жаттығуларын, еңбектеп өту жаттығуларын практикада қолдана алу үшін арнайы үйрету әдістемесі мен ұсыныстарын әзірледі.

#### Resume

The article is devoted to the study of applied power exercises. The authors have developed teaching methods and recommendations for the practical application of climbing exercises, exercises in lifting and carrying loads, crawling exercises at the physical education lessons at the University.

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША  
ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА  
ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

**Ғ.Р. АҚМАНОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.  
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

**Аннотация**

Аталмыш мақалада қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес лирикалық шығармаларды оқыту кезінде пайдаланылатын әдіс-тәсілдердің түрлері туралы айтылады. Мақалада талдауға түсетін әр әдістің өзіндік ерекшелігі жайында айтылып, қосымша қай шығармада тиімді қолдануға болатындығы баяндалады.

*Түйін сөздер:* лирика, әдіс-тәсіл, жаңартылған білім, әдебиет, шығарма.

Өзімізге белгілі, әдебиетте қай жанрға болмасын ерекше мән беріліп, оны оқыту үшін түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Қазіргі жаңартылған білім беру жүйесіне қатысты да, мектеп қабырғасында болсын, жоғары оқу орнының студенттеріне де жаңа мүмкіндіктерді пайдалана отырып сан қилы тәсілдер қолданамыз. Соның ішінде лириканы оқытуға ерекше мән беретініміз жалған емес-ті. Ал оны оқыту жолдары, яғни «біз білім алушыларға оны қалай жеткізе аламыз?» деген сауалдардың жауабына осы мақала жауап бере алар.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, айналасы теп-тегіс, жұмыр келетін сөз патшасы мен сөз сарасы өлеңді жазуға Абай атамыз жоғары талап қояды. Ал А.А. Блок «Поэзия ойлаудан басталады» дей отырып, лирикалық шығармалардың тереңдігін оған жай көзбен қарауға болмайтындығын танытады [1, 12 б.].

Білім беру жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтап, білім берудің халықаралық талаптарын меңгерудің маңызы айрықша. Танымал ғалым, педагог, философ, профессор Джон Дьюидің: «Егер біз бүгін балаларымызды кешегідегідей оқытатын болсақ, онда біз оның ертеңін ұрлаймыз» деген ойына негізделе отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастап отырмыз. Осыған орай мұғалім алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды, тілдерді

меңгеру, оларды тиімді қолдану міндеті тұр. Білім мазмұнының жаңаруымен қатар критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарды қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім мазмұны мұғалімнен әрекеттік технологияларды енгізу, балалармен адамгершілік қатынас қағидасын іске асыруы арқылы сыныптағы әрбір оқушының жеке қабілеттері мен шығармашылық қатынасын дамытуды қамтамасыз ететін іс-әрекеттерін ұйымдастыруды талап етеді. Заманауи мұғалім оқыту стратегиясының барлық мүмкіндіктерін қолдану үшін түрлі педагогикалық тәсілдерді құрамдастыруда әртүрлі арсеналы болу қажет. Білім беру стратегиялары барлық сыныппен, топта жүргізілетін жұмыс, жеке жұмыс және білім алушылармен кері байланыстан тұрады.

Сондықтан да қазіргі таңда әр ұстаздың алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Оқыту процесінде пайдаланылып отырған әртүрлі әдіс-тәсілдер мен жаңа технологиялар өз нәтижелерін беруде. Олар баланың жеке қасиетін аша отырып, оның танымдық қабілетін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасап отыр. Ұстаз болу үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар білім алушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуына ықпал етеді. Қазіргі таңда білім мен техниканың даму деңгейі әр оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр.

Лириканы жалпы біз адамның ішкі сезім-күйін, эмоционалдық жағдайын бейнелейтіндігін білеміз. Лириканы оқытудың өз заңдылығы бар екендігінен де хабардармыз. Лириканы оқыту күрделілігі оның жанрлық ерекшелігінде ғана емес, оқушылардың оған деген көзқарасы, қарым-қатынасында болатындығын ескерте кеткеніміз жөн.

Лирикалық шығармаларды оқыту оңай емес. Әсіресе 5-8 сынып оқушыларының көбі лирикадан гөрі қызықты мазмұны бар, айтайын деген ойы көрініп тұратын прозалық шығармаларды ұнатады. Білім берушіге оқушыларды лирикалық шығармаға тартудан гөрі, прозалық шығармаға тарту оңай тиеді. Лирикалық шығармаларда ақынның ойы сезімі, жан-толқынысы, тебіренісі бейнеленеді. Оны оқушылардың бірден қабылдауы, тануы, сезінуі қиын. Оқушы да асқан нәзіктікпен, сезіммен ойлана білуі керек. Бірақ барлық адам бірдей ондай ақынжанды болып келмейді. Сондықтан өлеңді тану қиынға соғады.

Осы тұста «лирикалық қаһарман» ұғымына да назарымызды аударып кеткенімізді жөн көріп отырмын. Айта кетейік, лирикалық қаһарман – ақын бейнесінің оның шығармаларынан жинақталған тұтас тұлға ретінде көрінуі болып табылады. Лирикалық қаһарманның басты ерекшелігін айқындайтын ақынның қоғамдық, эстетикалық мұраттары, идеалдары, өмір құбылыстарын, дәуірді, халық тағдырын өзінше түсініп-сезінуі. Сөйтіп, лирикалық қаһарман деген ұғым ақынның көптеген шығармаларында ой-сезім дүниесінің, мақсат-мұраттардың бірлік-тұтастығын танытады.

Кейбір шығармалар оның жан дүниесін бір қырынан, ой-сезімдерінің, толғаныстарының белгілі бір кезеңін көрсететіні айқындала түседі. Жекеленген шығармада лирикалық қаһарман бейнесі бір қырынан көрінетініне табиғат лирикасының кейбір үлгілері мысал бола алады. Біз бұлардан лирикалық қаһарманның табиғат сұлулығын қалай сезінетінін әсіресе айқын байқаймыз. Бұл айтылған пікірді табиғатты немесе махаббатты жырлайтын шығармада лирикалық қаһарман үнемі біржақты, тар көлемде көрінеді деп түсіну дұрыс болмайды. Лирикалық шығармада көбіне-көп қоғамдық күрделі ой-пікірлер, ақынның жеке адамға деген жылы сезімі, не болмаса назары түскен табиғаттың бір көрінісін сезінуі – бәрі тығыз байланысып жатады. Мәселе тек қай шығармада қай жағы басым келетінін ескеруде. Сонымен бірге лирикалық қаһарманның бейнесі мейлінше толық, жан-жақты қалпында ақынның бір ғана емес, көптеген туындылары арқылы бой көрсететінін әр уақытта есте сақтау керек.

XXI ғасырға аяқ басқан жаңалықтарға толы заманаға үн қосу қазіргі заман мұғалімінен үлкен еңбекті талап етеді. Заманауи мұғалім қай жағынан болса да жаңалықтар мен идеялардың жаршысы бола ала ма? Бұл көкейтесті мәселелер ұстаз жүрегіне ой салары сөзсіз. Қай кезеңде де адам руханиятын алға жетелейтін басты күш әдебиет болып келеді. Бүгінгі таңда «Жастарымыз әдебиеттен қол үзіп барады. Көркем шығарманы мүлдем оқымайды», - деген пікірлерді жиі естіп қаламыз. Осындай сыни пікір әдебиетші мұғалімдердің намысын қамшылайтыны да бар.

Әдебиет негізінен сөз өнері. Ол баланың талғамын, мінезін, танымын қалыптастырады. Әдебиеттің ғажап жанрының бірі біз сөз етіп отырған лирика екендігі белгілі. Ғалымдар лирикаға адамның көңіл күйін күйттейтін поэзия» деген анықтама береді. Жалпы лирикалық шығармаларды қалай оқытамыз, оқушы жүрегіне қалай жеткіземіз деген мәселелер туралы ой бөліскім келеді. Лириканы



оқытудың басты мақсаттарының бірі – оқушыларды поэзияны сүйе білуге баулу, оның кестелі тілін сезіне білуге, эстетикалық ләззат ала білуге, әдемі, көркем сөйлей білуге баулу болып табылады.

5-8 сыныптарда оқушылар көбінесе Абай, Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынов, Ыбырай Алтынсарин, Мағжан Жұмабаев, Мұқағали Мақатаевтардың лирикалары оқытылады. Аталған ақындардың өлеңдерін оқыту барысында төмендегідей мәселеге көңіл бөлу керек-ті [2, 28 б.].

Алғашында, сабақтың кіріспесінде лирикалық шығармалар, олардың өздеріне тән қасиеттері туралы әңгімелеу керектігін айта кеткен жөн. Лирика туралы әдеби-теориялық ұғым беру керектігін де есімізден шығармағанымыз абзал.

Өлеңді, яғни кез келген лирикалық шығармаларды алдын ала үйден оқып танысуға беру жайында да оқытушылар арасында көп дау-дамай туындаған болатын. Оқушыларға өлең құрылымын алдымен теориялық жағынан талдату керектігін де ескерте кеткен жөн. Өлеңді әуенімен, сазымен мәнерлеп оқуға, жатқа оқуға көңіл бөлу керектігін де есімізден шығармауымыз керек. Сонымен қатар лириканы оқып тұрған адамға, яғни білім алушыға өлеңдегі ақынның көңіл-күйін бағдарлату, оқушылардың өз сезімі өлеңнің әсеріне де назар аудартуды талап етеді. Тақырыпқа сай саз әуенін, бейнелеу өнерін басқа да өнер туындыларын көрнекілікті үйлесімді пайдалану қажет.

Сонымен қатар ең басты нәрсе – оқитын адамға тиімді оқу жағдайын туғызу. Қабілеттерін, шабыттарын ояту, белсенділіктерін арттыру мақсатында шығармашылық жұмыспен шұғылдандыру керек. Өртүрлі сабақ үлгілерін іздену керектігі жайы да осы мәселемен байланысты. Яғни жарыс сабақтар ұйымдастыру, пәнаралық байланыс сабақтарымен қатар сын тұрғысынан ойлау сабағын да қарастыруымыз керек. Лирикалық шығармаларды өтпестен бұрын туындыгермен таныстыру, оның бейнесін сомдауға баулу да өте маңызды рөл атқарады.

Қазіргі кезде ұлттық білім беру жүйесінің басты мақсаты – білім алушыға терең, мазмұнды, тиянақты, жүйелі білім беру. Қазіргі білім беру жүйесіндегі аса қызықты әдіс-тәсілдердің көптігі соншалықты, тіпті олар сандар арқылы рефлексия жасап, кері байланыс орнатуға болатындығын ескертеді. Мысалы, Абай Құнанбайұлының табиғат лирикасын өткен уақытта делік, ақынның өлеңдерін тәмамдап болғаннан кейін «551» әдісін пайдалануға болады. Яғни білім алушы бас ақынның табиғат лирикасына арнап жазған өлеңдерін

қорытындылап, 5 сөйлем, 5 сол өлеңге байланысты сөз тіркесімен қоса ең соңында қорытындылап 1 сөз айтулары тиіс.

Келесі мына бір сандық әдіске назар аударыңыз. Ол әдіс «515» деп аталады. Білім алушы өткен тақырып бойынша, яғни өтілген, оқылған лирика бойынша 5 минуттың ішінде 15 термин айтулары керек немесе терминнің орнын жай ғана тірек сөздермен алмастыруға болады. Лириканы оқыған адам сол өлеңнің ішінен ең негізгі деген 15 сөзді таңдап айтуы керек. Бұл әдіс те лириканы оқытуда, оны түсінуде ерекше қажет болып табылады. Келесі тәсілдің де берері мол деп ойлаймыз. «ЗҚ» деп аталатын әдіс-тәсіл сол оқылған шығармаға сәйкес құнды, қызық, қиын нәрсені айтулары керек [3, 39 б.].

Әр сабақта әдістерді түрлендіру арқылы оқушылардың қызығушылықтары арта түседі. Білім берушілер көбінесе өз сабақтарында «Өрмекшінің торы» ойынын, «Қапшықтағы фасоль», «Шынжыр», «Сыдырма», «Стикердегі 10 сұрақ», «Джигсо», «Ыстық орындық», «Бес саусақ» әдістерін қолдану барысында оқушылардың оқуға, өз білімдерін саралауға, талдауға қызығушылықтары артады. Ал оның ішінде лириканы оқытуда тіпті ерекше рөл атқарады.

«Өрмекшінің торы» немесе «Шырмауық» – дәстүрден тыс әдістердің бірі. Оқушылардың лирикалық шығармаларды қай деңгейде меңгергендігі не болмаса үйге берілген тапсырманы сұрау үшін сыныптағы оқушылар түгелдей шеңбер болып тұрады. Мұғалім қолына бір бума тоқыма жібін алады. Жіптің ұшын қолына ұстап, үй тапсырмасынан бір анықтама немесе ереже айтқан оқушының қолына жіпті бір рет орайды. Келесі жауап берген оқушы да жіптен ұстайды. Осылайша жауап берген әр оқушы қолына жіпті бір рет орай береді. Мұғалімнің қолындағы жіп азайған сайын, шеңбер болып тұрған оқушылардың қолындағы жіп те өрмекші торы секілді шиеленісе береді. Белгіленген мерзімнен кейін әр оқушының қолындағы жіп орауын санау арқылы ол оқушының тақырыпты қаншалықты меңгергендігін мұғалімдер білетін болатын. Бұл әдісті сабақтың басында үй жұмысын сұрағанда немесе бекіту бөлімінде пайдаланған тиімді.

«Фишбоун» әдісінің тиімділігі берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді. Қолданылуы: Жар қағазға балықтың қаңқасы суретін салып, басына тақырып жазылады. Денесінің жоғарғы жағындағы сызбаларға сұрақтарын, төменгі жағынағы сызбаларға жауабы жазылады. Балық қабырғасының саны жетіден кем болмауы керек, түйінді ой құйрығына жазылады. Мысалы,

лирикалық сонеттегі Қасым Аманжоловтың шумақтарын өткен кезде балықтың басына тақырып жазылып, денесіне бес асыл істі жазды да неліктен оны асыл іс деп өз ойларын жазды, ал құйрығына осы өлеңнің негізгі идеясын жазып көрсетеді.

Дебат – бұл ұйымдастырылған, жарыс түріндегі дау екендігі белгілі. Дебаттарда аралық судья төрелік етеді, ол қай тараптың жеңгені, ал қай тараптың жеңілгені туралы шешім қабылдайды. Мысалы, Қ.Жармағамбетовтің «Бидай туралы баллада» лирикалық шығармасын алып қарастырайық. Оқушылар екі топқа бөлінеді, бірі жақтаушы тарап болса, екіншісі даттаушы болады. Яғни шығарма мазмұнына сәйкес олар бір титтей детальді алып, талдау жұмыстарын жүргізеді [4, 17 б.].

Келесі «Пазл» әдісіне толығырақ тоқталайық.

Жалпы, пазл – кез келген бұзылған нәрсені құрауға, бас-аяғын табуға көмектеседі. Яғни оқушылардың поэмаларды қалай түсінгендерін білу үшін оқиғаның дамуы, шиеленісі мен шарықтау шегін әртүрлі бөліктерге бөліп, білім алушыларға таратуға толықтай негіз бар. Оны оқушылар біріктіру арқылы, яғни пазл әдісі бойынша жинап, оқиға мазмұнын айтып бере алады.

Лириканы оқуға, түсінуге және одан ләззат алуға қатысты біркелкі ұсыныстар жаңартылған білім беру жүйесінде толығымен қарастырылған.

Лирикалық шығарманың атауына қарап оның не туралы екенін болжауға болады. Болжау арқылы оқушы алдын ала өз ойын анық жеткізе алуын қадағалауға негіз бар. Басқа атау ұсынуға да болады, яки оқушы өлеңнің тарихын 100 сөзбен әңгімелеп береді. Өлеңнен ұнатқан жолыңызды «Маған қатты ұнататын өлең жолдары» деген плакатқа жазу – ол да ерекше әдіс-тәсілдердің бірі.

Графикалық органайзерлер – оқушының не білетінін көрсетуге, ақпаратты ұйымдастыруға, пайымдауды көрсетуге және ақпаратты жеткізуге керек. Өлеңде берілген ақпаратты сүзу керек. Ол үшін білім алушылар берілген өлең жолдарын оқып, тірек сөздерін анықтайды. Маңызды емес сөздерді құбырға жібереді, ал тек маңызды сөздер ғана сүзгіде қалады. Қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқушыларға міндетті түрде қалыптастырушы бағалаулар жүргізіліп отырулары қажет.

«Бұрыштар тәсілі» – оқытушы оқушыларға лирикалық шығармалардың желісі негізінде сұрақ ұсынады және мүмкін төрт жауабын сыныптың төрт бұрышына орналастырады. Оқушылар өзіне дұрыс деген жауаптың қасына барып тұрады да, таңдаған жауаптарын

топтық жұмыста тұжырымдайды және өздерінің жеке-жеке көзқарастарын дәлелдейді [5, 47 б.].

«Ойлан – жұптас-бөліс». Берілген тапсырма (лирикалық шығармада берілген кейіпкер туралы болуы мүмкін) бойынша әрбір оқушы жеке жұмыс жасау арқылы өз ойын қорытып, жұп болып пікірлерімен бөліседі, бұл бүкіл топтық талқылауға ұласады.

Келесі «Серпілген сауал» әдісіне мән бере кетсек. Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында бірінен-біріне сұрақтарды «лақтыру».

Мысалы:

- ✓ Асан, Айнаның пікіріне қосыласың ба?
- ✓ Айна, Асанның жауабын тағы қалай толықтыруға болады?
- ✓ Асан, айтылған пікірлерді бір сөзбен қалай тұжырымдауға болады? т.б.

Сонымен қорытындылай келе, жаңа бағдарламаның мәні баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдыретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы. Үлестірме материалдар. – Алматы, 2017 ж.

2 «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы // Тренерге арналған нұсқаулық, 2016 ж.

3 Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, екінші басылым. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 ж.

4 Әліпбаева А.Қ «Жаңартылған білімге – жаңаша көзқарас», – А, 2017. – Б.23

5 «Жаңашыл ұстаз» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. – А, 2016. – Б.45

### Резюме

В данной статье говорится об изучении лирических произведений в соответствии с содержанием образования и с использованием обновленных лирических подходов. А также о возможностях эффективного применения каждого метода анализа с учетом специфики изучаемого произведения.

### Resume

The author of this article describes the lyrical poetic works in teaching according to the content of education, used in the updated approaches and about the specific features of each method and in what works its effective application is possible.

## ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮРДСІНДЕГІ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

**Г.Ж. НҮРБЕКОВА**

педагогика ғылымдарының магистры, аға оқытушы  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Г.М. ЖҮСПОВА**

педагогика ғылымдарының магистры, аға оқытушы  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**А.А. НИЯЗБЕКОВА**

филология ғылымдарының магистры, аға оқытушы  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

### **Аннотация**

Мақалада мәдениетаралық коммуникация мәселелері қарастырылады. Кез келген жоғары оқу орнында мәдениетаралық коммуникацияның құзыреттілігінің құрылымы шет тілін оқытудың нақты мазмұнына негізделеді. Қазіргі заманауи қоғам көп мәдениетті болып бара жатқандықтан өзінің субъектілерінен басқа ұлттық мәдени қауымдастықтардың өкілдерімен қарым-қатынас жүргізген кезде түсіністік пен шыдамдылықты талап етеді. Осыған орай, бұл мәселенің өзектілігі көп мәдениетті білім беруді ұйымдастыруға және мазмұнына байланысты. Көп мәдениетті білім беру жас буынға өзінің мәдениетін және оның әлемдік мәдени кеңістікте дамуындағы рөлін жете түсінуге мүмкіндік береді. Мәдениетаралық коммуникацияны зерттеу барысында мәдениетаралық коммуникация тақырыбының практикалық мағынасына көп көңіл бөлуіміз қажет. Сонымен қатар шет тілін оқыту кезінде үш деңгейлі ұстаным қарастырылады: ақпараттық, мінездік және эмоционалдық.

*Түйін сөздер:* мәдениетаралық коммуникация, шет тілін оқыту, лингвоэтномәдениет, елтану, өмір салты, заманауи қоғам

Кез келген жоғары оқу орнында мәдениетаралық коммуникацияның құзыреттілігі шет тілін оқытудың нақты мазмұнына негізделеді. Ғалымдар коммуникация мазмұнының негізгі бөлімдеріне салалар, тақырыптар, жағдайлар, қарым-қатынастар, филология және елтанымдық білім, тілдік

қабілеттер, сөйлеу, оқу және толтыру дағдыларын жатқызады. Елтану шет тілін оқытуда маңызды орын алады, шет тілі ауызша және жазбаша қарым-қатынастың кілті деп санайтын мамандар үшін толыққанды қатынас жасаудың міндетті шарты болып есептеледі. Бұл білімдер мәдениетті, соның ішінде, әлеуметтік құзыретті құрайтын заманауи ғылым ретінде қарастырылады. Мәдениетаралық коммуникация деп әртүрлі ұлттық мәдениетке жататын коммуникативтік қатынаста екі адамның адекватты өзара түсінушілігін айтады. Егер адамдар бір тілде сөйлей алмаса, олардың бірін-бірі түсінуі қиынға соғуы мүмкін, ал оған себеп мәдениет айырмашылығы болып табылады [1, 49 б.].

Заманауи қоғам көп мәдениетті болып табылады, ол басқа ұлттық мәдени қоғам өкілдерімен қарым-қатынаста түсінік пен шыдамдылықты талап етеді. Оның аясында білім алушыларға мәдениеттік, этникалық және діни ерекшеліктерін ескеруге, басқа лингвистикалық этномәдениетті құбылыстарды меңгеруге және төзімді болуға үйрететін тәсілдер іске асырылады. Сонымен қатар, көп мәдениетті білім беру жас буынға өзінің мәдениетін, және оның әлемдік мәдени кеңістікте дамуындағы рөлін жете түсінуге мүмкіндік береді. Алайда, ол соңғы жылдары біздің еліміздің ішіндегі және сыртындағы көші-қон үрдістерінің дамуына, сондай-ақ жаңа ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты, көп ұлтты және көп тілді заманауи қоғамның ажырамас сипатына айналды десек болады. Әңгіме ұлттық-аймақтық құрылымдар жайлы болсын, немесе басқа кез келген аймақ жайлы болсын, барлық жерде мәселе көп тілділікке және көп мәдениеттілікке әкеп соғады.

Мәдениетаралық коммуникация ХХ ғасырдың басында қоғамдық сана мен ғылыми ортада қалыптасқан идеологиялық қызығушылықтармен байланысты әлеуметтік құбылыс ретінде соғыстан кейінгі әлемнің практикалық мұқтаждықтарына орай өмірге келген, ол кезде кәсіби және әлеуметтік мәдениетаралық коммуникацияның маңызды бағыттары білім беру, туризм және ғылым болды.

Оқу пәні ретінде мәдениетаралық коммуникация, ең алдымен, мәдени антропологияның жетістігінде және қоғамдағы коммуникациялық процестерді зерттеуде қолданылады. Коммуникацияны зерттеуде ең маңызды үлес қосатын салалар когнитивтік және әлеуметтік психология, әлеуметтану,

когнитивтік лингвистика және тілдер типологиясы болып табылады. Адамға тән әрекеттердің бірі – үздіксіз және шексіз, көп қырлы коммуникация туралы айтсақ, түрлі әдістер бар екені таңқаларлық жағдай емес.

Мәдениетаралық коммуникацияны зерттеу мынадай құбылыстармен және ұғымдармен танысуды қамтиды: коммуникация принциптері, мәдениеттің негізгі функциялары, коммуникацияны түрлі салаларда қабылдауда мәдениеттің әсері, адамның әрекетіне мәдениеттің әсер ететін параметрлері [2, 18 б.].

Мәдениетаралық қарым-қатынаста қатысушылардың коммуникативті құзыреттілігіндегі маңызды мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, бұл ерекшеліктер коммуникативтік оқиғалардың сәтті немесе сәтсіз өтуіне әсер етеді. Коммуникативті құзыреттілік дегеніміз – қарым-қатынас кезінде символдық жүйені және оның қолдану ережелерін сондай ақ коммуникативтік принциптерін білу деген сөз. Мәдениетаралық коммуникация оның қатысушыларының тікелей қарым қатынас жасау барысында аранайы тілдік түрлерді және дискурстық стратегияларды қолдануы арқылы сипатталады [3, 26 б.].

Мәдениетаралық коммуникацияның басынан бастап айқын бағдарланған бағыты болады. Бұл – ғылым ғана емес, сондай – ақ игеруге болатын және игеруге тиіс дағдылар жиынтығы. Ең алдымен, бұл дағдылар кәсіби әрекеттесуге, мәдениетаралық өзара әрекеттесуге байланысты болатын, қателіктер мен қарым қатынас сәтсіздіктері келіссөздер кезінде келіспеушіліктерге әкеп соғатын, ұжымның тиімсіз жұмысына, әлеуметтік шиеленістерге әкелетін адамдар үшін қажет.

Мәдениетаралық бейімділік қолданбалы мәдениетаралық коммуникация саласында орталық түсінік ретінде ерекшеленеді. Заманауи қоғамда сипатталатын айырмашылықтары, белгісіздіктері және өзгерістері маманның кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі болып табылады. Осы мақсатта оқу-ағарту әдебиеттер мен мәдениетаралық дайындықтар іске асырылады. Жапондықтармен, француздармен, орыстармен және т.б. ұлт өкілдерімен қалай саудаласу, оқыту, келісу және жұмыс істеуге арналған нұсқаулықтар, әлеуметтік және кәсіби салаларда басқа мәдениеттің ерекшеліктері жайлы нақты білімді қамтитын оқулықтар жеткілікті.

Мәдениетаралық коммуникация шет тілін оқытуда тек сол тілдің мәдениетін ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениетті қамти отырып



оқытады. Бұл оқу бағдарламасында ана тілін және мәдениетін оқытуға көп көңіл бөлінуі керек дегенді білдіреді. Көп мәдениетті білім әлемдік өркениет жүйесіндегі төл мәдениеттің рөлі мен орнын анықтауға, оның өзара тәуелді әлемнің бір бөлігі екенін түсінуге мүмкіндік береді. Көп мәдениетті білім ғана әлемді түсінуге, өз өзін және басқаларды түсінуге көмектеседі [2, 6].

Біз өмір сүріп жатқан әлем кішірейіп бара жатқандай, ол, шын мәнінде, ғаламдық ауылға яғни, көп тілді және көп мәдениетті ауылға ұқсайды. Және осы ауылда қарым-қатынас тек тілаларлық және мәдениетаралық өзара түсіністікке және өзара әрекеттесуге негізделеді.

Еуропадағы және бүкіл әлемдегі интеграциялық үдерістер, биополярлықтан полиполярлық ынтымақтастыққа және мәдениеттердің диалогтан полилогқа көшуі, жастардың академиялық ұтқырлығы үнемі өсіп келе жатқан ортақ планеталық үйде көршімізді түсінуді ғана емес, сонымен бірге, ең алдымен, өз тілін меңгеруге дайын екендігін талап етеді. ХХІ ғасыр-этникалық, нәсілдік және мәдени кедергілерсіз ынтымақтастықтың ғасыры, өзара түсіністік ғасыры деп үміттенеміз. Бұл кедергілерді жою этносаралық, конфессия аралық және мәдениетаралық қақтығыстардың шешілуіне адамдардың қалауы, ниеті мен қабілетіне байланысты. Бұл әлем халықтарының әлеуметтік-мәдени айырмашылықтарын түсіну мен құрметтеу және мәдениетаралық қарым-қатынастың іргелі принциптерін іс жүзінде жүзеге асыру негізінде ғана мүмкін [4, 15 б.].

Мәдениетаралық қарым-қатынастың қандай екенін түсіну қиын, өйткені оны әркім әртүрлі түсінеді. Кейбіреулер «қарым-қатынас жолын» қарастырады, ал басқалары «мәдениет үлгісін» сипаттайды. Бұл таңқаларлық жағдай емес, өйткені мәдениет - бұл қарым-қатынас.

Қарым-қатынас адамның айтқан сөзі ғана емес, бұл оның жеке тұлға ретінде қолданылатын тәсілі. Адамның мінез-құлқы да қарым-қатынасқа жатады, өйткені адамның іс әрекеті оның сұхбаттас адамына әсер етеді.

Шетел тілдерін оқытуда мәдени компоненттің болуы білім алушының кәсіби шетел тілінің құзыреттілігінің рөлін қайта бағалауды білдіреді. Соңғысы елдің шет тілдік мәдениетін білу

ғана емес, сонымен қатар оның саяси, экономикалық, этникалық және лингвистикалық ерекшеліктерін салыстыру мүмкіндігін береді.

Мәдениетаралық қарым-қатынас термині 1954 жылы американдық мәдениет ғылыми мектебінде пайда болды. Болашақ этносаралық және мәдениетаралық зерттеулерді жасай отырып, бұл мектептің өкілдері Эдвард Т. Холл және Г.Л. Трэгер - «Мәдениет және қарым-қатынас» атты мақаласын жариялады (Trager, Hall 1954), онда олар осы мәселенің ғылыми қолданбалы перспективаларын анықтады [4, 7].

Мәдениетаралық қарым-қатынас және шет тілдерін оқыту екі тығыз байланысты пәндер болып табылады. Шет тілдерін үйрену тек грамматика, сөздік және фонетиканы түсіндіру ғана емес, сондай-ақ шет тілі мәдениетіне ену дегенді білдіреді, әрбір шетел сөзінің артында әлем туралы ұлттық сана жатыр.

Елдің қоғамдық өміріндегі өзгерістер: Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа енуі, білім беру саласындағы іргелі өзгерістері шет тілдеріне деген әртүрлі көзқарастарды тудырды, адамдардың шет тілдерін, әсіресе ағылшын тілін үйренуге қызығушылықтарын арттырды. Бүгінде шет тілі басқа елдерден келген адамдармен нақты қарым-қатынас жасау құралы ретінде қоғамның түрлі салаларында қолдану үшін функционалды түрде қажет.

Студенттер шет тілін шетел мәдениетінің бір бөлігі ретінде үйренуі керек, ол арқылы олар өздерінің мәдени бейхабарлықтарын, түсінбеушіліктерін болдырмайды. Өзінің мәдени тәжірибесі мен құзыреттілігі арқасында студент шет тілі сабағында белгісіз адамдар мен ұлттардың тілін және мәдениетін үйренеді, айырмашылықтарды салыстырады және табады.

Студент тілді үйреніп қана қоймай, тіл арқылы сол елдің мәдениет түсіне бастайды. Сонымен қатар, ол өзінің және шетел мәдениетін салыстыра отырып алға жылжиды. Бұл процесс студенттің тілдік тосқауылдарды жеңуіне, тіларалық және мәдениетаралық кедергілерден өтуіне, өзге елдің мәдениетіндегі таңғажайып және ерекше тұстарын шыдамдылықпен және түсінікпен қабылдауын ықпал етеді. Мәдениетаралық қарым-қатынас өзара әрекеттесу мен өзара қабылдаудың оқу үдерісі болып табылады.

Шет тілін қарым-қатынас құралы ретінде үйрету үшін нақты қарым-қатынас ортасын құру, шет тілін кезінде сабақты өмірмен байланыстару, шет тілін шынайы жағдайларда қолдану қажет. Бұл шетелдік сарапшылардың қатысуымен немесе қатысуынсыз өткізілетін ғылыми талқыламаларды, шетелдік ғылыми әдебиеттер туралы талқыламаларды, шет тілінде дәріс оқуды, студенттердің халықаралық конференцияға қатысуын, аудармашы болып қызмет етуін жатқызуға болады, өйткені аудармашы болып жұмыс істеу оларға шет тілінде ақпаратты түсінуге және жеткізуге мүмкіндік береді. Оқудан тыс сабақ түрлерін дамыту қажет: клубтар, топтар, шет тілдерінде ашық дәрістер, мүдделер үшін ғылыми қоғамдар, түрлі мамандық студенттері жиналуы мүмкін. Сондай ақ, түрлі мамандықтарда оқитын студенттер жиналып сыныптас тыс қарым қатынастарын дамытатын шет тілінде жүргізілетін клубтар, үйірмелер, дәрістер, және ғылыми ұйымдар қажет.

Мәдениетаралық қарым-қатынас – серіктестердің ынтымақтастығына және өзара түсіністікке жетелейтін, серіктестер арасындағы тең байланысты дамытатын күрделі де көп қырлы үдеріс. Тиімді мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайындық бүгінгі күні маманның қажетті кәсіби сапасы болып табылады [2, 65 б.].

Өз кезегінде, тиімді мәдениетаралық қарым-қатынасқа басқалармен өзара түсіністік пен өзара әрекеттесу арқасында жетуге болады. Ең бастысы, қарым- қатынас сараптамасының әртүрлі әдіс тәсілдерінің гуманистік бағыты, түрлі адамдар мен жағдайлардың ерекшеліктері жайлы білуі, тіпті күрделі қарама қайшы қатынастарда өзара түсіністіктің болуы.

Мәдениетаралық қарым-қатынас мәселесін зерттеу барысында мәдениетаралық қарым-қатынас тақырыбының практикалық маңыздылығына ерекше назар аудару керек. Шет тілін меңгеруде үш деңгей қарастырылуы тиіс: ақпараттық, мінездік және эмоционалдық.

Заманауи талаптарға сәйкес, шет тілін оқыту мақсаттары студенттердің тәжірибесіне, қажеттіліктеріне және мүдделеріне сәйкес елтанымдық ақпараттың мәртебесі мен рөлі өзгереді және тілін үйреніп жатқан елдегі өздерінің құрдастарының ұқсас тәжірибесімен салыстырылады.

Тіл ксенофобия мен агрессияны қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Адамдарды ренжіту оңай. Тіпті бір әріптен қате кетсе немесе екпін дұрыс қойылмаса, айтарлықтай мәдени және ұрпақтар қақтығысын тудыруы мүмкін. Мәселен, біздің

ата-аналарымыз КСРО заманында дүниеге келді, ал балалар КСРО тарағаннан кейін дүниеге келді. Тиісінше, олардың әрқайсысының өздерінің өмірлік көзқарастары мен өз ой-пікірлері бар. Одан бері көзқарастар, мақал-мәтелдер өзгерді. Бүгінгі күні жасөсірімдерді ксенофобиядан және агрессиядан арылтуымыз керек. Бұл жұмыс балабақшадан, мектептен бастап жүзеге асырылуы тиіс. Балаларды өмірді жақсы көруге үйретуіміз керек.

Мәдениетаралық қарым-қатынас субъектілеріне әртүрлі адамзат қоғамдарының өкілдері кіреді. Олар осы адамдардың жәнede басқа адамдардың мәдениеті даму барысында құрылған әлеуметтік институттар және адамдар болуы мүмкін. Белгілі бір мәдениеттің қарым қатынас субъектісі ретінде мәдениетаралық өзара әрекеттесудің ерекшеліктері болып табылады.

Мәдениетаралық қарым-қатынас бір-бірінен үйренуді білдіреді, мысалы: швейцарлықтардың стратегиялық және ұйымдастырушылық таланттын, финндердің импровизациялық таланттын, немістердің ұқыптылығын, жапондықтар мен корейлердің сыпайылығын, қырғыз, қазақ пен өзбектердің қонақжайлығын және т.б.

Біз үшінші мыңжылдықта, ХХ-ы ғасырда, мәдениеттану ғасырында, мәдениеттердің шынайы диалогы ғасырында өмір сүріп жатырмыз, ал осы диалогтың тиімді болуы бізге байланысты. «Осы заманда біз қандаймыз!» - деді Т. Трифонов. Мәдениеттер диалогының табысы халықтардың қарым-қатынасына, олардың өмірі мен мәдени-тарихи тәжірибесіне қаншалықты сәйкес келетініне байланысты. Мәдениеттер диалогының табысы, білім беру саласындағы табыстар мен мәдениетаралық қарым-қатынастың қалыптасуы келесі факторларға байланысты: отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті, мектептегі қарым қатынас мәдениеті, университетте, қоғамда және қоршаған ортанының қарым-қатынас мәдениеті. Қоғамның және адамның денсаулығы мен мәдениеті мәдениетаралық қарым-қатынасқа байланысты. Сондықтан заманауи қарым-қатынастың негізі этикет, құрмет, шыдамдылық, денсаулық, танымдық және эмоционалды-эстетикалық принциптер болуы тиіс [2, 26 б.].

Қарым-қатынас мәдениеті белгілі бір этикет ережелерін сақтауды және бірінші кезекте, бейсезімдік тілдесімнің

халықаралық айырмашылықтарды ескеруді талап етеді. Ақпараттың 80 % -дан астамы бейсезімдік тілдесім жолымен анықталды. Кез келген тіл сияқты, әр ұлттың өзінің бейсезімдік тілдесімі болады. Әртүрлі ұлттардың қимыл іс әрекеттері әртүрлі мағына беруі мүмкін. Тіпті киім үлгісі және оның түсі әлемнің әр бөлігінде әр түрлі түсінік беруі мүмкін. Мысалы, орыс халқында ұрлықты және сәтсіздікті білдіретін іс қимыл хорват халқында сәттілікті және ләззат алуды білдіреді. Егер Голландияда сіз сұқ саусағыңызбен самайыңызды көрсетсеңіз ол елдің халқы сізді дұрыс түсінбей қалуы мүмкін. Батыс өркениетті елдерінің көпшілігінде оң және сол қолдың рөлі туралы сұрақ туындайды, олар ешқайсысына да аса мән бере бермейді (егер оң қолмен амандасуды ескермейтін болсақ). Алайда, Таяу Шығыста, мысалы, Үндістан, Индонезия немесе Малайзия сияқты басқа ислам елдерінде, сол қолмен тамақ, ақша және сыйлық ұсынуға болмайды [3, 50 б.].

Аффектілік компоненттің негізгі категориялары – эмпатия мен шыдамдылық. толеранттылық сияқты санаттар. Олар бір-бірімен тығыз байланысты. Эмпатия бұл «басқа адамдың сезімін көзқарасын түсіну үшін, өзін сол адамдардың орнына қойып көру» қабілеті. Бұл қабілетке мәдениеттердегі айырмашылықты және ортақтықты көруге және түсінуге дайындығы дағдысы, басқа өмір салтын түсіну және қабылдау жатады. Өз кезегінде, біреудің өмір салтына, мінез-құлқына, басқа адамдардың әдет-ғұрыптарына, сезімдеріне, нанымына, көзқарасына, идеяларына төзімділік таныту ең басты қабілет болып табылады [3, 22 б.].

Мәдениетаралық қарым-қатынаста байланыс қашықтығы, ымдасу, көз қарас және күлімдеу маңызды рөл ойнайды. Әр түрлі елдерде адамдар бір біріне қарауы, күлімсіреуі әр түрлі. Жапон халқында күлімсіреу әңгіме тақырыбына байланысты емес. Күлімсіреу серіктесіне деген ниетін білдіреді, сондықтан әңгімелесушілер бір бірімен көңілсіз әңгіме айтып жатса да күлімсіреп тұрады.

Әлем әртүрлі және қызықты. Қарым-қатынас үш нысанда көрініс табады: тілдік, практикалық және мәдени. Мысалы, британдықтар мен американдықтар уақытты бағалап, оны бірнеше күн алдын ала санап үйренеді. Британдықтар өздерінің ұқыптылығымен танымал. Түскі асқа он минутқа кешігу әдепсіздік болып саналады. Грецияда, керісінше, тіпті тағайындалған

уақытта түскі асқа уақытында келу әдепсіздік болып саналады, үй иесі сізді ас ішу үшін келді деп ойлап қалуы мүмкін.

Үшінші мыңжылдықтағы әлемнің тұрақтылығы мен әл-ауқаты көбіне жас ұрпақтың төзімділік танытуына, өзге мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерге құрметпен қарауына, бір-бірін түсінуіне және бір-бірімен өзара әрекеттесуіне, әлеуметтік мәдени қақтығыстардың шешу жолдарын табуына байланысты. Сондықтан қоғамымыз көп мәдениетті болып бара жатқандықтан өз кезегінде студенттерде басқа мәдениеттің ерекшелігін түсініп шыдамдылықпен қабылдай білуі қажет. Студент шет тілін үйреніп қана қоймай сол елдің мәдениетін қосарлана оқиды және үйренеді. Мақалада мәдениетаралық коммуникацияның маңызды жағдаяттарын қарастырғанымыз мәлім солардың бірі сөйлеу және сәлемдесу. Әртүрлі елдің сөйлеу және сәлемдесу мәдениеті әртүрлі болғандықтан тіл үйренуші оларды ажырата білу қажеттілігін айту маңызды. Сонымен қатар шет тілін оқыту кезінде үш деңгейлі ұстаным қарастырылады: ақпараттық, мінез құлықты және эмоционалды.

Жоғарыда айтылып кеткендей мәдениетаралық құзырлылықтың аффективтік компоненті әртүрлі лингво-этномәдениет өкілдерінің бір бірімен сөйлесу дағдысы, ниеті және дайындығын, әр түрлі мәдениеттердің ұқсастығы мен айырмашылығын түсінуді, басқа өмір салтын қабылдауды, оларды өз елінің салттарымен салыстыруды, әлемді басқа жағынан танып, сыни тұрғыдан барлығын түсініп, осылайша өз әлемін байыту болжамдайды. Сонымен қатар, олардың әрқайсысы төзімділік (толеранттылық) танытуды қажет етеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Верещагин Е.М. Костомаров В.Г. Язык и культура – М.,1976. - 248 с.
- 2 Куликова Л.В. Межкультурная коммуникация: теоретические и прикладные аспекты. На материале русской и немецкой лингвокультуры: Монография. – Красноярск: РИО КГПУ 2004. - С.7
- 3 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М., 2000. – 142с.
- 4 Buttjes D. Landeskunde-Didaktik und landeskundliches Curriculum// Handbuch Fremdsprachenunterricht, 1989. - S.58

#### Резюме

В данной статье рассмотрены вопросы межкультурной коммуникации: Формирование межкультурной коммуникативной компетенции базируется на определенном содержании обучения иностранному языку в любом типе учебного заведения.

## Resume

Some questions of cross-cultural communication are considered in this article: The formation of an intercultural communicative competence is based on the certain substance of foreign language teaching in any type of educational institution.

**ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ САМООПРЕДЕЛЕНИЕ  
УЧЕНИЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ  
В ПРОЦЕССЕ ТРУДОВОГО ВОСПИТАНИЯ  
(60-Е – НАЧАЛО 90-Х ГГ. XX СТ.)**

**Н.В. СЛЮСАРЕНКО**

доктор педагогических наук, профессор,  
Херсонский государственный университет

**А.Б. ПЫСЛАРЬ**

аспирант кафедры педагогики, психологии и  
образовательного менеджмента имени проф. Е. Петухова,  
Херсонскогый государственный университет  
Украина

**Аннотация**

В статье проанализирован опыт решения проблемы профессионального самоопределения ученической молодежи в процессе трудового воспитания в 60-е – начале 90-х годов XX столетия. Охарактеризованы этапы профессионального самоопределения и периоды профессиональной подготовки. Показано как трудовое воспитание помогает учащимся раскрыть себя, сделать правильный выбор профессии, получить соответствующие навыки.

*Ключевые слова:* ученическая молодежь, трудовое воспитание, профессиональная ориентация, профессиональное самоопределение, этапы профессионального самоопределения, периоды профессиональной подготовки.

Задача формирования молодого пополнения рабочей смены на всех этапах развития общества и во всех странах является первоочередной и не теряет своей актуальности.

Уақыт өзгергенмен, дәл осы яғни өз еркімен, елмен біріге отырып, үлкен істерді тегін атқарып беру дәстүрі әлі күнге қазақта берік орын алып отыр.

Дәл «волонтерлік қызмет» осы күнге дейін ғылыми тұрғыдан бір жүйеге түсірілмей, фрагментарлық сипатта болып келсе де, Қазақстан Республикасының азаматтары еліміздің қайырымдылық көрсетуге және әлеуметтік өмір салаларында өте белсенді дәрежеде көрініп келеді.

Қазіргі уақытта волонтерлік қызмет дамудың жаңа кезеңіне көтерілді деп айтуға болады. Осыған байланысты, елімізде 2016 жылы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Волонтерлік қызмет туралы» Заңы қабылданғаны белгілі. Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар жүйесінде берілген терминдерге (*волонтер, волонтерлер тобы, волонтерлік акция, волонтерлік бағдарлама (жоба), волонтерлік қызмет, волонтерлік ұйым т.б.*) орай, және осы маңызды құжатқа сүйене отырып, мақаламызда «волонтерлік», «волонтерлік қызмет» терминдері алынып отыр [4]. Осы Заңда волонтерлік қызмет ұғымына төмендегідей анықтама беріледі: волонтерлік қызмет дегеніміз жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүдделерінде өтеусіз негізде жүзеге асырылатын, әлеуметтік бағыттағы ерікті, ерік қалауымен орындалатын қоғамдық пайдалы қызмет.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жастар алдында сөйлеген сөзінен кейін [5] волонтерліктің болмысы қазақстандықтар үшін жаңаша сипатқа ие болып келеді. Еліміздің жастары мемлекетіміздің игілігі үшін жасалатын ерікті еңбек әрбір азамат үшін аса қажет және ол еліміздің тұтастай табысты дамуына жетелейтін шарттардың бірі болып саналады.

Өз кезегінде, волонтерлердің осындай құндылық бағдары, олардың іс-әрекеттеріне ықпал етуші маңызды күштердің бірі ретінде, барған сайын зерттеушілердің назарын өзіне аударып келеді. Жеке

тұлғаның қатынас жүйесінің ажырамас бір элементі бола отырып, құндылық бағдарлар волонтердің іс-қылығы мен мінез-құлқын анықтаушы болып табылады.

«Құндылықтар дегеніміз – игіліктер жөніндегі және оларға қол жеткізудің қолайлы тәсілдері жөніндегі топтастырылған түсініктер, осыларға сүйене отырып, адам баласы іс-әрекетінің мақсаттары мен құралдарын саналылықпен таңдай алады» [6, 481-483 б.б.]. Жеке тұлғаның құндылықтары өмірлік стратегияларды қалыптасуының негізі бола отырып, көп жағдайда, кәсіби даму сызығын анықтай алады. Осыған орай, құндылық бағдарлары ретінде адамның санасындағы өзінің өмірлік мақсатына жету стратегиялары және жалпы дүниетанымдық бағдарлар ретіндегі көрініс беретін құндылықтары танылады. Олар әлеуметтік тәжірибе арқылы қалыптасады, кейін олар идеалдарға, сенімдерге, қызығушылықтарға және басқа элементтерге айналып, жеке тұлғаның өзін-өзі ұстауында жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаның құндылықтары нақты волонтерлік қызмет процесінде қалыптасады. «Жеке тұлғаның құндылықтары» дегенге берілген анықтамалар өте көп. Оларды 2 түрге бөліп қарастыруға болады:

- біріншісі - құндылықтар – мақсаттар немесе «термалдық» «базалық» құндылықтар;

- екіншісі - құндылықтар – құралдар немесе «құрал-аспаптық», «оперативтік» құндылықтар.

Егер де волонтерлердің құндылықтары жөнінде айтар болсақ, онда ғалымдардың оларды 4 деңгейге бөліп қарастыратынын да айта кету керек, олар:

- дүниетанымдық;

- жеке тұлғалық;

- топшілік;

- топаралық [7].

Осыларға жеке тоқталып өтейік.

1. Құндылықтардың дүниетанымдық деңгейі. Осы деңгей бойынша бізге еріктіліктің философиясы ашылады. Бұл деңгейдің басты құндылығы – «басқалардың игілігі үшін өмір сүру». Осы қағида бойынша өмір сүруге басқа адамдарды үйретудің ең тамаша тәсілі – жеке басыңмен үлгі көрсету. Осылайша, «игілік» дегеніміз өзінді де дамыту, басқалардың дамуына да қол ұшын беріп көмектесу екенін айқын түсінеміз.

2. Құндылықтардың жеке тұлғалық деңгейі. Бұл тұста біз жауапкершілік, бастамашылдық, өз бетімен орындаушылық, саналылық, атқарылатын іске деген айнымастық және тағы басқа шынайы қасиеттер жөнінде айтып отырмыз. Жауапкершілік – волонтерлік қызмет процесінде қалыптасатын маңызды жеке тұлғалық қасиеттердің бірі. Ол жеке тұлғаның қалыптасуында басты фактор болып табылады. Жауапкершілік адамның өзі әрекеттерін реттеудегі, өзін бақылаудағы және өзін бағалаудағы белгілі бір деңгейдің болуын қалайды. Дәл осы қасиет әлеуметтік тұрғыдан жетілген тұлға мен әлі де жетілмеген тұлғаның арасындағы айырмашылықты танытады. Гуманистік психологияның негізін қалаушылардың бірі А. Маслоудың пікірінше, адамның өзіне жауапкершілік алуы – оның өзін тану мен танытудың жолын алып келетін өзін-өзі ұстаудың маңызды бір тәсілі. Сондықтан да жауапкершілік – жеке тұлғаны қалыптастыратын фактор деп тануға болады. Осылайша, бұл феномен студенттің сындарлы іс-әрекетінің сонымен бірге оның дамуының да бір шарты болып табылады [8].

3. Құндылықтардың топшілік деңгейі. Бұл тұста біз волонтердің командадағы өзара қарым-қатынасы жөнінде және ынтымақтастық, теңдік, сенім туралы сөз қозғай аламыз.

4. Құндылықтардың топаралық деңгейі. Бұл деңгейде біз еріктілердің іс-әрекетін жарқын әрекет ретінде танытатын құндылықты айрықшалауымыз керек. Сол арқылы әр адамның еріктілер қатарына қосылсам деген ниетін туғызу көзделеді.

Шетелдік зерттеушілердің экологиялық құндылықтар туралы еңбектерін танып-білу барысында олардың көпшілігінің адамның табиғатқа деген қатынасын көрсететін құндылықтардың тобын жеке бөліп қарастырмайтынын анықтадық [9, 399-408 бб.; 10, 537-552 бб.; 11, 329-339 бб.].

Яғни экологиялық мінез-құлық жекелеген экологиялық құндылықтар арқылы емес, базалық тірек құндылықтар негізінде реттеледі. Осылайша, экологиялық бағдарлар мен базалық тірек құндылықтарды бір жүйе ретінде қарастыру керектігін түсінеміз. Олар өз кезегінде, адамның өзін қоршаған ортаға қатысты мінез-құлығын бірлесе реттеп отыратынын да бір жүйеде қарастыру арқылы айқын тани аламыз.

Құндылық бағдарлардың деңгейлері туралы жоғарыда баяндалғандар негізінде, біздің тарапымыздан төменде берілген 1-кесте құрастырылды, онда экологиялық волонтерлік қызмет үлгісіндегі жеке тұлғаның даму параметрлері көрсетілді.

Кесте 1 – Экологиялық волонтерлік қызмет процесіндегі жеке тұлғаның даму параметрлері

Жеке тұлғаның құндылық бағдарлары	Адалдық, әдептілік, әділдік, білімділік, тәрбиелілік, ұқыптылық, көзқарас кеңдігі
Жеке тұлғаның қасиеттері, мінез-құлық ерекшеліктері	Жауапкершілік, өзіндік бақылау, мақсаткерлік, ұқыптылық, тілектестік, орындаушылық, өзін-өзі тәртіптеушілік
Таңдаудың саналылығы	Мотивация және іс-әрекет жасауға ықыластылық, альтруизм, қол ұшын созу ниеті

Экологиялық волонтерлік қозғалысты құрудың басты мақсаты жастарда әлеуметтік жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру, оларды табиғатқа өзара көмектесу рухында тәрбиелеу, табиғат ресурстарын тиімсіз пайдалануға төзуге болмайтын сезімін тәрбиелеу. Осындай ұстанымдарға сүйеніп құрылған қоғам, өз кезегінде келесі өскелең ұрпаққа да, сонымен бірге еліміздегі экономикалық және қоғамдық жағдаяттарға да игі ықпалын тигізетін болады.

Рухани-адамгершілік білім беру ортасы, Чернышова Е.Л. пікіріне сай, айқын да нақты құрылған педагогикалық технология болмысында, студенттердің жеке тұлғалық моральдық қасиеттері қалыптасуына мақсатты түрде және бірізділікпен ықпал ете алады. Осымен бірге ол студенттердің қабілеттерін рухани және шығармашылық белсенді болуға қарай бағыттап, олар өз кезегінде білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарамай-ақ, әрқайсысының өзіндік жетілуіне, өзіндік шығармашылығына, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға оң әсерін тигізеді [12, 902-906 б.б.].

Экологиялық білім алу жолын экологиялық ағартушылық деңгейіне көтеру арқылы жастар жоғары оқу орнын бітірген соң, кәсіпорындардың іс-әрекеттеріндегі экологиялық қауіпсіздікке зиян келтіретін жағдайларды болдырмауға немесе алдын алуға, сөйтіп қоғамның тұрақты даму шарттарын сақтауға қатысты әрекетсіздіктермен күресуге қолынан келгенше атсалысады.

Әрбір болашақ маман экологиялық этиканы және экологиялық мәдениетті игеруі тиіс. Біздің жағдайымызда, экологиялық мәнмәтінді ескере отырып, болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке дайындау

мақсаты тұрақты даму үшін және лайықты еңбек үшін жеке тұлғаның әлеуетін дамыту болып табылады. Мұндай мақсатты әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдениетаралық қатынастар жағдайындағы қазақстандық еңбек нарығының негізгі тенденциялары айқын көрсетіп отыр [13, 1735-1742 б.б.].

Осылайша, білім беру саласында жеке тұлға мәселесіне, оның рухани және адамгершілік қасиеттерін дамыту мәселесіне, әлеуметтік белсенділік пен төзімділік мәселелеріне бет бұру қажеттілігі айқындалады.

Волонтердің жеке тұлғасының орнықты дамуы және дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуы – жан-жақтан түрлі нәрселер ықпал етіп жататын күрделі процесс. Өз кезегінде, экологиялық волонтерлік жастар арасында іргелі құндылықтардың, атап айтсақ, мейірімділіктің, әділдіктің, ізгіліктің, елгезектіктің, рақымдылықтың өркендеуіне әсер ететін адамгершілікті функцияны орындай алатын ерекше іс-әрекет түрі бола алады. Осымен бірге, экологиялық волонтерлік іс-әрекет болашақ мамандардың жеке тұлға ретінде өзін-өзі дамытуының қазыналы ресурс көзі болады.

#### Список литературы

- 1 Bulatbayeva K.N., Dlimbetova G.K., Fahrutdinova G.Zh. Cognitive-communicative technology of bilingual education as condition of formation of ecological competence. European proceedings of social and behavioural sciences EpSBS» 2018. - P.185-192.
- 2 Dlimbetova, G., Bulatbayeva, K., Abenova, S., Fahrutdinova, G, Khuziakhmetov, A. Management of Ecologization of Professional Education. Ekoloji 2018. - P.1217-1225.
- 3 Айгубов Л.С., Хаджиалиев Л.И. Волонтерская деятельность как средство формирования социально-экологической культуры студента // Педагогическое образование в России. – Москва, 2016. - С.176
- 4 «Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 42-VI ҚРЗ
- 5 Выступление президента Казахстана Н.А. Назарбаева на торжественной церемонии открытия Года молодежи 23 января 2019 года [http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal\\_political\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/vystuplenie-prezidenta-kazahstana-na-nazarbaeva-na-torzhestvennoi-ceremonii-otkrytiya-goda-molodezhi](http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-kazahstana-na-nazarbaeva-na-torzhestvennoi-ceremonii-otkrytiya-goda-molodezhi)
- 6 Немов Р. С. Психология : учеб. для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М. : ВЛАДОС, 2001.- 640 с.
- 7 Е.Скворцов Содержание ценностей добровольчества 2014 <http://sostudent.ru/?p=577>
- 8 Маслоу А.Г. Дальние пределы человеческой психики / Пер с англ. А.М. Татлыдаевой. СПб.: Изд. Группа «Евразия», 1997. – 430с.
- 9 Jerome, G., Mell, I., Shaw, D. Re-defining the characteristics of environmental volunteering: Creating a typology of community-scale green infrastructure. Environmental Research 2017. - P. 399-408.

10 Measham, T.G., Barnett G.B. Environmental Volunteering: motivations, modes and outcomes. Australian Geographer 2008. - P. 537-552.

11 Randle, M., Dolnicar S The characteristics of potential environmental volunteers: implications for marketing communications. Australasian Journal of Environmental Management 2015. - P. 329-339.

12 Чернышова, Е.Л. Влияние духовно-нравственной обогащенной образовательной среды на сознание студентов. Известия Самарского научного центра Российской академии наук 2015. - С. 902-906.

13 Dlimbetova, G., Zhylbaev, Zh., Syrymbetova, L., Aliyeva, A. Green Skills for Green Economy: Case of The Environmental Education Role in Kazakhstan's Economy. International Journal of Environmental and Science Education 2016. - P. 1735-1742.

#### Резюме

В статье рассматриваются вопросы «экологического» и «глобального» образования. Актуализировано развитие социальной активности молодежи, участие их в волонтерских движениях. Обосновано профессионально-личностное развитие будущих специалистов в волонтерской и эковолонтерской деятельности. Проведен анализ ценностных ориентаций и свойств личности эковолонтеров.

#### Resume

The article deals with the issues of «ecological» and «global» education. Development of social activity of youth, their participation in volunteer movements is actualized. Professional and personal development of future specialists in volunteer and volunteer activities is substantiated. The analysis of value orientations and personality traits of eco-volunteers is carried out.

**АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА АУДИОВИЗУАЛДЫ  
ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ  
МОТИВАЦИЯСЫН КӨТЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Д.Б. АҚЫНОВА**

философия докторы (PhD), доцент м.а.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**У.К. КУДИЯРОВА**

«Шет тілі: екі шетел тілі» мамандығының магистранты

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Аннотация**

Мақалада аудиовизуалды әдістерді қолдану арқылы студенттердің мотивациясын көтеру мәселесі қарастырылған. Бұл мәселені шешу барысында Қазақстанның жоғары оқу орындарында ағылшын тілін үйретудің заманауи әдістері мен тәсілдері жаңа технологияларға негізделген зерттеу жұмыстарын саралау негізінде зерттеу жүргізіліп, мақала жүзінде көрініс тапты.

*Түйін сөздер:* ынталандыру, қызығушылық, технология, аудиовизуалды әдістер.

Мемлекетіміздің «Білім беру туралы» заңында білім ордаларының, соның ішінде жоғары оқу орындарының қызметтерін цифрландыру мен ақпараттандыру, үйретудің жаңа технологияларын қолдану, шетел байланыс тораптарына шығу міндеттері белгіленген [1, 23 б.]. Оларды жүзеге асыру мақсатында әрбір оқытушы өз біліктілігін көтере отырып заманауи жаңалықтар мен өзгерістерді өз оқыту жүйесіне енгізуі қажет, сол арқылы студенттердің мотивациясын, яғни шетел тілін үйреуге деген қызығушылығын арттыру жағын қарастыруы керек. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында қоғамның ақпаратқа, жаңа технологияға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында білім беру саласына, әсіресе жоғары оқу орындарына бірқатар талаптар қойғаны мәлім, солардың қатарында компьютерлік техниканы, интернет жүйесін, телекоммуникация желілерін, электронды құралдарды, мультимедиялық электрондық кітаптарды оқыту үрдістеріне ұтымды енгізу негізінде білім беру сапасын арттыру бар [2, 87 б.].



Осы тұста мемлекетіміздің болашағы деп қарайтын жастарымыздың білімді де парасатты, кем дегенде үш тілді еркін меңгерген азаматтар болып шығуы өте маңызды. Ол үшін жастарымыздың шетел тілін меңгеруге деген ынтасын, қызығушылығын, мотивациясын көтеру қажет. Студенттердің ағылшын тілін үйренуге деген ынтасын, қызығушылығын, мотивациясын қалай көтеру керектігін талдау үшін ең алдымен мотивация, ынталандыру сөздерінің мағыналарын түсіну орынды.

Мотивация ағылшынның motivation сөзінен, оның қазақша мағынасы «ниет», «түрткі», «кірісу», «жігерлену», «ынталану» сөздерін білдіретін қазіргі заманғы мәдениет пен ғылым салаларында барынша кең қолданылатын ұғым. Бұл ұғымды ең бірінші неміс философы А. Шопенгауэр өзінің философиялық шығармасында төрт түрлі негізде қарастырған. Латынша «moveo» сөзі «қозғалу, әрекет ету» мағынасын береді, демек motivation сөзбе сөз мағынада «қозғалту, әрекетке келтіру» мағынасын береді деп қабылдаған жөн. Бүгінгі заманда «мотивация» – психология ғылымы бойынша адамға әрекет ету жоспарын құрғызған, іс бастатқызған, мақсатқа бағыттаған, талпыныс жігерін күшейткен, істі табанды жалғастырып, мақсатқа жетуге құлшындырған ұғым болып есептеледі.

Студенттерді ынталандыру үшін, мотивациялау үшін бірнеше әдіс-тәсілдерді, технологияларды, ақпараттандыру желілерін пайдалану маңызды. Бүгінгі күні шетел тілін, әсіресе ағылшын тілін оқытып, үйретуде бірнеше ақпараттық технологиялар, цифрлық жүйелер енгізілгені белгілі, ал дегенмен оқытушының өз оқыту үрдісіне қандай тәсіл қолдануы, оны тиімді, студентке қызықты етіп пайдалануы ерекше біліктілікті қажет етеді. Күнделікті оқу барысында көрнекі техника құралдарын қолдану әдісін коммуникативті технологияның күшімен атқара алады, ол өз кезегінде тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттігін жетілдіруіне ерекше ықпал ететіні белгілі. Ағылшын тілін үйретудің қандай да бір әдістемесін қолдану бірнеше шарттарға байланысты болып келеді, соның ішінде ағылшын тілін оқытудың алдына қойған мақсатының болуы, оқып-үйренуге бөлінген уақытты тиімді пайдалану, бөлінген сағат санын атап өтуге болады.

Жалпы ынталандырудың яғни мотивациялаудың төмендегідей түрлері бар:

- оқу мазмұнының әртүрлілігі;
- оқушы мен оқытушы байланысының жанды интенсивті болуы;
- оқытушы тұлғасы [3, 446 б.].

Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаев: «Шәкірттерің жақсы оқуы үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», - деп атап айтқан еді [4, 385 б.]. Сол себепті тек қана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана өз мақсатына жетеді. Ағылшын тілі пәнінің оқытушысы студенттердің ағылшын тілін үйренуге деген қызығушылығын арттыру үшін тек қана оқулықты ғана емес, басқа да қосымша материалдарды газет-журналдарды, интернет ресурстарын кеңінен пайдалануы тиіс, көрнекі құралдарды пайдаланып, сабақты дұрыс ұйымдастыра білуі керек. Оқушылардың ағылшын тілі сабағына деген қызығушылығын ояту үшін оқытушы әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданғаны жөн, бірақ бұл әдіс-тәсілдер келесі талаптарға сай болуы тиіс [5, 192 б.].

Біріншіден, әдіс-тәсілдер арқылы өзін-өзі еркін сезінуі үшін жағымды орта жасап, студенттердің қызығушылығын арттыруы керек, тілді тәжірибеде қолдануға деген қажеттілігін тудыруы қажет.

Екіншіден, студентті толығымен оқу процесіне тарту керек, оның эмоциялары, сезімдері оның қажеттіліктерімен байланысты болуы керек.

Үшіншіден, оның тілдік шығармашылық қасиеттерін ынталандыру керек.

Төртіншіден, студенттерді оқу процесінің басты тұлғасы ретінде белсенді етіп, басқа оқушылармен тығыз байланыстыру керек.

Бесіншіден, студентке өз физиологиялық, интеллектуалдық, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты өз бетімен жұмыс істей алуына көмектесу керек.

Алтыншыдан, түрлі жұмыс түрлерін жеке, жұппен, топпен және тағы басқа жұмыс түрлерін қолдану қажет.

Ағылшын тілін оқытуда студенттердің мотивациясын көтеру үшін әртүрлі әдістерді қолдануға болады. Осы әдістердің ішінде аудиовизуалдық әдісті ағылшын тілін оқытуда мотивацияны жоғарылататын тиімді әдістерінің бірі ретінде қарастыруға болады.

Белгілі ресейлік ғалым Н.Д. Гальскованың пайымдауынша, сөйлеудің паралингвистикалық элементтері дыбыстық хабарламада қамтылған ақпараттың 60% дейін жеткізеді [5, 164 б.]. Аудиовизуалды материалдар сөйлеудің акустикалық элементтерін естуге ғана емес, сонымен бірге көрнекі элементтерді байқауға мүмкіндік береді, бұл ақпаратты қабылдауды жеңілдетеді, жақсырақ түсінуге және есте сақтауға ықпал етеді. Сонымен қатар, аудиовизуалды әдісті қолдану арқылы оқыту процесінде тілдік орта пайда болып, сөйлеу қарым-

катынас дағдыларын неғұрлым табысты дамытуға ықпал етеді, тілдік кедергілерді жоюға көмектеседі.

Ақпараттық технологиялар дамыған заманда шетел тілін оқытуда техникалық құралдарды қолдану заман талабы болып саналады. Оқушыларды оқыту мәселелерін сәтті шешу үшін және оларды практикалық іс-әрекетке дайындау үшін тек сабақта техникалық құралдарды қолдану ғана емес, сонымен бірге болашақта оларды қызығушылықпен және көп күш жұмсамай пайдалана алатын студенттерге белгілі бір білімдерді оларды өз бетінше игеру қажет. Аудиовизуалды әдіс тілді үйренуге әртүрлі аудио және видеоматериалдар, слайдтар мен кинофильмдер және т.б. техникалық құралдардың көмегімен сабақта жасанды түрде тілдік ортаға ену арқылы жүзеге асады. Компьютерлер мен интерактивті тақталар сияқты электронды құралдар қазіргі уақытта студенттерді оқыту мен тәрбиелеуде маңызды бола бастады. Бейнематериалды пайдалану студенттердің коммуникативті мәдениетін қалыптастыруда өте тиімді. Бейнематериалдар студенттерге оқып жатқан тілдің тиімді игеруін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар оларды бет-әлпет пен ым-ишарат тілімен, қарым-қатынас стилімен және зерттеліп отырған ел өмірінің шындығымен танысуға мүмкіндік береді.

Аудиовизуалды оқыту құралдары:

1) тіл үйренуге арналған және әдістемелік тұрғыдан өңделген оқыту материалдарынан (көрнекі құралдар) тұратын арнайы оқыту құралдары;

2) басқа пәндер бойынша сабақ оқу үшін әзірленген, алайда тілді үйрену барысындағы оқу материалдары ретінде қолданылатын оқулықтар (көрнекілік құралдар);

3) оқу процесіне енгізілген табиғи бұқаралық коммуникация құралдары бола алады [6, 256 б.].

Аудиовизуалды оқыту құралдары әсерлі, айқын және көру-есту бейнелерінің ақпараттық құндылығының нәтижесінде оқыту сапасын арттырудағы тиімді құрал болып табылады, сондай-ақ бұл құралдар қарым-қатынас жасау және қоршаған ортадағы шындықты тану жағдайларын қалыптастырады. Мұндай сабақтарда көрнекіліктің дидактикалық принципі, жеке оқыту мүмкіндігі және оқушыларды сабаққа жаппай қатыстыру (мысалы, теле және кино фильмдерді көрген кезде, компьютерлік класта жұмыс істеген кезде) сәтті жүзеге асырылады, сабақтың мотивациялық жағы да күшейе түседі. Әдістемеде аудиовизуалды оқыту құралдары (тіл үйрену сабақтарына арналған құралдар) мен техникалық оқыту құралдары (оқыту

құралдарын көрсетуге арналған техникалық құрылғылар) екі түрлі құралдар деп ажыратылған. Аудиовизуалды техникалық оқыту құралдары, олар дыбыстық және көру ақпаратын (теледидар, кинопроектор, фильмоскоп, бейнемагнитофон, компьютер) көрсетуге арналған техникалық құрылғылар, тетіктер. Бұл әдісті қолдану – компакт-диск негізінде аудиовизуалды ақпараттарды қабылдау әдістерінің, тарату тәсілдерінің, өңдеудің, сақтаудың және т.б. жиынтығы болып табылады. Бұл әдіс арқылы компьютер экранында кез келген аудиовизуалдық ақпаратты түрлі формаларда (видеофильм, мәтін, графика, анимация, слайдтар, музыка) беруге мүмкіншілік туады.

Оқушыға шағын білім беру фильм-мәтіні немесе шетел тілінде параллель түсіндірмесі бар слайдтар топтамасы (жазбаша) бірнеше рет ұсынылады. Шетел тілін аудиовизуалды әдіс арқылы оқыту процесінде оқытушы кадрларға түсініктеме береді, тірек сөздерді жазып алады, содан кейін әртүрлі алмастырғыш және трансформациялық жаттығуларда жаңа сөздер мен құрылымдарды оқытуға болады. Оқушылар өздері естіген диалогты ойнайды, оны жаттап алады және соларға ұқсас етіп өздері диалог құрастырады.

Сабақта бейнематериалды қолдану тілді жасанды емес, шынайы ситуацияларға негіздеп контексте көрсетеді. Бұл оның нақты әлеммен байланыстыруына әкеледі және тілді іс-әрекетте көрсетеді. Бейнематериалды қолдану оқытушының арсеналында бар материалдарды байытатын оқыту құралы болып табылады. Бейне, басқалармен қатар, тілді үйренуде тілдік мәдени кедергілерді жеңуге көмектеседі.

Мультимедиа технологиясының негізінде орындалатын білім беру жүйесінің көмегі арқылы компьютер экранында кез келген қажетті ақпаратпен жете танысуға болады. Мұндай кезде бұл жүйені пайдаланушы адамның белгілі бір сюжеттің немесе жағдайдың өзіне керекті бөлігін таңдап алып, көруіне мүмкіншілік тудырады. Мультимедиа технологиясын қолданудың педагогикалық мақсаты ақпаратты эмоционалдық тұрғыдан қабылдаумен байланысты болып келген білім берудің мотивациясының артуымен және ақпаратты өңдеуге байланысты атқарылатын өзіндік жұмыстардың түрлі формаларын қолдана білу қабілетін қалыптастырумен ұштасады. Мультимедиа екінші жағынан, бұл мәтін, графика, дыбыс және видеобейнелерді біріктіретін диалогтік ақпараттық технология болып табылады. Аудиовизуалдық әдістің басқалардан айырмашылығы дәстүрлі мәтіндік және графикалық деректерден басқа, дыбыстық және

музыкалық объектілерді, анимацияланған графиканы, видео үзінділерді қамтуы болып табылады. Оқыту процесінде аудио, видео құралдарды пайдаланып білім берудің әртүрлі аспектілерін дамытуға болады. Атап айтқанда: ақпаратты өндеудің когнитивті аспектілері, оқытудың мотивациялық аспектілері, оқытудың коммуникациялық аспектілері, оқытудың танымдық аспектілері.

Аудиовизуалды әдісті пайдаланып оқыту оқу материалын терең түсінуге, оқу мотивациясының артуына қол жеткізеді. Қазіргі заманғы оқытушы үшін құралдар тек қызықты сабақ беру емес, сонымен қатар осындай сабақтарды құрастыру, білім алушыларды бақылау құралын құрастыру, үлгерімді және оқытудың мәселелік қырларын қарау және зерттеу үшін қажет. Аудиовизуалдық технологияларды қолдану оқу материалдарымен жұмыс істеуді жеңілдетеді және оқытудың жаңа әдістеріне көшуге мүмкіншілік тудырады. Аудиовизуалдық технологияны қолдану әдістемесі сабақтың әр кезеңдерінде білім беру жүйесін басқаруды жетілдіреді, оқу тәсілдерін кеңейтеді, студенттердің ақпараттық мәдениетін жоғарылатуға мүмкіншілік береді, тәрбиелейді және оқыту санасын жақсартады, студенттердің қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар облысында білім алушыларды дайындау деңгейін жоғарылатады. Аудиовизуалдық сабақтар келесі дидактикалық міндеттерді шешуге көмектеседі: пән бойынша базалық білімін бекіту, алынған білімді жүйелеу, өзіндік бақылау дағдыларын қалыптастыру, жалпы білім алуда, сонымен қатар арнайы пәндерді оқуда дәлелдерін қалыптастыру, оқу материалымен жұмыс істеуде студенттердің өзіндік жұмыс жасауына оқу-әдістемелік көмек көрсету. Бұл технология оқу материалдарын хабарлау мен студенттердің ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс.

Студенттердің көпшілігі естігенін 5%, көргенін 20 % есте сақтайтыны белгілі. Ал, бір мезгілде аудио және видеоақпаратты қолдану еске сақтауды 40-50% дейін арттырады [8, 195 б.]. Аудиовизуалдық технологияны қолдану сабақ құрылымын түпкілікті өзгертпейді, себебі бұрынғыдай барлық негізгі кезеңдер сақталады. Аудиовизуалдық технология құрылымды тұтастығы жүйелік, аналитикалық ойлауды дамытады. Одан басқа, аудиовизуалдық әдіс көмегімен танымдық әрекетті ұйымдастыруда әртүрлі формаларды қолдануға болады. Дегенмен де, ағылшын тілі мамандарының алдында проблемалар жоқ емес. Солардың ішінде, ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды енгізуге байланысты материалдық-техникалық

базаның талапқа сай келмеуі және теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруда базалық ортаның аз қамтылуы. Осы проблемаларды шешудің бірден-бір жолы оқу бағдарламасын өзгерту, әдістерді жетілдіру. Ағылшын тілін оқыту әдістемесі әрдайым толықтыруды, дамытылуы тиіс.

Қорытындылай келе, аудиовизуалдық әдісті қолдану барысында студенттердің ағылшын тіліне деген қызығушылығының артатынына көз жеткізуге болады. Аудиовизуалды құралдарды тиімді, ұтымды пайдалану үшін оқытушы бұл мәселеге байыппен келіп, ізденімпаздық қабілетін танытуы қажет. Ал тіл үйренушілерді қызықтыру және мотивациялау жағынан келгенде бұл таптырмас құралдардың бірі екені сөзсіз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, – Астана, 2019 ж.

2 Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, 5 қазан, 2018 жыл. <http://www.akorda.kz/>

3 Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий. – Москва, 2009. – 446 с.

4 Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы, 2012. – 385 б.

5 Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам [Текст]: пособие для учителей / Н.Д. Гальскова. - 2-е изд., перераб. и доп. – М.: АРКТИ, 2013. – 192 с.

6 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. – Алматы: Мектеп, 2002. – 256 б.

7 «Көптілді білім беру және шетел тілдері филологиясы» сериясы, – Алматы, Хабаршы, 2016 ж. – 3 б.

8 Әдіскер анықтамалығы. – Астана, 2016. – 195 б.

#### Резюме

В статье рассмотрены роль и значение аудиовизуальной технологии в изучении английского языка и использование аудиовизуальных методов, повышающих интерес студентов к изучению английского языка.

#### Resume

The role and the meaning of audio-visual methods in teaching English are considered in the article. Using audio-visual methods raises students' interest in studying English.

**UDC 378.147:811.111**

**A FOREIGN LANGUAGE TEACHER'S PROFESSIONAL  
TRAINING IN HIGHER EDUCATION**

**Sh.S. RAKHMETOVA**

PhD student

Kokshetau state university named after Sh. Ualikhanov

**Annotation**

This article is devoted to the study of the concept of professional competence. Particularly, the formation of the professional competence of a foreign language teacher in the universities of the Republic of Kazakhstan was considered, since in Kazakhstan there is the formation of a new education system. There are significant changes in the pedagogical process, a change in the educational system. Studies devoted to this issue show that in order to form a foreign language teacher's professional competence it is necessary to introduce modern teaching methods.

*Key words:* professional competence, competence-based approach, professional training, foreign language, teaching methods, educational system, professional education, modern approaches, model, educational process.

The First President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev at the Eurasian Forum of Emerging Markets «Kazakhstan on accession to the 30 most developed countries of the world» stated that «Education is the main tool for building the knowledge-based economy and should focus on the new quality of the education system at all levels. Therefore, it is necessary to introduce modern teaching methods and use information and communication technologies» [1].

Now a new education system is being formed in Kazakhstan, focused on the world educational space accession. After this process significant changes are carried out in the pedagogical theory and practice of the educational process, the educational paradigm is being changed: a varying content of education is proposed, new pedagogical technologies, modern approaches, concepts, and ideas are emerging.

By joining the Bologna Declaration in 2010 Kazakhstan became a recognized and full member of the European Higher Education Area.

The aim of Kazakhstan's participation in the Bologna process is expanding access to the European education; further its quality is

improving, as well as increasing students' mobility and teaching staff by adopting a comparable system of higher education levels, using a credit system, issuing graduates of Kazakhstani universities of the European Diploma Supplement.

The globalization process has a huge influence on all human activities, generating a system of new requirements for a person in general and a specialist with a higher education.

The ability to sort out freely in many complex social, scientific, technical, economic and political problems, the ability to solve them in a timely, creative, and completely new, fundamental position is the basic requirement of our specialist today.

Vocational education, which includes professional skills, also belongs to professional competence. According to E.I. Passov, there are eight professional skills. These skills include professional communicative skills (proficiency in professional terminologies, conducting a lesson in a foreign language), the ability of the lesson analysis, the selection of practical and theoretical material to update the content of training, considering the students' age and individual characteristics, the evaluation of education and methodological complex, methodological materials for their compliance with curricula and individual characteristics of the group of students. These skills are called analytical skills. Information skills are the skills and abilities to work with printed sources, the ability to study information, interpret and adapt it to the tasks of training and education, clearly expound the educational material, briefly formulate questions, apply technical means of training. Abilities to organize joint creative activities with students, provide a favorable atmosphere of communication, distribute attention and maintain its stability, choose the most appropriate way and manner of behavior towards students are the skills of pedagogical communication. Skills of regulating your mental state, mastering the technique of intonation are called the skills of the pedagogical technique. Applied skills are artistic and musical [2, p. 45].

The competence-based approach involves training of specialists who have in their professional arsenal a set of specific skills and abilities, and not vague concepts about the studied subject. The problem is that the standards and the evaluation system of results are not focused on the specific long-term effects of training; the aims do not always correspond to the planned results. All this is explained by the fact that curricula have not been fully selected and revised, technologies have been tested, the material and technical base have not been prepared for the implementation of the educational result model. The principle of professional expediency, the



observance of which contributes to the achievement of the aims of higher professional education for the training of highly qualified, competitive specialists, should act as a backbone factor in the transformation of all structural components of vocational education. This principle allows you to vary the content of training, its focus, methods and forms, as well as predict learning outcomes [3, p. 207].

In the Message of the First President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev [1] to the people of Kazakhstan, in the second section “Improvement of the quality of life”, the fourth paragraph refers to the teacher’s status. A foreign language teacher’s task is a significant reform of teachers’ professional training, updating the content and technology of linguistic education, improving the quality of higher education. In order to carry out their professional activities effectively, a foreign language teacher must not only master a foreign language perfectly, but also possess it.

The term «professional competence» is defined by belonging to a profession and to professional knowledge, skills, productivity and social experience, and the very process of forming professional competences is based on combining general professional and special disciplines (I.A. Zimnyaya, 2003; V.M. Rostovtsev, 2009; A.V. Khutorskiy, 2003). In this connection, it is necessary to consider the possibilities of its formation in the process of studying general education and social and humanitarian disciplines, particularly, the academic discipline «Foreign Language» [4, p. 25].

The education system of the Republic of Kazakhstan focused on the competence-based approach is expressed in the field of foreign language teaching, as the formation of intercultural competence is an indicator of a person’s ability to participate effectively in foreign language communication at the intercultural level.

One of the main elements of the system of vocational education of specialists at all levels, including educational institutions of higher professional education, is teaching a foreign language. A competitive specialist on the labor market is a person who speaks a foreign language in the professional sphere [5, p. 7].

Professional competence should be considered as a general, integrated and internal ability to ensure sustainable effective productivity, including problem solving, the realization of innovations in a particular professional area.

Peculiar topicality is the problem of future specialists’ professional training in the conditions of higher education. A foreign language teacher’s professional training is one of such problems. The concept of foreign

language education of the Republic of Kazakhstan notes the need to improve this training. Methodical studies mainly relate to methods of teaching foreign languages in higher educational institutions.

Increased interest in the ways of forming a language personality in the process of learning languages is observed in research on the theory and methodology of teaching foreign languages. This direction is considered to be a fundamentally new approach to teaching language cycle disciplines [6, p. 55].

Thereby, the content and technology of education of the university are aimed at defining and forming a set of special knowledge, skills and experience. And according to the new educational standard it is a set of general cultural, key, general professional and professional competences. Mastering these competences characterizes generally the future specialist's competence.

On the basis of this educational standard, an educational program of a specialty is being formed, which is compiled by universities of the Republic of Kazakhstan. The educational program is a single set of basic characteristics of education, which includes aims, results, and content of education, organization of the educational process, techniques, and methods for their realization, criteria for evaluating learning outcomes.

The purpose of the educational program of the specialty «Foreign language: two foreign languages» is to prepare a modern teacher who has broad fundamental knowledge, knows how to work in a team, has the necessary competences in the field of future professional activity [7, p. 15].

The model of North Kazakhstan State University named after M. Kozybayev and Kokshetau State University named after Sh. Ualikhanov graduate, and the results of his/her study of the educational program (in accordance with the Dublin descriptors of the first level) are determined by these competences.

As a result, graduates of the specialty «Foreign language: two foreign languages» have the ability to demonstrate knowledge, including elements of the most advanced in this field, and understanding in the field of foreign language education, to apply them professionally in practice.

In the objective need to improve the domestic system of teaching foreign languages, the University developed “Level Model of Foreign Language Education” that meets the requirements of the 21st century. This model, determining the exact number of levels and their meaningful aspect for each type of the educational institution, ensures the realization of the principles of continuity and the progressive development of the quality of teaching a foreign language. It combines the main content of the domestic

system of teaching a foreign language and the international-standard mechanism for controlling teaching a foreign languages for each level. The transition to the level of organization of the educational process can significantly improve the quality of teaching foreign languages. The level model of teaching foreign languages as a dynamic structure for the realization of the general program of the education reform in Kazakhstan represents a real action on the path of Kazakhstan's accession to the world educational space [8].

The integrity of the subsystem of foreign languages is ensured by a unified methodological platform, a unified regulatory, material and technical base, as well as the introduction of a unified mechanism for monitoring and assessing competence in the field of foreign languages. The main aim of teaching a foreign language is the formation of a secondary linguistic personality that is ready and capable of intercultural communication in a foreign language. And it is achieved by introducing a hierarchical system of aims and objectives of individual levels that ensure continuity in the formation of the whole complex of foreign language competences, as well as achieving specific quality indicators training in accordance with the requirements of international standards [9, p. 25].

One of the most important technologies of teaching a foreign language is multilevel education. The multilevel education means the organization of the educational process, in which each student, depending on his individual abilities, has the opportunity to master the educational material in a foreign language at a different level. At the same time, the criterion for assessment a student's activity is that his/her efforts are aimed at mastering this material, on its creative application.

The educational program at the university is planned, developed and implemented on the basis of competence-based and modular approaches, a credit technology of study and programs for the level of teaching foreign languages based on CEFR, the international standard for teaching languages.

The principles of the educational program are the flexibility of this program considering changing social realities and spheres of production, branches of the economy and the level of science, the interdisciplinary and integrated nature of the educational program, orientation towards innovation [10, p. 15].

Thus, practice shows that training in state universities is conducted according to the specifics of a foreign language teacher's professional activity, when he/she is obliged to solve vocational, educational, research and design tasks, the tasks on the effective construction of a foreign

language teaching process. Also important aspects are the sum of the formed professional competences and the students' formation of an adequate modern picture of the world. And in turn it should be based on the ability of intercultural communication, taking into account acquired qualities. Since the pedagogical specialty requires the availability of professional knowledge, as well as professional skills and abilities of the teaching activity, in the process of teaching disciplines of subject preparation at the university, the formation of a foreign language teacher's professional competence is a priority. In this regard, educational programs are drawn up. And they are aimed at the formation of general cultural, key, general professional and as a result, professional competences.

#### Literature

1 The report by the Head of the State N.A. Nazarbayev at the Eurasian Forum of Emerging Markets "Kazakhstan on accession to 30 most developed countries of the world". 10.09.2013.

2 Passov Ye.I. Program concept of communicative foreign language education. «The development of individuality in the dialogue of cultures» M.: Prosveshcheniye, 2000. -134 p.

3 Trubitsina O. I. Methods of teaching foreign language: a textbook and practical work for academic undergraduate. – M.: Publishing house Yurait, 2016. – 384 p. – Series: Bachelor. Academic course.

4 Serebryakovskaya T.B. Formation of future foreign language teachers' professional competence. Textbook. Orsk. 2014. -124 p.

5 The Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan. 05.10.2018.

6 Kunanbayeva S.S. Competenct modeling of professional foreign language education. S.S. Kunanbayeva's monograph. Almaty, 2014. – 208 p.

7 Mulder M. European Vocational Education and Training. Wilson, J.P. (Ed). Human Resource Development: Learning, Education and Training 3rd Edition. Kogan Page, London, 2012. - 175 p.

8 The Order No. 566 of the Acting Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, 22 November, 2007. On approval of the Rules for the organization of the educational process on the credit technology of education.

9 Tambovkina T.Yu. Future foreign language teachers' development of professional autonomy with using the project method // Foreign languages at school. – 2000. - №5. – P. 88.

10 Zimnyaya I. A. Key competences - a new paradigm of the result of education. // Higher education today. – 2003. – № 5. – P. 90.

#### Түйін

Бұл мақала кәсіби құзыреттілік тұжырымдамасын зерттеуге арналған, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында шет тілі мұғалімін кәсіби даярлау мәселесі қарастырылды.

## Резюме

Данная статья посвящена исследованию понятия профессиональная компетенция, в частности рассмотрен вопрос профессиональной подготовки учителя иностранного языка в вузах Республики Казахстан.

ӘОЖ 811.512.122.0

**ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ УАҚЫТ  
МЕЖЕСІНІҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ**

**М.К. АХМЕТОВА**

филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Аннотация**

Мақалада уақыт межесін айқындайтын лексика-семантикалық, грамматикалық бірліктерге, көркемдік тәсілдерге талдау жасалып, қазақ ертегілеріндегі экологиялық, ситуациялық, тарихи, грамматикалық уақыттың берілу жолдары, олардың контекстік мағынасы қарастырылды. Нәтижесінде ертегілердегі көркем уақытқа тән бірнеше сипаттар айқындалды. Мақала ҚР БҒМ тарапынан қаржыландырылатын ЖТН АР05134026 «Қазақ фольклорын тілдік-жанрлық тұрғыдан зерттеу» ғылыми жобасы аясында орындалды.

*Түйін сөздер:* ертегі, көркем мәтін, көркем уақыт, бұрынғы өткен шақ, фольклорлық уақыт.

Мәтінде баяндалатын оқиға белгілі бір кеңістікте, белгілі бір уақытта өрбиді. Кеңістік қоршаған орта, табиғат, заттар дүниесі арқылы, ал уақыт түрлі оқиғалардың дамуымен, олардың ізбе-із орындалуымен байланысты көрініс табады. Уақыт – мәтіннің денотативті кеңістігін түзуге қатысатын міндетті атрибуттардың бірі. Мәтіндегі уақытты екі тұрғыда қарастыруға болады. Біріншісі – мәтінде баяндалған жағдайдың қай кезеңге сәйкес келетіні. Ол нақтылы шынайы бір кезеңмен сәйкес келуі де, сәйкес келмеуі де мүмкін. Мәселен, тарихи шығармалар тарихи оқиғалармен байланысты нақты бір кезеңмен байланысты болса, фантастикалық туындылар шынайы емес, бірақ өткен не болашақтағы беймәлім бір мезгілге қатысты оқиғаларды баяндаумен ерекшеленеді. Ертегідегі уақыт нақты емес, көркем қиялдан туындаған фольклорлық не фантастикалық

уақыт межесіне сәйкес келеді. Екіншіден, уақытты нақты бір мәтіндегі оқиғаның қай кезде орындалғанын не жүзеге асатынын көрсетіп, мәтіннің семантикалық құрылымын дамытуға қатысатын категория ретінде тануға болады. Мәтіндегі уақыттың екі жақты сипаты бір-бірімен тығыз байланысты. Шығармадағы жекелеген оқиғалар өрбитін мезгілдік өрім тұтаса келе, жалпы мәтіндегі уақыттан хабар береді.

Қаламгер-зерттеуші А. Сейдімбектің қазақтың таным-түсінігі, көшпелі өмір салты тұрғысынан уақыт пен кеңістікке қатысты айтқан этномәдени пайымдауының осы категорияны айқындауда өзіндік орны бар. А. Сейдімбек көшпелі қазақ халқының уақыт пен кеңістік туралы таным-түсінігі екі түрлі меже, біріншісі – мифтік уақыт пен кеңістік, екіншісі – нақтылы уақыт пен кеңістік арқылы өлшенетінін атап өтеді. Зерттеушінің: «Осынау екі түрлі меженің сыртында уақыт пен кеңістікке қатысты фольклорлық меженің де болатынын да айта кету керек. Алайда мифтік меже мен нақтылы меже халық санасында әлеуметтенген қасиетімен ерекшеленсе, фольклорлық меже өмір шындығынан тыс тұрады. ... уақыт пен кеңістік туралы фольклорлық межені «әдеби» қиялдың ғана жемісі деуге болады. Яғни, фольклорлық шығармалардағы «алты күнде жүріп, алпыс күнде атқа мініп, алты айшылық жолды алты-ақ аттап өтетін» кейіпкерлердің өзіне ғана тән уақыт пен кеңістік межесі бар», - деген пікірінен ертегілердегі уақыт пен кеңістіктің өзіндік ерекшелігі болатыны және фантастикалық сипатты иеленетіні ұғынылады. Ал «есте жоқ ескі заманда», «ерте-ерте ертеде», «баяғыда», «бұрынғы өткен заманда» т.б. тілдік бірліктер қолданысы дүние-тіршіліктің алғашқы жаратылысы туралы таным-түсінікпен байланысты қарастырылып, мифтік межеге жатқызылады [1, 196 б.].

А. Сейдімбек қазақтың нақтылы уақыт туралы дәстүрлі таным-түсінігін төртке топтастырады. Атап айтсақ, біріншісі – экологиялық уақыт, екіншісі – генеологиялық уақыт, үшіншісі – ситуациялық уақыт, төртіншісі – тарихи уақыт. Академик Ә. Қайдар қаламгердің этнопайымдауларын басшылыққа ала отырып, этнолингвистикалық сөздікте экологиялық, ситуациялық, тарихи уақытты білдіретін тілдік бірліктерді мағыналық жағынан саралап, этимологиялық, лексика-семантикалық түсіндірмесін береді [2, 136-195 б.].

Уақыттың семантикалық құрылымы мезгіл, мерзім ұғымына қатысты лексикалық бірліктер, етістіктің шақ категориясы, сөйлемнің грамматикалық құрылымы арқылы айқындалады. Ертегілердегі уақыт мифтік, қиял-ғажайыптық, фантастикалық сипатымен ерекшеленетіндіктен, осы категорияны құрайтын тілдік бірліктердің

мәтінде қолданылуында өзгешеліктері бар. Мәселен, ертегі есте жоқ ескі заманда болған жайттарды баяндағандықтан, өткен шақ грамматикалық категориясының мәтін түзудегі қызметі артады. Соның ішінде өте ертеде жүзеге асқан әрекеттерді мазмұндауда ертегі мәтіндерінде бұрынғы өткен шақ жасайтын көсемшенің *-ып, -іп, -п;* есімшенің *-ған, -ген, -қан, -кен* жұрнақтары белсенді қолданылады. Мысалы: *Сонан түлкі жолбарысқа ілесіп жолға шығыпты. Олар жүре-жүре біржыныс орманға келіпті. Орман үшін сүзіп шықса да, оларға бірде-бір жабайы сиыр кезікпепті. Сонан олар тағы да біраз жол жүріпті. Олар жүре-жүре бір өзенге жетіпті* (БС, Түлкінің өлімі. 73-т., 136 б.). *Ерте заманда Абдол деген бір кедей болыпты, кәсібі етікшілік екен* (БС, Жетім Қаппас. 76-т., 204б.). *Ертеде қазақ намазды, намаз оқуды білмейді екен. Тек намаз деген болады деп есітеді екен, соны үйренсек деп, аңыз қылысады екен* (БС, Намаз. 77-т., 190 б.).

Көркем мәтіндегі уақыт категориясын зерттеген И. Гальперин пайымдауынша, шақ түрлерінің мәтінде атқаратын қызметтері әртүрлі. «Өткен шақ келер шаққа қарағанда, қабылдаушыға жақынырақ әрі түсініктірек... Мәтінді тудырушы көркем бейнелілік арқылы өткенді бүгінгідей әңгімелейді. Қабылдаушы орын алған оқиғаларға куә болады және оларды бақылай да алады» [3, 92 б.]. Соның нәтижесінде өткен шақ арқылы ертекті қиялдан туындаған оқиғаны нанымды, сенімді түрде жеткізеді.

Лексика-семантикалық деңгейде экологиялық уақыт жыл мезгілдеріне, маусымдық табиғат құбылыстарына, тәулік кезеңдеріне қатысты ұғым-түсініктерді қамтиды. Ертегілерде осылардың ішінде жыл мезгілдері атаулары мәтіннің уақыт кеңістігін түзуде сирек жұмсалады. Ертегіде баяндалатын оқиға жыл мезгілдерімен байланыстырылмайды. Себебі ол мәтіндегі оқиғаның дамуына ешбір әсерін тигізбейді. Ертегінің баяндау қабаты негізінен әңгімелеуге құрылғандықтан, шиеленіскен оқиғалардың, сюжеттердің бірін-бірі алмастыруы басты орынға шығады. Жыл мезгілдерін, оларға тән белгілерді жазба көркем әдебиеттегідей сипаттайтын тұстар кездеспейді. Ертекті баяндаушы үшін де, қабылдаушы үшін де оқиғаның қандай жыл мезгілінде жүзеге асқаны маңызды емес, оқиғаның қалай өрбіп дамитыны және немен аяқталатыны өзекті. Бұл – ауызша таралатын ертегілердің жанрлық сипатымен байланысты ерекшелік. Ауызша қабылданатын мәтінде уақытты тежейтін, сюжетті дамытпайтын сипаттаудан гөрі, белгілі бір уақыт аралығында өрбіп, дамытын оқиғалардың сөз болғаны ұтымды. Сондықтан маусым



атаулары ертегі мәтінінде ішінара кездеседі. Мысалы: *Жаздың шілде ыстық күні екен* (БС, Аққоян. 74-т., 355 б.).

Ертегі құрылымында жыл мезгілдеріне қатысты атаулар уақыттың циклдік сипатын беруде көрініс табады. Мысалы: *Жаз кетсе – қыс келіп, қыс кетсе – жаз келіп* (БС, Қарамерген, 74-т., 9 б.). Бұл сөйлемде уақыттың нақтылығы айқын емес, себебі неше жаз неше қыс ауысқаны айтылмайды, бірақ өте көп уақыттың, бірнеше жылдың өткенінен хабар береді. Контексте *жаз* бен *қыс*, *кету* және *келу* сөздерінің ертекті тарапынан антонимдік оппозицияда қайталанып жұмсалуды мәтінге ерекше экспрессия үстейді. Осы мысал, біріншіден, табиғат заңына сәйкес жыл мезгілдерінің үнемі ауысып келуінен, циклдік сипатынан хабар береді, екіншіден, уақыттың зымырап, тоқтаусыз өтіп жатқанын аңғартады, үшіншіден, белгісіз, бірақ та ұзақ мерзімнің өткенін білдіреді.

Немесе: *Бір күндерде баяғы мерген мылтығын алып, “Қысы-жазы ел бармайтұғын, адам тұрмайтұғын бір алыс жерге барайын!” – деп жүріп кетіпті* (БС, Қарамерген, 74-т., 9б.). Бұл сөйлемде екі маусым атауы *қысы-жазы* түрінде қосарланып келіп, *ешқашан* деген мағынаны беру үшін қолданылған. Осы контексте де уақыттың айналмалы қасиетіне ерекше мән берілген. Келесі: *“Бұл гауһар шамның жарығы күндіз-түні бірдей жарық болып, жапырақтарының арасындағы жемістері көрінеді”, - деген* (БС, Жаңа мизандаран. 74-т., 358б.) мысалда тәулік атаулары да қосарланып келіп, уақыттың циклдік сипатын білдіреді және іс-әрекет, оқиғаның үзіліссіз, үздіксіз, үнемі жүзеге асатынынан (*шамның сөнбей, үнемі жанып тұруынан*) хабар береді.

«Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі (жыл басы)» ертегісінде тауықтың тіршіліктегі негізгі қызметін, басқа жан-жануарлардан артықшылығын сипаттап, ашып көрсетуде экологиялық уақыт атаулары ұтымды қолданылады. Мысалы: *Тауық айтты: «Мен болмасам, кісі ерте тұрып жұмысына бармай ұйықтап қалар еді. Мен таңертең тұрып шақырып, хабар айтамын «таң атты» деп. Көп отырса, «жұмысыңнан қаларсың жатар уақыт болды» деп, түн ортасында шақырамын, кеш болса, тағы шақырамын, «мезгіл болды» деп», - дейді* (БС, Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі. 73-т., 50б.). Бұл контексте нақты уақыт туралы хабар берілген.

Ертегілердегі ғажайып оқиғалар, жаңа іс-әрекеттер не *таңда* (*таң ата*), не *күн батқанда*, *түнде* (*түн ішінде*) жүзеге асып отырады. Осы уақыт межесі адамзат танымында құпияға толы, ішіне бүккен сыры мол мезгіл ретінде бағаланады. Ертегілерде осы уақытта неше

түрлі сикырға толы іс-әрекеттер, кейіпкерді сынайтындай не қаһармандардың ерекшелігін айқындайтындай оқиғалар орын алады. Мысалы: *Аққоян биені күзетіп, түнде биені қолынан аман-есен құлындаатады* (БС, Аққоян. 74-т., 352 б). *Күннің батысы-ақ мұң екен, екеуі бұлкілдеп ауыл сыртына келді* (БС, Екі қарақшының бас қосуы. 77-т., 2016.). *Содан біраз қайыра жатып, таң атқанша көзі ілініп кетеді* (БС, Молданың тобасы. 77-т., 193 б.).

Ертегі мәтіндерінде белгілі бір оқиғамен, жүзеге асқан іс-әрекет ыңғайымен сабақтасып келетін ситуациялық уақыт көріністері мол. Ертегіде бұл уақыт межесін білдіруге төмендегі грамматикалық формалар қатысады:

- есімше тұлғалы етістік мезгілдік ұғымды білдіретін *уақытта, уағында кезде, шақта* сөздерімен, *соң* шылауымен тіркесе жұмсалып, оқиғаның қай уақытта жүзеге асқанын айқындап тұрады. Мысалы: *Жігіт ақ тұлпар мен айна алған соң, оған қосып көк домалақ тасты тағы қосып береді* (БС, Хан мен жігіт. 74-т., 336 б). *Кемпір жігіт аңға кеткен кезде, әйелімен келіп әңгімелесіп, өзінің бар өмірін айтып, зар илеп іші-бауырына кіріп кетеді* (БС, Хан мен жігіт. 74-т., 337 б).

-*ған, -ген, -қан, -кен* есімше тұлғалы етістікке - *да, - де* жатыс септігі жалғанып келіп, бір мезгілдік өрімде жүзеге асып жатқан бірнеше әрекетті білдіруге қатысады. Мысалы: *Құлынды көріп, ауыздандырып, анадай жерге барып отырғанда, аспаннан бір қара бұлт түйіліп келіп, құлынды сыпырып ала жөнеледі* (БС, Аққоян. 74-т., 352 б). *Бұл қанжармен итеріп жатқанда, Аққоян қолының үстінен жұдырықпен қойып кеп жібереді* (БС, Аққоян. 74-т., 353 б). Жатыс септік тұлғасы көлемдік, мекендік мағынамен қатар мезгілдік мағынаны үстеуге қатысатын грамматикалық форма болғандықтан, оның ситуациялық уақытты берудегі әлеуеті зор.

-*кен+нен* жатыс септік тұлғалы есімше мен *кейін* шылауы тіркесіп келіп, бір оқиға аяқталған мерзімнен соң жүзеге асқан іс-әрекетті білдіруге қатысады. Мысалы: *Екі жолаушы далдаға түскеннен кейін, сандықты аиша, ішінен айдаһар шығады* (БС, Хан мен жігіт. 74-т., 336 б).

- *а, -е, -й, -ып, -іп* көсемше тұлғалы етістіктер. Мысалы: “*Ол қалыңдық іздеп, ел аралап келе жатып, сандық теңдеген екі кісіге кез болады*” (БС, Хан мен жігіт. 74-т., 335 б) деген сөйлемде *ізбе-із, мезгілдес* орындалған әрекет сөз болып отыр. Келесі мысалда себеп-салдар мағынасымен қоса, уақыттан да хабар беріледі: *Ал көкектің “керек, керек” деп қақсай-қақсай, даусы қарлығып, тілі сақау болды* (БС, Сауысқан мен көкек. 73-т., 51 б).

- *ғалы, -гелі, -қалы, -келі* көсемше тұлғалы етістік белгілі бір оқиғаға, қалыптасқан жағдайға дейінгі уақытты білдіруге қатысады. Мысалы: *Қарамерген тұлғалы мұндай шөптің неше түрлі болып бірге өскенін көрген жоқ екен* (БС, Қарамерген. 74-т., 9 б.).

- белгілі бір уақыт аралығында кеңістіктегі орын ауыстыруды білдіретін *кел, жүр, бар* секілді т.б. етістіктер *-са, -се* шартты рай тұлғасында келіп, жағдаяттық уақытты білдіруге қатысады. Мысалы: *Еліне келсе, шешесі әбден қартайған, малы құрыған, үйінде жан дегенде бір ит, бір мысық қалыпты* (БС, Хан мен жігіт. 74-т., 336 б.).

Ертегілерде экологиялық уақыт пен ситуациялық уақыт қабаттаса жұмсалып, іс-әрекет орындалған мезгілді нақтылап тұрады. Мысалы: *Таңертең ел қайта жиналып келген кезде, от әбден сөніп біткеннен кейін, жігіт ұшып түрегеледі ...* (БС, Хан мен жігіт. 74-т., 338 б.).

Тарихи уақыт межесі күнтізбелік есеп, жыл қайыру, мүшел есебі арқылы беріледі. *Күн, түн, тәулік, апта, ай, тоқсан, жыл, мүшел, гасыр, заман, дәуір* – аталған уақыт межесін көрсететін лексикалық бірліктер. Ертегі мәтіндерінде осы лексикалық бірліктерді сан есім, есімдіктер анықтай отырып, мезгілді, оның ұзақтығын нақтылайды. Мысалы: *Бұлар үш жылға уәде қылып, үш жылға дейін отыз адам әлгі ағаштарды бақты* (БС, Жаңа мизандаран. 74-т., 358 б.). *Осы күнге шейін бар екен. Әлбетте, анық бұл күнде бақшада адам және маймыл, неше түрлі жануарлар ауқат қылып жүреді екен* (БС, Жаңа мизандаран. 74-т., 358 б.).

Ертегі мәтіндерінің бастауында дәстүрлі түрде қолданылатын *бұрынғы өткен заманда; өткен заманда; ерте заманда* тілдік қолданыстары бізге беймәлім өте ерте кезеңдерге нұсқайды. Сонымен қатар осы баяғы заманда қандай оқиғаның орын алғанын білуге оқырманның назарын аудартады. Мысалы: *Өткен заманда Әбділхамит деген патшаның уақытында бір адам екінші бір адамнан жер сатып алыпты* (БС, Жаңа мизандаран. 74-т., 356 б.). *Бұрынғы, өткен, ерте* сөздерінің мағынасы ертегіде айтылатын жайттардың ежелде орын алғанынан хабар береді. Осы сөйлемдегі *Әбділхамит* деген есім қолданылғанымен де, тарихи шындыққа сәйкес келмей, ойдан шығарылған патша есімі болғандықтан, уақыттың белгісіз сипаты сақталады.

*Бір күндерде* тіркесінде белгісіздік мағына басым. Әйтеуір, күндердің бір күні деген ұғымды қамтиды. *Бір күндерде мен бір күні, күндердің күні болғанда* тіркестерінің білдіретін мезгілдік ұғымы барабар. Бұл тілдік бірліктер мәтіндегі уақыт континуумының үзіліссіз дамуына, мәтіннің алдыңғы, кейінгі бөліктерін байланыстыруда және

қандай да болмасын жаңа бір оқиғаны ертегі сюжетіне ендіруде ерекше қызмет атқарады. Сөйтіп, қабылдаушыны жаңа ақпаратты қабылдауға дайындайды, оның мәтін мазмұнын қызыға, ден қойып тыңдауына прагматикалық тұрғыда ықпал етеді. Мәселен, *Күндердің күні болғанда бір екі қолы жоқ шолақ кісі бір киікті қуып келе жатыр екен* (БС, Аққоян. 74-т., 354 б.). *Қой, сиыр, жылқы, түйе төртеуі бір күні жайылып отырып кеңеседі* (БС, Төрт түлік малдың кеңесі. 73-т., 50 б.).

Ертегілерде неше сұрау есімдігі күн лексемасымен тіркесіп келіп, сұраулық мәнінен ажырап, белгісіздік және көптік мағыналық реңктерді үстейді. Мысалы: *Неше күн жол жүріп, бір үлкен тауға келіпті* (БС, Қарамерген. 74-т., 9 б.). Белгілі бір орынға кейіпкердің қанша күнде жеткені беймәлім, ал бірнеше күннің өткені контекст арқылы айқындалады. Сонымен бірге көптік ұғымды білдіруге қосарлана жұмсалған сан есімдер қатысады. Бұл уақыт аралығында ертегі мазмұнына сәйкес не жағымды, не жағымсыз жағдайлар орын алады. Мысалы: *Жеті-сегіз күнде болдырған арық аты семіріп, құр ат болыпты* (БС, Қарамерген. 74-т., 9 б.). *Осы мекенде табандаған бес күн жатты, алтыншы күні қатты жаңбыр жауып, естері шығып, қайда паналарға жер таба алмады, өте қиын болды, күн бір күн, бір түн жауды. ... Екі күн, екі түн аш отырды* (БС, Екі қарақшының бас қосуы. 77-т., 199 б.).

Фольклорлық шығармаларда “отыз күн ойын, қырық күн тойын” тіркесі – дәстүрлі түрде жиі жұмсалатын тілдік құрылым. *Отыз, қырық* сан есімдері уақыт межесінің көрсеткіші – күн зат есіммен тіркесе келіп, нақты саннан гөрі, уақыттың ұзақтығын білдіру үшін жұмсалады. Осы құрылым ертегілерде өте ұзаққа созылған қуанышты сәтті әсірелеп, бейнелеуде тұрақты түрде қолданылады. Мысалы: *Бүкіл ел Аққоянның аман-есен келгендігіне отыз күн ойын, қырық күн тойын істепті* (БС, Аққоян. 74-т., 356 б.).

*Күн сайын, күнде* сөздері ертегідегі белгілі бір оқиғаның қайталануын, қарқынды түрде, еселеніп, өте жылдам жүзеге асқанын бейнелейді. Мысалы: *Айдаһар елінен келген жігіт күн сайын байып, қорасына қой салып, үйірімен жылқы айдап, желісімен сиыр сауа бастайды* (БС, Хан мен жігіт. 74-т., 336-б.). *Бірақ күн сайын құлындаса да, күнде жоғала беретін болған* (БС, Аққоян. 74-т., 352-б.).

Ертегі мәтінге жаңа ақпаратты енгізу барысында *ертең, ертеңіне* секілді лексикалық бірліктерді ұтымды қолданады. Мысалы: *Әлгі жігіт көп іздеп ештеңе таппай, енді ертең қайтам деп ойлаған күні бір қараша үйдің әйеліне айнаны салса, маңдайының нұры бар екен* (БС, Хан мен жігіт. 74-т., 336 б.). *Мұның ертеңіне екі ағасы*

үйлерін жығып, барлық малын айдап, Аққоянға бір қос қылып беріп, тамағына жылқы сойып беріп, жалғыз тастап, өздері көз көрмес, құлақ естімес бір жаққа көшіп кете барады (БС, Аққоян. 74-т., 354 б.).

«Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі (Жыл басы)» атты жан-жануарлар туралы этиологиялық ертегі бастауында тарихи уақыт межесіне қатысты *мүшел*, *жыл* есебі туралы ақпарат қамтылады. Хайуанаттармен байланысты жыл аттары және олардың реттілігі де сақталып, қабылдаушыға шынайы мәлімет беріледі. Бұл – ертектің кейін баяндалатын оқиға туралы адресат түсінігін қалыптастыру мақсатында ұсынған мәтіннің проспекциялық бөлігі. Осы ертегіде тышқанның қалай жыл басы атанғаны сөз етіледі. Мысалы: *Қазақтың есептерінде жылдан үлкен мүшел дегендер бар. Мүшел – он екі жыл болады. Сол жылдардың аттары әр хайуанның аттарына ұқсайды. Мысалы: Әуелі жыл мүшелде – тышқан, екінші – сиыр, онан соң – барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой мешін, тауық, ит һәм доңыз. Сол жылдарды білетін қазақтарға кісінің қай жылда туғанын айтса, адамның жасын тауып береді* (БС, Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі (Жыл басы). 73-т., 49 б.). Осы мысалдағы *адамның жасы* тіркесі де – уақыттық межені білдіруге қатысатын тілдік бірлік.

Сан есімдер *жыл (бойы)* сөзімен тіркесіп келіп, ертегідегі кейбір оқиғалар мен іс-әрекеттердің қанша уақытқа созылғанын нақтылап беруде қолданылады. Мысалы: *Сен менен қашушы болма, он жыл бойы мен осы шорыннан (түрмеден) шыға алмап едім* (БС, Хан мен жігіт. 74-т., 336 б.). Әрине, ертегідегі мезгіл фантастикалық уақытқа сәйкес келгендіктен, ертегі кейіпкерлері (адамзат, ғаламзат), мысалдағыдай, *айдаһар* секілді сандықтың, құмыраның т.б. ішінде он жылдап жата береді. Бұл ертектің кейіпкердің жарық дүниесіз ұзақ уақыт қиналыста, қапаста өмір сүргенін қабылдаушысына нанымды жеткізуге көмектеседі. Кейіпкердің бірнеше жыл бойы қапаста жатуы тыңдаушының эмоциясына әсер етіп, оған деген аяушылық сезімін тудырады. Ертектің көздеген мақсаты да осы – қабылдаушысының сезіміне эстетикалық тұрғыда ықпал ету.

*Ай, айлық* сөздері ертегілерде *ұзақ* не *өте ұзақ уақыт* ұғымын білдіру үшін қолданылады. Бір айдың ішінде 30-31 күн бар екені қабылдаушыға белгілі болғанымен де, *ай, айлық* сөзінің белгісіздік мәнде жұмсалғаны *неше* сұрау есімдігімен тіркесуі нәтижесінде, контексте айқындала түседі. Мысалы: *Міне, мен, сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айлық алыс жолдарға барамын* (БС, Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі (Жыл басы). 73-т., 49 б.). Сөйлемдегі *неше*

*айлық жол* тіркесі түйенің бір емес, бірнеше ай бойы ұзақ жолда жүретінін аңғартады. Демек, ертегілерде мезгілдік ұғымды, уақытты білдіретін атаулардың алдынан сұрау, белгісіздік есімдіктері, сан есімдер, қолданылып, іс-әрекет, оқиғаның ұзақ уақыт бойы жүзеге асқанын білдіреді.

Ертегінің тілдік құрылымындағы *лезде, әп-сәтте, көзді ашып жұмғанша* секілді т.б. лексемалар мен фразеологизмдер кимылдың алуан түрлі жолмен жасалғанын суреттеп көрсетумен қатар, әрекеттің өте қысқа мерзімде жүзеге асқанын бағамдауға мүмкіндік береді. Мысалы: *Мен лезде қызғыш құстан әңгі есекке айналдым да кеттім...әп-сәтте сары төбет болдым да шықтым* (БС, Гүл-Санобар. 74-т., 65 б). *Тас оның айтқанын мақұл көріп, көзді ашып-жұмғанша бай баласын барша хайуандарымен қалаған жеріне жеткізді* (БС, Сиқырлы тас. 74-т., 71 б). Ал өте ұзақ уақытқа (бірнеше жылға) созылған іс-әрекетті білдіру үшін ертегілерде литота көркемдік тәсілі дәстүрлі түрде қолданылады. Ұзақ уақыт ұғымы астарлы түрде жеткізіледі. Мысалы: *Сонан кейін Аққоян жүре-жүре келе жатса, арада бірнеше уақыт өтіп, темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалады* (БС, Аққоян. 74-т., 353 б). Осы көркемдік тәсіл хабарды қабылдаушының қызығушылығын оятып, оқиғаның қаншама ұзақ уақыттан кейін жүзеге асқанын ойша тұспалдауға мүмкіндік беріп, ертегі мәтінінің эстетикалық, коммуникативтік-прагматикалық қызметін арттыра түседі.

Тұтастай алғанда, ертегілер бұрынғы өткен шақта, тым ертеде, беймәлім кезде, белгісіз бір жерлерде болған оқиғаны баяндауға құрылады. Ертегі мәтіндеріндегі уақыт категориясы нақтылы уақыттан тыс жатқан кезеңді, яғни мифологиялық, фантастикалық көркем уақытты баяндаумен ерекшеленеді. Осымен байланысты ертегідегі уақыт категориясының бірнеше сипаттарын саралауға болады:

1) Ертегілер өткен шақта, тым ертеде болған оқиғаны баяндауға құрылады.

2) Ертегілердегі уақыт беймәлім бір кездерді, белгісіз бір мерзімдерді қамтиды.

3) Ертегілердегі уақыт тым жылдам, көзді ашып-жұмғанша өте шығады.

4) Ертегілердегі уақыт тым ұзақ, бірнеше айларды не жылдарды қамтып, ерекше созылықылығымен, сондай-ақ шексіздігімен сипатталады.

5) Ертегілердегі уақыт, бірде кейіпкерлердің өмірдің келесі сатысына тез өтуін, енді бірде кейіпкерлердің бір кезеңде мәңгілікке

тұрақтап қалуын бейнелеумен ерекшеленеді (мыстанның үнемі кәрі кемпір бейнесінде берілуі).

6) Ертегідегі уақыттың кері қайтымдылық сипаты бар.

Демек, ертегідегі көркем уақыт ойдан шығарылған әлемнің құрамдас бөлігі бола отырып, өзінің көптүрлілігімен, бейнелілігімен ерекшеленеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.

2 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Т. 3: Табиғат. – Алматы: Сардар баспа үйі, 2013. – 608 б.

3 Гальперин И. Текст как объект лингвистического исследования. – Москва: Наука, 1981. – 139 с.

#### Пайдаланылған көркем шығармалар

1 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2011. Т. 73: Хайуанаттар туралы ертегілер. – 432 б.

2 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2011. Т. 74: Қиял-ғажайып ертегілер. – 432 б.

3 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2011. Т. 76: Новеллалық ертегілер. – 432 б.

4 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2011. Т. 77: Сатиралық ертегілер. – 400 б.

#### Резюме

В статье анализируются лексико-семантические, грамматические единицы, образные выражения, определяющие время и рассматриваются репрезентации экологического, ситуационного, исторического, грамматического времени в казахских сказках и их контекстуальное значение.

#### Resume

The author of the article analyzes the lexical-semantic, grammatical units and figurative expressions which define the time frame and examines the representations of ecological, situational, historical and grammatical time, and their contextual meaning in Kazakh fairy tales.

## СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ КӘСІБИ ТІЛДІК БІЛІКТІЛІКТІ МЕҢГЕРУ МЕН ДАМУЫ

**Б.С. АБДУОВА**

филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Ұ. О. АСАНОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

### **Аннотация**

Мақалада жоғары оқу орындарында орыс тілді топтарда жүргізілетін кәсіби қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері мен тілді үйренудегі басшылыққа алар құзыреттіктер қарастырылады. Қазақ тілінен мамандыққа қатысты коммуникативтік – өзекті терминологиялық бірліктерді таңдап алу және арнайы терминологиялық сөздіктер жасау арқылы сөйлеу мәдениетіндегі кәсіби дағдыны дамытуға болатындығы осы мақалада талданады.

*Түйін сөздер:* сөйлеу мәдениеті, кәсіби тілдік дағды, кәсіби бағыттағы терминология, оқыту талаптары, заманауи әдістер, сөйлеу шеберлігі.

Мемлекеттік тілдің еліміздегі қолданыс аясының барынша қанат жайып, өрістеуіне көптеген мүмкіншіліктер берілгендігі белгілі. Дегенмен сөйлеу мәдениетіндегі кәсіби тілдік шеберлік орысша оқып білім алғандардың ғана емес, қазақ тілінде мектеп бітірген түлектердің өзіне де оңай бола бермейді. Оның себебі түрлі кәсіп иелерінің сөздік қорына, терминология мен жаңа сөздерді мамандыққа қатысты дұрыс қолдана білу дағдыларына байланысты. Бұл кәсіби қызметтің әртүрлі салаларына қатысты мамандар дайындауда өте өзекті қажеттілікке айналып отыр. Кәсіби тілдік тұлғаны қазіргі бәсекелестік жағдайына қарай дайындаудың артықшылығы көп. Қазіргі заманғы білім беру сипатының даму бағыттарына сәйкес еңбек нарығында кәсіби тілдік құзыреттілікке ие мамандар жоғары сұранысқа ие болып отыр. Бұл Қазақстан Республикасы білім жүйесіндегі кәсіби тілдік бағытта оқытуға үлкен мән беру қажеттігін көрсетеді және тілдерді оқыту әдістерінің заманауи дидактикалық негіздерін қалыптастыруды көздейді. Осы мәселе бойынша әлемдік және қазақстандық ғылыми



зерттеулерде тіл мен ой байланысының жүйелілігі мен құрылымдығы, сөйлеу қызметінің табиғаты, оны түсіну мен меңгеру үрдісін дамыту керектігі айтылады. Белгілі шетелдік лингвист ғалымдар А.Е. Карлинский, С.Г. Тер-Минасова, А.А. Залевскаялар тілдік тұлға қалыптасуы үшін көп тілді меңгерудің оң әсері болатынын айтса, студенттердің көптілдік компетенциясының қалыптасуы жайында Г.И. Богин, Е.И. Голованова [1, 268 б.] өз зерттеулерінде жан-жақты тоқталады. Шет тілін оқытудағы заманауи әдістер жайында сөз қозғай келе ғалым Н.В. Евдокимова [2, 53-58 бб.] салыстырмалы талдаулардың көмегіне сүйену қажеттігін ескертеді. Бұл зерттеулердің бәрінде де кәсіби құзыреттілік жеке, дербес тілдік әрекеттік қадам ретінде қарастырылған.

Қазақстандық лингводидактикада тілдерді оқытудың жаңа технологияларын енгізу бойынша жұмыстар тәжірибесі С.С. Кұнанбаеваның, Л.К. Жаналинаның, Г.Б. Жұмабекованың зерттеу жұмыстарында жинақталған [3, 5 б.]. Бірақ оқыту үдерісінде білім алушылардың ғылыми-әдістемелік оқулықтармен тиісті деңгейде қамтамасыз етілмегендігінен, сонымен бірге кейбір оқытушылардың педагогикалық тәжірибесі мен лингвомәдениетанымдық ізденістері аздығынан немесе студенттердің кәсіби қазақ тіліне деген қызығушылығы төмен болуына да байланысты осы бағыттағы жетістіктер көңіл толтыратын деңгейде емес. Қазақ тіл білімінде өзіндік орны бар ғалым, көптеген әдістемелік еңбектердің авторы Ф.Ш. Оразбаева білім алушылардың кәсіби тілдік сауаттылығы мәтіндермен тиянақты жұмыс жасауының арқасында жақсы дамытынын ғылыми тұрғыда талдай отырып түсіндіреді [4, 48 б.].

Еңбек нарығындағы тіл білімінің жаңғыруы жағдайында ең бір міндетті мәселелердің бірі қызметтердің әр саласы үшін кәсіби бейінді тілдік мамандарды дайындау болып отыр. Осы мәселелерді зерттеп, әдістемесін жетілдіру мақсатында негізгі құжаттар ретінде елбасының 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: ғаламдық бәсекелестік» Жолдауы, «Қазақстан-2015» Стратегиясы, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық дамуы мемлекеттік бағдарламасы (ИИДМБ) алынған, онда Қазақстанның бірнеше секторларында жоғары санатты мамандарды дайындау мәселесіне басты маңыз берілген. Үкімет бекіткен бағдарламаларды іске асыру аясында еліміздің жоғары оқу орындарында техникалық мамандықтар бойынша бакалавриат пен магистратурада оқуға мемлекет бөлетін

гранттардың саны жыл сайын артып келеді. Бұл кәсіби бағытталған мамандардың жаңа лингвоәдістемелік моделін жасау арқылы еліміздегі әлеуметтік-экономикалық кеңістікте де, халықаралық кеңістікте де болашақта кәсіби қызмет үшін баклавриат деңгейінде мамандар дайындау процестерінің жетілдірілуіне көмектеседі. Қазіргі заманғы оқытудың рационалдық жолдарын, құралдарды, стратегияларды, әдістерді анықтау және оқу-әдістемелік нұсқаулықтарды, оқу құралдарын, сөздіктерді жасау өзектілігін еш жоғалтпақ емес. Курстан сабақ беретін оқытушыға бұндай әдістемелік құралдар көп көмек бере алады, сонымен қатар кәсіби сөйлеу қызметі саласында әр құрылымға қатысты тілдерді енді үйреніп жатқан студенттерге де қажет. Бұндай оқулықтар мен әдістемелік құралдар (оқу құралдары, сөздіктер, әдістемелік нұсқаулықтар) қазіргі оқытып жүрген әдістемелер мен технологияларды модернизациялап, оқу үдерісіне оқу құралын енгізе отырып, оны ел аумағындағы жоғары оқу орындарында қолдануға жол ашар еді. Кәсіби тілдік дағдыны қалыптастыратын оқу құралдары, сол салаға қатысты зерттеулер әлеуметтік-экономикалық сипаттағы өзекті мәселелерді жаңа қырынан көруге мүмкіндік береді және әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңаша кезеңіне өтуге қатысты әрекеттерді үйлестіреді. Жаңа оқу құралдары мен білімді ұсыну технологиялары заманауи кәсіби тілдік білім берудегі әдістемелік қолданыстардың маңыздылығына айтарлықтай әсер етіп, оның жаңа деңгейге өтуін жылдамдатады.

Жоғары оқу орындарында білім алушы жастардың мемлекеттік тілді кәсіби бағытта оқып-үйренудегі танымдық белсенділігін арттыру – қазақ тілінің өрісін ұлғайтары анық. Соған байланысты қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, тілді оқытудың қажетті компоненттеріне жататын көркем шығармалар, жобалау әдістері, жағдаяттық тапсырмалар, аудармалар секілді интерактивті формаларды сабақта үйлесімді қолданудың берері мол. Тіл біліктілігі тек қазақша сөйлеуден ғана көрініс табатын дағды емес, қай салада жұмыс істесе де, сол кәсіпке қатысты сөздік қолданыстарды мейлінше дұрыс пайдалануды талап ететін үрдіс. Сондықтан да барлық мұғалімдер студенттердің нақты мұқтаждықтарын, мотивациясын және қабілеттерін ескере отырып, өз жұмысын кәсіби білікті деңгейде құруы тиіс. Мысал ретінде туризм саласына қатысты біраз сөздер мен сөз тіркестерін алайық. «Қазақстанның туризмдік әлеуеті» деген тақырып берілсін делік. Студенттерге нені айтқызуымыз керек? Алдымен «еліміздегі туризмнің дамуы», «қолайлы геосаяси жағдай», «Батыс пен Шығыс аралығындағы ерекше өлке», «тарихи-мәдени мұралар»,

«туристік-рекреациялық аймақтар», «табиғи ландшафтар», «халықаралық туристік және коммерциялық ағымдар», т.б. кәсіби бағдарлы сөздер мен сөздік оралымдарды меңгертуге күш салу қажет. Бұл дайын тілдік құрылымдарды меңгеріп барып, тұтас танымды-тақырыптық мәтін дайындауға болады. Тіркестердің келесі кезегінде саяси салаға қатысты тілдік оралымдарды да жаттатып, сөздік қорындағы айналыста болуына жіті назар аударғанмыз жөн. Оларға: *саяси тұрақтылық, демократиялық қайта құру, экономикалық реформаның өтуі, инвестициялық ахуалдың тұрақтылығы мен ашықтығы; Қазақстанның көп мәдениеттілігі, мәдениет ошақтары, жануарлар дүниесінің ерекшелігі, экзотикалық тур, бос еңбек ресурстарының болуы, маркетинг стратегиясы, іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру* деген секілді көптеген тіркестерді келтіруге болады. Осындай қажетті сөздер мен тіркестерді мейлінше көбейте отырып, өз саласының кәсіби бағдарлы терминдеріне бейімдей оқыту жақсы нәтиже береді.

Кәсіби бағдарлы тілді оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану дегеніміз жаңа техникалық құралдарды ғана емес, оқытудың жаңа формалары мен әдістерін оқу үрдісіне енгізуден көрінеді. Оқытушының негізгі міндеті – тілді іс жүзінде дұрыс меңгеруіне жағдай жасау, әрбір студенттің өз іс-әрекетін және шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік беретін оқыту әдістерін таңдауы, сондай-ақ кәсіби қазақ тілін меңгеру барысында студенттік танымдық белсенділікті жандандыру.

Заманауи технологиялар оқыту іс-шараларын жетілдіруге және студенттердің өзіндік жұмыс мәдениетін дамытуға бағытталған бірқатар педагогикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Инновациялық технологияларды қолдану қажеттілігі сонымен қатар оқыту барысында зерттелетін және өңделетін ақпарат көлемінің үнемі ұлғаюына байланысты. Кәсіби қазақ тілін оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың негізгі артықшылығы – ақпараттарды аудио-визуалды әдістерге, сондай-ақ дәстүрлі ауызша әдістерге бейімдей білу. Жаңа білім стандарттарына сәйкес, студенттер өздік жұмысқа көп көңіл бөлуі тиіс. Бұл өз кезегінде тұлғаның кәсіби бағдарлы тілін қалыптастыруға, білімі мен біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік жасайды. Атап айтқанда, ғаламтордағы белсенді әрекеттер және онлайн қоғамдастық студенттер мен қажетті танымдық ақпараттарға делдал ретінде қызмет ете алады. Бұндай шаралар дәстүрлі емес жұмыс әдісінің әлдеқайда әлеуетті екендігін танытады.

«Дәстүрлі» деген ұғым, ең алдымен, ережелерді есте сақтау және тілдік жаттығуларды орындау, басқаша айтқанда «тілде сөйлесудің орнына тіл туралы сөйлесуге» байланысты. Көптеген оқытушылар оқытудың негізі болып есептелетін лексикалық қорлар мен грамматикалық құрылымдардың ережесін меңгеру дұрыс деп санайды. Алайда мұндай қадам әрқашан жетістікке апара бермейді, себебі кез келген қарым-қатынаста мотивацияны қажет ететін эмоциялық компонент назардан тыс қалып қояды. Кәсіби қазақ тілінде сөйлесуді үйрету үшін салалық мәтіндерді меңгерту, әдеби тіл нормасын ескеру, материалды зерттеу, тиісті мінез-құлықты дамытатын нақты жағдаяттар жасау керек.

Өмірде адам белгілі бір жағдаятта қандай сөздер мен сөйлемдер қолданады, ал кәсіби ортада ол сөздердің үлесі қаншалықты, қай тұста нені жеткілікті айта алмай қалады, ол жайында көп ойланбайды. Сондай-ақ, кәсіби тілдік білімді, дағдыларды және қабілеттерді пайдалануда көбі мұқияттылық танытпайтыны да белгілі. Мемлекеттік тілде дұрыс сөйлей алмауын оқулықтардың аздығынан, тілдік ортасы жоқтығынан, қазақ тілінің қиын екендігінен көретін азаматтар аз емес. Сондықтан қалыптасқан осындай жағдайды болашақта қайталанбау үшін студенттерді жоғары оқу орындарында барынша мәдени, кәсіби, құзыреттілік тілдік қарым-қатынас процесіне қатысуға дайындау керек. Бұл коммуникативтік оқытудың мәнін анықтайды, оқу үдерісіндегі байланыс үлгісі болып табылады.

Интернет-ресурстар мен мультимедиялық әдістерді пайдалану арқылы кәсіби қазақ тілін оқытуға қойылатын талаптардың бірі аудиторияда өзара сөйлесу, бірін-бірі дамыту әрекетті деуге болады. Бұл қағида жаңа емес, бірақ әлі күнге дейін өз ұтымдылығын жоғалтпаған әдіс. «Ғалымдар интерактивті коммуникативті мақсат қоя отырып сөйлесу білім алушыларды біріктіру, үйлестіру және тілді лексикамен толықтыруға жетелейтінін айтады» [5, 19 б.]. Анықтамаға сай, виртуалды кеңістіктегі интерактивті көзқарас сабақтың коммуникативтік мақсаттарына жетудің бір құралы болып табылады деп қорытынды жасауға болады. Бұл қарым-қатынастың қағидаты бойынша шынайы ынтымақтастық болады, онда басты назар – коммуникативтік дағдылар мен топтық жұмысты дамытуға бағытталады. Интерактивтілік дегенді қазақ тілін үйреніп жүрген студенттің «мүмкіндігінше өз ойын жеткізуге талпынуы, өзгелердің ой-пікірлеріне үйлесімді түрде жауап беруі, өз сезімдерін жеткізуі, тұжырымын түзетіп, қажет жағдайда қайта құру мүмкіндігі» [6, 48 б.] деп түсінгеніміз абзал.

Интерактивті тренинг барысында студенттер сыни тұрғыдан ойлауға, жағдайды және тиісті ақпаратты талдауға, балама пікірлерді зерделеуге, ойластырылған шешімдер қабылдауға және талқылауға қатысуға негізделген күрделі мәселелерді шешуге үйренеді.

Кәсіби қазақ тілі сабағында ең ұтымды тәсілдерге «Аяқталмаған ұсыныс», «Ассоциациялар», «Пресс-конференция» секілді ойын түрлерін жатқызуға болады. Мысалы жас маман туралы тақырып берілді делік. Сабақ барысында студенттерді топқа бөліп алып, әрқайсысына өз ассоциациялар қатарын ұсынамыз. Олар әлеуметтік жағдайларды көтеру, тұрғын үй мәселесін шешу, жұмыстағы қиындықтар мен қызықтар, басшы мен қызметкер арасындағы іскери қатынас секілді көптеген жағдаяттарды өздері ойластырып, айта білуі керек. Бұл тұста «тіл тосқауылын» жеңуге көмектесетін ойын технологиясына көңіл бөлгеніміз абзал. Лексикалық қор, грамматикалық, фонетикалық жазу, шығармашылық ойындар, әндерді пайдалану, өлеңдерді де киноын тауып кіріктіру кәсіби қазақ тілін қызықты және сауатты меңгеруге көмектеседі. Мысалы, *жүйке жүйесі, тума қасиет, ортаны қабылдау, дүниені тану, тұйықталу, жұрттың назарын аудару, жаны жомарт, өмірге құштар, салқынқанды, мұқият, ұшып-қонып тұру, күйгелек, шамданғыш, ұялшақ, қыңыр, жайбасар, қисық адам, бей-жай қарау, жалғыздықты сүю* секілді сөздер мен сөз тіркесі берілді делік. Бұл қай сала маманына тән сөздер екендігін студенттер табуы тиіс. Ол үшін алдымен олар осы сөздердің мағынасын білуге ұмтылады. Екінші қадам ретінде бұлармен сөйлем құруы тиіс. Үшінші қадам кезінде бір белгілі тұлғаға тілдік сипаттама бергізген дұрыс болады. Осындай әрекеттер білім алушыларды бірте-бірте кәсіби сөйлеуге жетелейді.

Оқытуды жаңаша ұйымдастыра отырып, кәсіби қазақ тіліне қатысты біліктілік пен дағдыны жетілдіру өзін-өзі білімдендіру және білімді шығармашылықпен меңгеру деңгейін көтеруге бағытталуы қажет. Тұлғаны дамытуға бағытталған қазіргі заманғы білім беру жүйесі тек мемлекеттің ғана қажеттіліктеріне емес, тұлғаны білім, әлеуметтік-мәдени және рухани қажеттіліктеріне де бейімдейді. Қазақ тілін кәсіби тілдік құзыреттілікке бейімдей оқытудағы жаңашылдықтың талабы жоғары болуымен қатар, бағалау өлшемдері де әділ, шынайы болса, тілді жетік меңгерген, ұлттық асыл қасиеттерді бойына сіңірген, тіл мәдениетін дамытатын талғамы биік жастар көбейері сөзсіз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Голованова Е.И. Профессиональная языковая личность: специфика профессиональных процессов в сфере теории и практики // *Nonmultum, sedmulta: Немного о многом. У когнитивных истоков современной терминологии: сб. науч. тр. в честь В.Ф. Новодрановой.* – М.: Авторская академия, 2010. – 278 с.

2 Евдокимова Н.В. Концепция формирования многоязычной компетенции студентов неязыковых специальностей. – Ростов-на-Дону, 2011. – 342 с.

3 Жаналина Л.К. Языковая картина мира. // Жаналина Л.К., Килевая Л.Т., Касымова Р.Т., Маймакова А.Д., Абаева М.К. Язык современной науки: Языковой портрет. Учимся искусству научной речи. / под ред. Жаналиной Л.К. – Алматы, 2010. – 211 с.

4 Оразбаева Ф. Ш. Социально-гуманитарное пространство вуза как фактор ормирования готовности будущих учителей к успешной профессиональной деятельности // *Almamater – Вестник высшей школы.* – 2014. – № 6. – С. 48-53

5 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. 2-е издание, доработанное. – М.: Изд-во МГУ, 2004. – 352с.

6 Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері (монография) – Астана, 2008. – 157 б.

#### Резюме

В статье рассматриваются компетенции и особенности изучения профессионального казахского языка в русскоязычных группах высших учебных заведений.

#### Resume

The authors of the article consider the competences and peculiarities of studying the professional Kazakh language in Russian-speaking groups of higher educational institutions.

### Ш. АЙТМАТОВТЫҢ «ҚЫЗЫЛ АЛМА» ӘНГІМЕСІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ

**Л.Н. ДӘУРЕНБЕКОВА**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Еуразия гуманитарлық институты

**Б.С. САРБАСОВ**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

#### **Аннотация**

Мақалада З. Қабдоловтың Ш. Айтматовтың «Қызыл алма» әңгімесін аударудағы қолданған әдіс-тәсілдері қарастырылады. Сондай-ақ, «Қызыл алма» әңгімесінің жазылу тарихына да назар аударылады. З. Қабдоловтың жазушылық пен әдебиеттанушылық шеберлігі ұштасып келіп, әңгіменің тілі шұрайлы, оқиғасы шымыр, оқырманға көркемдік-эстетикалық тұрғыда әсерлі берілгендігі дәйектеледі.

*Түйін сөздер:* аударма, жазушы, психология, авторлық эстетика, диалог, монолог, түпнұсқа, мәтін.

Көркем әдебиеттің эстетикалық ерекшеліктерін айқындайтын әдебиеттану ғылымын «Сөз өнері» деп атаған белгілі әдебиеттанушы З. Қабдолов жазушының шығарма жазу үстіндегі әрекетін, яғни шығармашылық процесін «ар ісінің азабы» деп атайды. «Шын мәніндегі жазушының сөз үстіндегі әрекетінде шек болмайды, дәл осы азап жоқ жерде – шеберлік те жоқ» [1, 14 б.] - деген ғалым, сөз өнерінің қыр-сырын ғана емес, көркем шығарма жазып жазушы, әдеби шығарма тәржімалап аудармашылық өнермен де айналысты. Сөз өнері: сезімге, қиялға, интуицияға, өмірбаянға, парасатқа, шеберлікке, шабытқа негізделеді деп білетін ғалымның қолынан шыққан тәржімаларынан-ақ, аударып отырған шығарма авторының жанына бойлай алғаны байқалады. Мәселен, З. Қабдолов Ш. Айтматовтың «Қызыл алма» шығармасын қазақ тіліне аударуда жазушылық пен әдебиеттанушылық шеберлігін ұштастырып шығарманың табиғатын, психологиясын тереңдете береді. Екі шығармашылық тұлғаның – автор мен аудармашы арасындағы ынтымақтастықтан аудармашы авторлық эстетикаға терең еніп қана қоймай, оның ойлау тәсіліне және сөйлеу

әдісіне де бойлай алған. Аталған шығарманың аударылу тарихына назар аударайық. Шығарма жазушы, академик З. Қабдоловқа арналып жазылған. Себебі, әңгіменің жазылуына З. Қабдолов түрткі болған екен. Автор әңгімемен бірге *post-scriptum* жазып жібереді. «Бұл жаңа әңгімеді Зейнолла Қабдоловқа арнағаным тегін емес. Біріншіден, Зейнолла – менің ең көңілдес достарымның бірі; екіншіден, «Қызыл алманы» жазуға Зейнолла себепкер болды; бұл әңгімені бой жеткізген оның «көз ақысы» бар. Мұның қысқаша тарихы мынадай. Алматының тау жағында, санаторийде бірге демалып, әрқайсымыз өз жазушыларымызбен әлек боп жүрдік. Бір күні түскі тамақ тұсында десертке деп стол үстіне алма қойылды. Маған тиген алма өте көркем қызыл алма екен. Алманы қарап отырып, менің есіме институтта оқыған бір жолдасымның оқиғасы түсті де, мен оны әшейін күлдірмекке Зейноллаға айтып бердім. Сөйтсем «Өй, сен неге күлесің? Бәлі, мұның не күлкісі бар. Сен мұны жаз, жазуың керек!» деді Зейнолла. Содан бастап, әрбір кездескен сайын, Зейнолла «Қызыл алманы» қашан бересің деп сұрайды. «Қызыл алма» есімнен кетпей қойды, сен оны ертерек жазсаң, қазақшаға өзім аударар едім деп, асықтырып жүрді. Ақыры, тілектес досымның тапсырмасын қолдан келгенінше орындап, жазып бітіргенім осы ғой. Ал енді мұны айтып отырғаным, кітап оқушылар шығарманың түйіні қалайша басталады, шығарма қайтіп туады деп көп сұрасады. Оның жолы өте көп, өте күрделі. Кейде, міне, осы сияқты, досыңның тілектестігі арқылы шығарма жазылады екен. Бұған менің өзімнің де таңым бар..» [2, 1 б.] – деп, автор шығармашылық шеберханасынан сыр шертеді. Бұл жөнінде З. Қабдолов «Қызыл алманы» Шыңғыс орыс тілінде жазған, мен оны сиясы кеппестен қазақшаға аудардым. Орысша нұсқасын сол күндерде дереу «Известия» жариялаған, қазақшасын өзіміздің «Жұлдызға» жолдадық.

– Осы әңгімені саған арнаймын, - деді Шыңғыс.

– Қайтесің...- дедім мен.

– Неге?

Мен үндемедім. Көңілімде күдік тұрды: әңгіменің бас кейіпкері Исабеков бота тірсек бозбала кезінде аңсары ауған аруын армандап, қағынан жеріген құлан секілді, бүгінде құшағындағы жар-зайыбымен қырғиқабақ, дүрдараз жүретін. Соны сезген Шыңғыс маған күле қарап, аз ойланып тұрды да, табан аузында *post-scriptum* жазып, «Жұлдызға» қоса жөнелтті» [3, 48 б.] - дейді, өз естелігінде қаламгер. Бұл айтқандардан шығарманың дүниеге келу тарихын білсек, бір жағынан қос қаламгердің достығын байқаймыз. «Қызыл алманы» жазушы орыс



тілінде жазған екен. 3. Қабдолов сиясы кеппестен қазақ тіліне аударады.

Ш. Айтматовтың «Қызыл алма» әңгімесінде Исабеков пен оның зайыбының арасындағы салқындық, екеуара жылулықтың жоқтығынан, ұрыс-керіс меңзеп отбасының күйреуіне алып келеді. Күйеуінің өзіне деген енжарлығынан ойына күдік ұялатып, кінә тағу, жазғыру көбейіп, ұрыс-керіс меңзеп ажырасуға бел байлайды. Ерлі-зайыптылардың арасында бір қыз бар. Ол – Анар. Исабеков Мәскеуден Ташкентке барып, ғылыми-зерттеу институтына орналасып, сол жақта біржола тұрақтамақ ойы бар әйеліне қызының ермей өзімен қалдырғысы келеді. Қызына отбасындағы жағымсыз әңгімені далада жүріп түсіндіргісі келді.

Күздің жайма-шуақ соңғы күндері болатын. Анар екеуі қала сыртындағы алма бағына алып барады. Қанша оқталса да, тастан-тасқа секіре ойнап жүрген қызының бір сәтте көңіл-күйін түсіргісі келмейді. Алма бақты аралап, ойнап жүрген Анар алма бақта жалғыз қалған қып-қызыл алманы тауып алады да, әкесіне қуана әкеліп береді. Исабековтың есіне студент кезінде дәл осы бақтан тауып алған қызыл алма оқиғасы түседі. Жас жігіттің басынан кешірген оқиғалары, жауапсыз махаббаты артқыға шегініс арқылы беріліп, әңгіме Исабековтың кітапханада ғашық болып қалған қызы туралы өрбиді.

Жас жігіт кітапханада әдемі қызды жолықтырады. Оған сырттай ғана ғашық болып қалады. Онымен ешқашан сөйлескен емес. Қыз күнде орталық кітапханаға барып, бос уақытын кітап оқумен өткізеді. Исабеков сол қызды көруге бола кітапханаға барып жүреді. Қыз кітапханадан шыққан кезде жігіт те артынан шығып, қыздың үйіне дейін ере барады. Бірде курстастарымен бірге баққа жұмысқа барғанда Исабеков қызыл, әдемі алманы тауып алады да, оны ешкімге көрсетпей, әлгі бейтаныс қызға беру үшін сақтап жүреді. Амалын тауып, алманы қызға сыйлағанымен, қыз алмасын қабылдамайды. Ыза болған жігіт неше күн сақтап жүрген алманы лақтырып жібереді. Сол сәтте ол қыздан үмітін мәңгіге үзеді. Осы оқиғаны есіне түсірген қызының алмасы «Қызыл алма қалап, қалай да соны тауып беруді жалына сұрап, өмір бойы ізіне түскен бір әйел бар. Ол – өз әйелі, Сәбира». Әйелін ойлады. «Біреудің шын сүйіктісі болудан асқан бақыт жоқ қой» деуші еді. Исабеков: «Құдай-ау, осыны неге неге түсінбей келдім екен?» деп ажырасу туралы ойынан айнып, қызын ертіп бақтан шығады. Анардың қолындағы алманы байқап: «Сен, әлі алманы жемегенсің бе?» деп сұрайды. «Мамама алып барамын» деген қызының сөзіне күрсініп, көмейіне тірелген ыстық жасты тежеп:

«Дұрыс, қалқам мамаңа апарайық» дейді де ертесінде Сәбираға қызы екеуінің баратынын айтып, телеграмма салады. Өңгіменің негізгі желісі осы. Ш. Айтматов «Қызыл алма» арқылы отбасы мәселесін көтеріп отыр. Отбасылық өмірде қашанда жаны нәзік әйел затының өзіне көңіл бөлуді қажет ететінін, ерінің махаббатына бөленіп, оның жақсы көретінін сезінгісі келетінін астарлай жеткізеді.

*Жазушылық тәжірибесі бар аудармашылардың аударма стилінде шығармашылық еркіндік анық байқалады. Автордың айтпақ ойын дамытып, ұғымға эстетикалық әсер дарытып, баяндауы мен суреттеуінен аудармашы З. Қабдоловтың жазушылық қолтаңбасын түпнұсқа мен аударма мәтінді салыстыра қарағанда айқын аңғарылып тұрады.*

*«Исабеков вспомнил, что называл ее претензии бабьим самолюбием. Она всегда завидовала подругам» [4, 4 б.]. Бұл сөйлемдегі автордың мәтін астарындағы ойын өрбітіп, бір сөйлемді бірнеше сөйлемге айналдырып беруді З. Қабдолов өзіне мақсат етіп қойғандай. Аталған сөйлемнің аудармасына назар аударайық: «Зайыбының кінәмшыл, күдікшіл құлқы — кейінгі жылдарда кездескен қырсық; оған себепші де мұның өзі, әйеліне сүле-сапа енжарлығы. Көп ішінде кім жоқ. Жұрт алдында әйелін жаңа көргендей ұшып-қонып, құрақ ұшып, әдейі шыбын-шіркей боп жүретін еркектер аз ба? Әлгі қырсықты асқындыра түскен де солар еді. Зәуде бір қонақтықта боп, үйге оралған жағдайда әйелі Исабековке...» [2, 3 б.] - деп өмірде кездесетін кей еркектердің мінез болмысына тоқталып, сөзді құбылтып әсерлі жеткізеді.*

З. Қабдолов «Сөз өнері» еңбегіндегі: «Әдеби тілдің әсемдігі гана емес, әсерлігі үшін де орасан қажет тәсіл – құбылту, яки троп – сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп кейде тіпті перделеп таныту» [5, 48 б.], - деген пікірін тәржіма барысында да ұстаным етіп алған десек те болады.

– Ты заметил, он даже в гостях не сводил с нее глаз и не постеснялся при людях встать на колени и завязать ей шнурки на туфле» [4, 4 б.]. Осы сөйлемді жолма-жол аударса: «Сен байқадың ба? Ол әуелі тіпті қонақта отырып, әйелінен көз алмады. Адамдардың көзінің алдында тізерлеп тұрып туфлінің бауын да байлаудан ұялмады» түрінде аударылар еді. Бірақ З. Қабдолов түпнұсқа тіліне байланып қалмай: «– Көрдің бе, қандай әйелжанды жігіт? Жұбайынан шығарда жаны басқа екен, – деп, шынымен тамсана сөйлейтін. – Келіншегінен кеш бойы көзін айырмады. Тіпті тізерлеп тұрып шұлығына дейін жөндеп берген жоқ па! Ал, несі

кетті содан?» [2, 5 б.] – деп, диалогқа сөз үстемелеу арқылы әйел жанының психологиясына тереңдей бойлап, құштарлығы мен қызғанышын, реніші мен арманын шебер береді.

«Қызыл алма» әңгімесінің қазақ тілінде оқи отырып, оның аударма емес, З. Қабдоловтың автормен бірлесіп жазған шығармасындай әсер етеді. Себебі, қос нұсқаны салыстырып оқығанда автордың айтпақ ойын дамытып, тіпті кейіпкерлердің мінез болмысын ашатын диалогтарды кіріктіреді. Аударма теориясында аудармашы автордың стиліне нұқсан келтірмеуі керек. Аудармашы авторды жөндеймін деп, екеуара қақтығыс тудырмауы керек деген пікір айтылады. Автор мен аудармашы арасындағы қақтығыс деген не? Біріншіден, аудармашы түпнұсқадағы ұлттық, мәдени ерекшеліктерді қысқартып, не болмаса жойып, немесе жасырып қойса;

Екіншіден, автордың идеясын дәлме-дәл жеткізбей, бұрмаласа;

Үшіншіден, түпнұсқа сюжеттерін орынсыз қысқартып, ақпараттарды толық жеткізбесе;

Төртіншіден, оқырманға көркемдік-эстетикалық ләззәт сыйлайтын бейнелі сөздерді сақтамай, қарапайым тіркестерді қолданса автор мен аудармашы ғана емес, аударылып отырған ұлт оқырманының авторға деген көзқарасы өзгереді.

Осы қиындықтарды болдырмау үшін аудармашы тек қана түпкі тілін, сондай-ақ түпнұсқа тілде сөйлейтін халықтың әдебиетін, тарихын, мәдениетін біліп қана қоймай, сонымен қатар автордың жұмыстарымен, көзқарастар жүйесімен және эстетикалық құндылықтармен таныс болуы керек. Бұл тұрғыдан алғанда З. Қабдолов аудармасынан автормен қақтығыс тудыратындай кемшіліктер байқалмайды. Керісінше аудармашы автордың айтпақ ойын дамытып, оқырманға жағдайды нақтылап беру үшін диалог тәсілін қолданады.

– Не умею угодничать и сюсюкать не умею, - отрезал тогда Исабеков.

– Ну причем тут угодничество, не в тебе чуткости, душевности, не знаю, как сказать, стесняешься ты, что ли, своей любви? А я не хочу так жить, я хочу, что бы человек, которого я люблю, не боялся открыто любить меня. Иначе это унижительно. Ты просто над этим никогда не думал [6, 12 б.].

Ерлі-зайыптылар арасындағы қақтығыстың себебін оқырманға түсініктірек беру үшін, осы сөйлемді аудармашы бірнеше сөйлемге айналдырып береді:

*Исабеков әйелінің одан әрі не дегелі келе жатқанын айтпай түсінеді де, оның өкпе-назынан қалжыңдап құтылмақ болады:*

*– Несіне таңырқайсың? Мүмкін, үйде істеп жүргені түздегі әдеті шығар...*

*– Иә, қылжақтан басқа не білесің сен!*

*– Ау, қайт дейсің маған? Немене, саған жарамсақтануым керек пе?*

*– Жоға!.. Қажеті жоқ, қайтесің жарамсақтанып... Бірақ бар ма сенде сергек сезім, жан жылылығы... Не десем екен... Сүйген адамға, тек бір ғана адамға арналған аяулы пейіл, ықылас деген атымен жоқ. Сүйгенім мені дәл өзімдей сүйсе, шын сүйсе, алаңсыз сүйсе!.. Міне, маған керегі осы ғана. Әйтпесе, тіршілік – рахат емес, азап. Солай емес пе? Сен соны ойладың ба? [2, 13 б.].*

*Бұл сөйлемдер түпнұсқа идеясын беруде кері әсерін тигізіп тұрған жоқ. Келесі сөйлемдегі: - И не желаю думать. Времени у меня на это нет. И не понимаю, как ты при своей занятости, ведь защита диссертации на носу, способна замечать такую ерунду: кто кому шнурок завязал! С тобой бесполезно разговаривать, ты просто ничего не понимаешь!*

*Но теперь он понимал; о чем она говорила, и чувствовал, хотя не признавался себе в этом, что в чем-то она вс-таки права [2, 14 б.].*

*Аудармасы:*

*– Білмеймін, не деп отырсың осы сен?.. Не деген күйкілік, неге керек осылар?.. Соған біз екеуімізде уақыт бар ма? Күндіз-түні сарылып, диссертация жазып жүрсің. Ал, әлдекім әйелінің шұлығын жөндесін; сенің соны көре қалғандай, соған таңдана қалғандай нең бар! Жарық дүниеде одан гөрі мағыналылау нәрсе болмағаны ма?*

*– Қойшы, саған сөзім шығын. Сен бірдеңе түсінеді деп отырған менде де ес жоқ.*

*Мүмкін. Жоқ, олай емес, ол түсінеді; әйелі не айтып отыр, неге мезгеп отыр, бәрін түсінеді. Әшейін, ашық мойындамағаны болмаса, Исабеков әйелінің сөзінде әжептәуір шындық бар екенін де жақсы біледі [2, 15 б.].*

*Бұл диалогтерде аудармашы сөйлем үстемелеп, ер адамның психологиясын беруді мақсат тұтқан. Кейіпкердің тілі арқылы автордың айтпақ ойын ашып көрсетеді. Шығарма оқиғасын дамытып, идеясын нақты көрсетуде диалогтың маңызды қызмет атқаратынын әдебиеттанушы ретінде З. Қабдолов жақсы түсінетіндіктен шығарма аударуда кейіпкерлерді сөйлетуге баса мән берген деп ойлаймыз. Диалогтың қызметі екі адамның сөйлесуімен шектелмейді. Оның*

шығармадағы қызметі көптеген мәселелерді қамтиды. Мәселен, кейіпкерді мінездеу, шығарма оқиғасын дамыту мен идеясын көрсету – диалогке тән нәрсе.

Ш. Айтматовтың шығармашылығы туралы сөз еткенде оның тіл ерекшелігіне, әсіресе табиғат көрінісін суреттеу тұстары да ерекше. Жазушы табиғат құбылысына кейіпкер мінезін, психологиясын қимыл-әрекетін бере суреттейді.

*Исабековы бывали здесь летом. Сюда редко кто приезжал: речка мелкая – сквозь студеную горную воду просвечивало каменистое дно. И пляжа никакого не было. Но зато горы стояли близко, вздымаясь за пустынными увалами кряжистым седым хребтом. Оттуда, сверху, принесло сюда огромные валуны, на которые любила взбираться Анара. Быть может, поэтому и тянуло сюда Исабекова [5, 16 б.].*

*Адам аяғы көп таптамаған таза көгал. Исабеков бұл алаңның сол тазалығын ұнатады. Өзен – саяз болғанмен тыпырлап тез ағатын тырнакөз су, тау суы. Жағасы құмайт емес, тастақ. Сонда да әрлі, әсем. Сол әдемілікке адам ғана сұқтанбайды, тау да телміріп, төне түскендей. Тау демі мен өзен лебі қосылып, төңірекке қоңыр салқын тыныс таратады. Әр жерде таудан домалап түскен қойтастар жатыр. Анар бұл тастардан секіріп ойнауды сүйеді. Талма түс, тау баурайы тып-тыныш [5, 18 б.]. «Пейзажда біз, әдетте, көркем шығармада суреттелген табиғат көріністері дейміз. Рас, пейзаж – табиғат. Бірақ, бұл жеткіліксіз. Нағыз пейзаж – поэзия! Мінез! Адам! Неге десеңіз, адамның қабылдауынан, сезіну-түсінулерінен, көңіл-күйінен тыс табиғат суреті – пейзаж жоқ. «Пейзаж жазушының стилінде белгілейді. Ал стиль – адам» [1, 35 б.] - деп, білетін З. Қабдолов аудармада да табиғатқа деген эстетикалық көзқарасын білдіріп, табиғатты суреттегенде кейіпкердің көңіл-күйі мен ішкі ойын оқырманға шұрайлы тілімен жеткізеді.*

*Вокруг стояла полуденная тишина. Сад, уже опустевший, стоит над речкой, убранный и чистый, и будто прислушивается: не придут ли еще люди за плодами? И стога сена вдоль ограды – как памятники ушедшему лету. Они дольше всех будут хранить запах зноя. Летом здесь все было, наверно, по-иному, а он не помнит, будто не было у него лета. А вон появилась тучка – белые верблюжата. Ах, в аиле бы побывать! Как давно он там не был... [5, 18 б.].*

*Бұл үзінді де күздің соңғы күні суреттелінген. Ш. Айтматовтың кейіпкердің эмоциялық көңіл-күйін күз мезгілімен астастыра суреттеуін, З. Қабдолов нәзік лиризммен бере біледі.*

Байқап отырғанымыздай, З. Қабдолов аудармада түпнұсқаның құнын түсірмей, қайта мәтінге жан бітіріп өзінің төл туындысындай бере білген. З. Қабдолов түрлі шағын, күрделі жанр үлгілеріне аударма жасаумен бірге, аударманы «таза творчество» деп атап, «аудармаға салдыр-салақ қараушылыққа кешірім жасалмайды және аударма еріккеннің ермегі емес, жауапкершілік пен таланттылықты талап ететін «биік өнер»» деп бағалайды. Соның ішінде көркем аударманың талаптары мен шарттарын да ұсынады. Көркем аударма жасау барысында аудармашы «автормен ой жарыстыра келіп, әр сөздің не сөйлемнің жалаң көшірмесін емес, баламасы не төлеуін іздеу керек. Ал егер аудармашы осы тәсілден ауытқыса, оның аударғаны қазақша болмай шығады, тілге қиын, ұғымға ауыр, мағынасы да екіұшты, жалаң бірденеге айналады да кетеді» деп, өзі де осы пікірін аударма барысында ұстанады. Демек, З. Қабдоловтың Ш. Айтматовтан аударған «Қызыл алма» әңгімесінің тілі шұрайлы, оқиғасы шымыр, оқырманға көркемдік-эстетикалық тұрғыда әсерлі берілген.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Қабдолов. Менің Әуезовім. – Алматы: Жазушы, 2002. – 348 б.
- 2 Айтматов Ч. Красное яблоко. – Алматы: Атамұра, 2004. – 296 с.
- 3 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, Жазушы: 1992. – 352 б.
4. Айтматов Ч. Чығармаларының жыйнағы. 1 том. – Бишкек, 1999. – 703 б.
- 5 Айтматов Ш. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1996. – 367 б.

#### Резюме

В статье рассматриваются приемы и способы, примененные З. Кабдоловым в процессе перевода рассказа Ш. Айтматова «Красное яблоко», повествуется история его написания. Мастерство писателя и литературоведа З. Кабдолова обоснованно передается через восприятие художественно-эстетических ценностей реалии текста-оригинала с использованием самых ярких языковых средств казахского языка.

#### Resume

The authors of the paper examine the story «The Red Apple» by Aitmatov to describe the methods of translating history. Also, attention is paid to the plot of the story «Red Apple». Z. Kabdолоv's translation literary skills are combined, the language of conversation is fascinated, the story is impressive, and the readers are impressed.

**АКАДЕМИК РЫМҒАЛИ НҮРҒАЛИ ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫР  
БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

**С.М. ДҮЙСЕНҒАЗЫ**

филология ғылымдарының кандидаты,  
Қазақ әдебиеті кафедрасының доценті  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Аннотация**

Мақалада ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлиндердің шығармашылығын зерттеуші академик Р. Нұрғалидың еңбектеріне талдау жасалды. Қазақ әдебиетін жанрлық, тақырыптық, идеялық, көркемдік және формалық жағынан байытқан және ғылымның, оқу-білімнің, өнердің өсіп-өркендеуіне айрықша үлес қосқан қаламгерлердің шығармашылық мұрасын түгендеуге зор еңбек сіңірген ғалымның жұмысына ғылыми баға берілді. Зерттеуге академиктің классик-қаламгерлердің шығармашылығын зерделеген негізгі еңбектері қамтылды.

*Түйін сөздер:* жанр, идея, форма, оқу-білім, өнер, мұра.

ХХ ғасырдың басы қазақ әдебиетінің жанрлық тұрғыдан жан-жақты дамып, тақырыптық, идеялық, формалық ізденістер арқылы биік белеске көтерілген кезең. Бұл уақытта әдебиет айдынына Абай рухымен сусындаған озық ойлы, білімді, жаңаша бағыттағы қаламгерлердің бір тобы келді. Сол себепті осы кезеңді бірқатар әдебиет зерттеушілері қазақ әдебиетінің Ренессансы деп те атап жүр. Қазақ жұртшылығын оқуға, білімге, өнерге, кәсіби мамандық игеруге шақырған зиялылар тобының мақсаты халықтың көзін ашу арқылы ұлт болашағын қалыптастыру еді. Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, т.б. көзі ашық азаматтар Ресей патшалығының жүргізіп отырған отаршыл саясатына қарсы әрекеттер жасады. Оларды кейін кеңестік жүйе екі түрлі көзқарасқа бөлгенімен де түпкі мақсаттары «қазақты қайтсек те ел қыламыз» деген мүдде болатын.

ХХ ғасырдың сексенінші жылдарының ортасында таман Кеңес Үкіметі демократиялық ұстанымға бет бұрдық деген желеумен «30-40

жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында орын алған репрессиялармен байланысты материалдарды қосымша зерттеу туралы СОКП ОК Саяси бюросының комиссиясын құру туралы», «Заңсыз қуғын-сүргін, репрессиялар құрбандарына ескерткіш орнату туралы» сияқты бірқатар қаулылар қабылдады. Соның нәтижесінде тарихи ақтаңдақтарымыз ақталып, олардың мұраларын жинастыру, кітаптарын шығару сияқты жұмыстар мемлекет тарапынан жүйелі түрде қолға алынды.

XX ғасыр басындағы қазақ қаламгерлерінің шығармашылығының зерттелуі туралы айтқанда академик Рымғали Нұрғалидың есімін ерекше атауға болады. Олардың шығармаларына шығармашылық өмірбаяндарын түзіп, туындыларына тиянақты талдау жасап, салмақты ой айта білген ғалымдың қолтаңбасы бұл салада тайға таңба басқандай анық көрінеді. Оның екі томдық «Арқау», «Әуезов және алаш», «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» сияқты зерттеу еңбектері жиырмасыншы ғасырда қазақ әдебиетіне олжа салған А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, І. Есенберлин сияқты классиктердің суреткерлік, ғалымдық ерекшеліктерін айқындау жолында жасалған баға жетпес жәдігерлердің қатарына қосылды.

Р. Нұрғали Кеңес Үкіметінің қылышынан қан тамып тұрған кездің өзінде Алаш мұрасымен танысып, ол туралы пікірлерін университеттегі дәрістерде айтып жүргенін тыңдаған шәкірттері баспасөз беттерінде жариялады. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізе қоймаған кездің өзінде Қазақ энциклопедиясының бас редакторы қызметінде отырып «Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясының» үшінші және төртінші томдарына Ә. Ермаков, Ж. Ақбаев, т.б. сияқты Алаш ардақтылары туралы мәлімет беруі, ұстазы Бейсенбай Кенжебаевтан алған Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегі туралы пікірін баспасөзде жариялауы ғалымның Алаш тақырыбын зерттеуге алғашқы қадамы іспеттес. Кейіннен іргелі зерттеуге айналған «Әуезов және Алаш» (1997), «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» (2002), «Алашордыңы» (2005), т.б. еңбектері осы бастаманың жалғасқан нәтижесі. Ол жайында ғалымның замандасы, академик Сейіт Қасқабасов: «XX ғасырдың 80 жылдары басталған «Қайта құру» науқаны – Рымғали үшін аса бір жұлдызды кезең болды. Оның екінші тынысы ашылды. Ұстазы Бейсенбай Кенжебаевтан естіп, қабылдаған Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов туралы арнайы мақалалар жазды, олардың шығармаларын жариялады. Алаш қайраткерлерінің



шығармалық жинақтарына алғысөз бен ғылыми түсініктер жазды, тіпті жекелеген авторлар жайында кітап да жазды» [1, 9 б.] – деп жазады.

Академик Р. Нұрғали қазақ әдебиеттану ғылымы мен тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынов туралы: «Әдебиет танытқышта» Ахмет Байтұрсынов әдебиеттануды әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан, әдеби тілге еніп кетті» [2, 36 б.], – деп жазуы боямасыз шындық еді. Кеңестік жүйе ғалымның өзін атқанымен сөзін жоя алмады. Тіл білімі мен әдебиеттанудағы терминдер мен заңдылықтар Ахаң қалыптастырған негізбен қолданылып келді. Р. Нұрғали «Маса», «Қырық мысал жинақтарындағы мысалдар мен өлеңдерді талдап, А. Байтұрсынұлының аудармашылығына да кеңінен тоқталады. Абай аудармаларына қарағанда Ахметтің аудармалары еркін, түпнұсқадан алшақтау екенін көрсетеді. Мәселен, 17 жолдан тұратын «Өгіз бен бақа» мысалы қазақшалағанда 36 жол, 19 жолдан тұратын «Қасқыр мен тырна» 76 жол, 35 жолдан тұратын «Арыстан, киік һәм түлкі» 56 жол, т.б. орысшадан қазақшаға аударғанда оқиға толысып, мазмұны байып кеткенін айтады. Яғни, «Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа, ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді» [2, 16 б.], – деген тұжырым айтады. Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдық, ақындық, қайраткерлік, журналистік, т.б. қырларын зерттеуде Рымғали Нұрғалидың әдебиет тарихына қосқан үлесі өлшеусіз.

Р. Нұрғали ХХ ғасыр басында пайда болған жаңа бағыттағы әдебиеттің негізін қалаушы С. Сейфуллиннің қайраткерлік тұлғасымен қатар қаламгерлік бейнесін де анықтап берген санаулы ғалымдардың бірі десек артық айтқандық емес. Алаш қайраткерлері ақталғаннан кейін Сәкенді оларға қарсы қойып, жоққа шығарушылар қатары көбейді. Осы тұста ғалымның монографиялық еңбектерінде оны алаш зиялыларымен қатар атай отырып зерттеуі Сәкеннің ұлт алдында жасаған адал қызметіне берілген лайықты баға болды. Ғалым қайраткер ақынның әдебиетке әкелген соны соқпақтары турасында: «Жаңашыл жазушы қаламынан туған шығармалар халық өмірінің көкейкесті, өзекті тақырыптарын аша көрсетті, жанды бейне, көркем тұлғалар арқылы терең идеялар айтып, эстетикалық игіліктер жасады», – дей отырып: «Ұлттық әдебиетке жаңа мазмұн, жаңа түр, жаңа идея әкелген жазушы туындылары халқымыздың қымбат рухани

қазыналарының қатарына жатады» [3, 432 б.] – деген ой түйіндейді. Р. Нұрғалидың Сәкеннің шығармашылық өмірбаянын қалыптастырумен қатар, «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық романына, «Жер қазғандар», «Айша», «Жемістер» хикаяттарына, көлемі шағын прозалық туындыларына, «Аққудың айырылуы», «Альбатрос», «Көкшетау», «Қызыл ат», «Советстан» поэмаларына, әртүрлі лирикалық тақырыптарға арналған өлеңдеріне терең талдаулар жасау арқылы қаламгер бейнесін жаңа бір қырынан танытты. Қазақ поэзиясына соны ырғақ, бөлек композициялық өлшем әкелген «Советстан» поэмасын, мәңгілік махаббатты аққу бейнесі арқылы көрсете білген «Аққудың айырылуы», кеңестік өмірдің трагедиялық қайшылықтарын бейнелеген «Қызыл ат», революция, азамат соғысы, Ленин тұлғасын сомдауға арналған «Альбатрос» поэмаларын идеялық, көркемдік ерекшеліктері тұрғысынан саралап берді.

Әсіресе, қазақ поэзиясына соны поэтикалық үлгі әкелген «Көкшетау» поэмасына жан-жақты талдау жүргізу арқылы әдеби зерделеудің өзіндік үлгісін көрсетті. «Сұлулық атаулыға ғашық жүрекпен құлаған, ұшқыр қиял, мөлдір сезім, өткір ойдың ақыны Сәкен Сейфуллин Көкшетау табиғатынан өзінің әсемдік мұраттарын, сұлулық идеалдарын тапқан еді. А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Л.Н. Толстой Кавказ атырабын шығармаларына қалай арқау етсе, С.Сейфуллин де Көкшетау табиғатынан, тарихынан, бүгінгі тынысынан, болашағынан шабыт, өнеріне өріс тапты. Осы өлкенің қанаты талмас, дарынды, өршіл жыршысы болды. Кейін қазақ поэзиясында туған өлкені, атамекенді жырлау ағымы өрістеп, өрлеп өсті, әдеби ағымға айналды» [3, 446 б.], – деуі соның айқын дәлелі. Сәкентану ғылымының негізін салушы ғалымдардың қатарында Р. Нұрғалидың өзіндік орны бар екені жасырын емес. Оны жан-жақты талдап айтуға бір мақаланың көлемі аздық етеді. Оны көлемді зерттеу жұмысына айналдырып, толығырақ тоқталу келешектің еншісінде. Сәкен шығармашылығының зерттелуі туралы айтқанда академик-ғалымның толымды пікірлерін айналып өте алмайтынымыз анық.

Зерттеушінің атын ерекше құрметпен, ерекше махаббатпен атайтын ақыны – жаны нәзік, сыршыл Мағжан Жұмабаев. Ол Мағжан суреткерлігінің ерекшелігі кез келген жанды, жансыз бейнеге тіл бітіріп, көркем бейнелер галереясын жасай алатын шеберлігінде екенін атап көрсетеді. Ғалым Мағжанның адам бойындағы ой мен сезім арпалысын, ішкі жан күйзелісі мен толғамдарды, пейзажды бейнелеудегі суреткерлігіне баса мән береді. «Ақын шыққан аса бір эстетикалық тұғырдың бірі – пейзаж лирикасы. Халық әдебиетінен,

Абай дәстүріндегі, жыл маусымдарына қатысты әлеуметтік терең сарындардан алынған үлгілерді дамыта келе, Мағжан табиғат көріністерін бейнелеуде әлем поэзиясындағы классикалық тәжірбиелерге ден қоя отырып, жаңа көркемдік игіліктер жасады» [2, 98 б.], – деп жазуы сөзіміздің дәлелі.

Р. Нұрғалидың Мағжан шығармашылығының ішінде «Батыр Баян» поэмасын талдауға ерекше көңіл бөледі. Абылай заманында тариха болған оқиғаның ізімен жазылған поэманың көркемдігін саралай отырып, жер-су аттары, шайқас кезіндегі Батыр Баянның тұлғасы, қалмақ қызы Бөбекті тұтқынға алуы, ол қызға батырдың ғашықтық сезімінің оянуы, бірақ қыздың інісі Ноянмен көңіл қосуы сияқты оқиға желісінің бәрі зертеушінің назарынан тыс қалмайды. Шығармадағы оқиғаның шарықтау шегі Ноянның қалмақ қызымен бірге қашуы болып табылады. Поэмада ақын адам бойындағы сезімдер арпалысы психологиялық дәлдікпен суреттеген. Мағжан батыр Баянның бейнесін бірде жауға қарсы шапқан жаужүрек тұлға ретінде, бірде махаббат сезіміне ерік берген нәзік жанның иесі ретінде суреттейді. Р. Нұрғали Мағжанның тіл шұрайлылығы мен ақындық шеберлігін поэманы талдау арқылы ашып көрсетеді. Академик өз зерттеулері арқылы мағжантанудың жаңа бір кезеңін қалыптастырды. М. Жұмабаевтың ақталған уақытынан бастап оның шығармаларының ғылыми теориялық тұрғыдан зерттелуі, кітаптарының жарық көру ісіне Р. Нұрғали белсене араласты.

Р. Нұрғали зерттеуінің тағы бір көлемді арнасы – қазақтың эпикалық поэзиясының біртуары Ілияс Жансүгіров шығармашылығы. «Қазақ жаңа әдебиетінің бастау қайнарында тұрған құдыретті талант иелерінің бәріне тән ортақ асыл қасиет – көп қырлылық. Бұл ерекшелікті ақын, драматург, прозаик Ілияс Жансүгіров шығармашылығынан көруге болады» [3, 470 б.], – дейді ғалым. Ақынның шығармашылық өмірбаянын жасау арқылы оның өлеңдерін тақырыптық-идеялық жағынан топтастыра зерттеу ғалымның стильдік ерекшеліктерінің бірі. Ұқсастықтарына қарай топтастырылған саяси және табиғат лирикаларына арналған өлеңдерін жігімен жіліктей отырып формалық, идеялық тұрғыдан дәл мінездеме беріледі. Қаламгердің ұлы жазушы М. Әуезовті тамсандырған Алтай, Тарбағатай, Жоңғар Алатауының сұлулығын келістіре жырлаған тау суреттеріне арналған өлеңдер топтамасы да Р. Нұрғали зерттеуінен тыс қалмайды. Ғалымның Ілияс шығармашылығы туралы кеңірек толғайтын тұсы эпикалық туындыларына қатысты. «Қазақ әдебиеті тарихында кең құлашты, терең мағыналы эпикалық поэмалар тудырған

талантты ақындар қатарында Ілияс Жансүгіров есімі ерекше аталады. Бұл салада ақын көптеген әдеби барлау, көркемдік тәжірибе жасай жүріп, әлеуметтік маңызды тақырыптарға арналған бірнеше салмақты туынды берді» – деген пікірі сол толғамының бір парасы. Кезінде қазақ поэзиясына поэма жанрының ерекше үлгісін әкелген «Күй», «Күйші», «Дала», «Құлагер» поэмалары екендігі белгілі. Р. Нұрғали осы поэмаларды талдау кезінде Ілиястің шығармашылық лабораториясына тереңдей енеді. Сол арқылы ақынның ішкі жан дүниесін, шығарма кейіпкерлерінің психологиялық характерін ашуға ерекше мән береді. Қазақ поэзиясында бұрын кездеспеген Алтай мен Атырау, Сібір мен Самарқанның арасын тұтастай жырға қосқан «Дала» поэмасы туралы салиқалы пайым жасап, ұтымды ой айтады. Шығарманы бастан-аяқ жүйелі зерделеген ғалым соңында: «Қазақ халқы өмірінің екі жүз жылдық панорамасын бейнелеген эпикалық «Дала» поэмасы әдебиетіміздің үздік шығармаларының қатарына жатады» [3, 497 б.] – деген түйін жасайды. Ол сюжеттік әрекет пен лирикалық толғаныс қатар өрілген «Күй» поэмасына да талдау жасап, Молықбай қобызшының өнерпаздық дарынынан туған күйдің әсерін шығарманың тірегі деп бағалайды. «Өнер тек қайғы, қасіретті, мұңды айтып, адам жанын жаралап, жүрегіне от тастайтын сиқырлы күй емес, өмірге жетелейтін қайрат-жігердің киелі қайнары деген идеяны «Күй» өзекті сарыны, леймотиві деп білу керек» [3, 499 б.], – деген ойында үлкен салмақ жатыр. Ғалымның «Күйші» поэмасын талдау кезінде де салиқалы пікір айта білгенінің куәсі боламыз. Атақты хан Кененің ордасында тартылған күйдің сиқырын, ханның қарындасы Қарашаш пен Күйші арасындағы тартысты әспеттейтін поэма идеясына айтылған ғалымның мына бір пікіріне назар аударайық: «Күйші» – өлімді, зұлымдықты жеңген өнер құдыреті туралы симфониялық сарыны, романдық қуаты бар, кең тынысты, асқақ әуенді күрделі шығарма». Р. Нұрғалидың зерттеушілік қабілеті нысанаға дәл тиетін осындай нақты тұжырымдар жасай білуімен құнды. Ілиясті «Құлагер ақын» атандырған атақты туындысы – «Құлагер» поэмасы. Сағынайдың асында әйгілі жүйрігі Құлагерді бәйгеге қосқан Ақан серінің өмірінен үзінді беретін шығарманы да ғалым талдауымен жан-жақты тани аламыз. «Құлагер» поэмасының көркемдік құрылысында құнарлы өзгешеліктер, тынбай ізденген өрен жүйрік суреткер тапқан тамаша жаңалықтар, эстетикалық игіліктер бар» [3, 503 б.], – деген пікірден зерттеушілік талғамның тазалығын танимыз. Қысқасы, І. Жансүгіров шығармашылығының ғылыми бағасын беруде академик Р. Нұрғали

жасаған сара жол қазақ әдебиеттану ғылымы үшін құнды мұралардың қатарында жасай бермек.

Р. Нұрғали зерттеуіндегі тарихи тұлғалардың қатарынан жарқырай көрінгендердің бірі – ақын, шағын прозалық жанрдағы туындылардың шебері Бейімбет Майлин бейнесі. «Мырқымбай», «Құрекең мен көкшолақ», «Коллективтің жырын айт» т.б. сияқты өлеңдерімен қазақ поэзиясына жаңаша леп әкелген Бейімбеттің ақындық дауысы ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің ауыз толтырып айтарлық айтулы шығармаларының қатарынан орын алды. Оның ақындық орнын айқындауда академик-ғалымның тынбай еңбектенуінің нәтижесінде бірқатар салмақты ғылыми пікірлер қалыптасты. Осы ретте сөзіміз дәлелді болуы үшін: «Жиырмасыншы жылдардағы қазақ поэзиясының жан-жақты дамуына айрықша үлес қосқан қаламгердің бірі – Бейімбет Майлин. Октябрь революциясы әкелген бостандық, жаңа өмір, өзгерген салт-сана, қазақ әйелінің теңдігі, кедейлер өмірі, еңбекші ауыл тіршілігі тақырыптарына арналған көптеген туындылар берді» [3, 379 б.], – деген пікірін мысалға келтіруге болады. Бейімбет мұрасының негізгі салмағы прозалық шығармаларында жатыр. «Шұғаның белгісі», «Раушан коммунист» сияқты көлемді повестерімен қатар «Күлпаш», «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры», «Қадір түнгі керемет», «Талақ», «Сексен сом», «Айранбай», «Шарифат бұйрығы», «Кедей теңдігі» т.б. көптеген әңгімелердің авторы болған қаламгердің орны қазақ прозасы көшбастарларының қатарында. Бұл тұрғыда Р. Нұрғали Бейімбет прозашылығын ұлы жазушы М. Әуезовпен деңгейлестіре зерттейді. «Қазақ прозасының туу, қалыптасу дәуірінде дара шеберлік қырларымен, өзіндік стиль, мәнер, көркемдік үлгілерімен танылып, әдебиетке жаға бояу, әсем нақыш, терең ой әкелген Бейімбет Майлин мен Мұхтар Әуезов болды. Қазақ ауылының психологиясын бейнелеуге арналған ықшам, көркем әңгімелер циклында Б. Майлин бақытсыз әйелдер мен сорлы кедей-жалшылардың өткен дәуірдегі тағдыр-тауқыметін, ауыр халі, азапты өмірін, бостандық аңсаған көңіл үмітін, революция сілкінісінен кейінгі өзгере бастаған салт-сана, мінез-құлық, қарым-қатынастарды, теңдік алған шаруаның социалистік құрылысқа белсене араласуын нақты өмір картиналары, жанды образдар арқылы реалистік дәлдікпен суреттеп берді» [3, 383 б.], – деп ой қорытуы суреткер шығармашылығына берілген ғылыми бағасы. Бейімбет туралы айтқанда да академик Р. Нұрғалидың зерттеушілік толғанысынан туған толымды пікірлерге көз жұмып қарай алмаймыз.

Жалпы, кез келген қаламгердің шығармашылығын зерделегенде жеріне жеткізе талдап, нақты ғылыми қорытынды жасап отыру Рымғали Нұрғали зерттеушілігіне тән қасиет. Алаштанушы Т. Жұртбай: «Оның өз рухына балаған телқанаты бар еді. Оның бірі – көркем әлемге құштарлық, екіншісі сыни көркем ойлау жүйесі» [4, 26 б.], – дейді. Оның ғалымдық жолы даралығымен қымбат, даналығымен бағалы. Біз мақаланың көлеміне байланысты ғалымның Ә. Бөкейхан, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, М. Әуезов туралы зерттеулерін қамтыған жоқпыз. Ол келешектің үлесінде болмақ. Біздің айтқанымыз көл-көсір еңбек авторының тамшыдай табысы ғана.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Қасқабасов С. Рымғали Нұрғалидың ғылыми-шығармашылық жолы. //«Рымғали Нұрғали оқулары» Р. Нұрғали мұрасы және ұлттық руханият мәселелері. Респ. ғыл. практ. конф. материалдары // – Астана, 2012. - 320 б.
- 2 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана, 2002. – 528 б.
- 3 Нұрғалиев Р. Арқау, 2 томдық шығармалар. – Алматы, 1991. – 576 б.
- 4 Жұртбай Т. Телқанат. // «Көкейкесті әдебиеттану» 10 кітап, Рымғали Нұрғали мұрасы және қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелері. Халқ. ғыл. теор. конф. материалдары// – Астана, 2010, – 312 б.

#### Резюме

В статье был проведен анализ исследовательских работ Р. Нурғали, который изучает творчество казахских классиков начала XX века, таких как А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, И. Жансүгіров, Б. Майлин. Перечисленные имена писателей являются мощнейшим звеном после эпохи А. Кунанбаева. Они обогатили литературу с тематической, идеологической, художественной, жанровой точки зрения. Данная статья широко рассказывает и повествует о трудах ученого Р. Нурғали.

#### Resume

The article analyzed the research works of R. Nurgali, who studies the work of Kazakh classics of the early twentieth century, such as A. Baytursynov, M. Zhumabaev, S. Seyfullin, I. Zhansugirov, B. Maylin. The listed names of writers are the most powerful link after the epoch of A. Kunanbayev. They enriched literature from a thematic, ideological, artistic, genre point of view. This article widely tells and narrates about the works of the scientist R. Nurgali.

**МҮСІЛІМ БАЗАРБАЕВ – МАҒЖАНТАНУШЫ**

**Р.С. ТҰРЫСБЕК**

Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры,  
филология ғылымдарының докторы,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**С. БАТАНҰЛЫ**

қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Аннотация**

Мақалада әдебиеттанушы ғалым Мүсілім Базарбаевтың зерттеулері жайында айтыла келіп, оның Мағжан Жұмабаев өлеңдерін талдау барысындағы сезім-күй, табиғат, махаббат, әлеуметтік лирикаға негізделген шығармашылық ерекшелігін айқындап, ұлтына деген сүйіспеншілігі, ішкі жан толқынынан туындаған өлеңдері жан-жақты қарастырылады.

Мағжан Жұмабаевтың қазақ өлеңіне әкелген өлшемдері, формалары, өлең теориясына қосқан үлесінің салмақтылығы көрсетіледі және поэзияға әкелген тартымды формалары мен оның мазмұны жайлы сөз болады.

*Түйін сөздер:* әдебиеттану, Мүсілім Базарбаев, Мағжан Жұмабаев, әдебиет тарихы, өлең теориясы, әлеуметтік лирика

1980 жылдардың екінші жартысында ХХ ғасыр басындағы әдебиет жаңа есімдермен толықты. Атап айтсақ, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары ақталып, қазақ әдебиетінің ұлттық қорын байытты. Осы кезеңде бес арыстың шығармашылығын қалың оқырманға таныстырған ғалымның бірі Мүсілім Базарбаев еді. «Кезінде мен Шәкәрім мен Мағжан үшін таяқ жеген адаммын ғой. Солардың есесін қайтару үшін көбірек әрекет еткім келеді» [1, 26 б.] дегені бар ғылымның. Ол осы айтқанын аз уақытта орындай білді. Бес арыстың бірі, ақын Мағжан Жұмабаев ақтала салысымен оның шығармашылығын алғашқылардың бірі болып зерттеу нысанына алды.

Саналы ғұмырын қазақ әдебиетіне арнаған М. Базарбаев әдебиет теориясы және әдебиеттану, қазіргі қазақ әдебиетінің зерттелуіне қажырлы еңбек етті. Тәуелсіз Қазақстанның кеңестік дәуір әдебиетін

жаңаша көзқараспен саралап, «20-30-жылдардағы қазақ әдебиеті» атты жинағында қазақ әдебиетінің ақтаңдақ беттерін жинауға, Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын зерттеуге мол үлес қосты.

Қазақ ұлттық поэзиясының жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың өнегелі өмірі мен шығармашылық өнері жайында әдебиеттанушы ғалым Мүсілім Базарбаев: «өз тегін де, өз жерін де мадақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын мадақтауға ұмтылған, өлең сөздің асыл маржанын төгілткен, сұлу жырымен оқырманын егілткен, өне бойы қапаста, қайғы мен қасіретте өмір кешіп, ақырында мүлт кеткен, өзі айтатындай соры арылмаған халқының зарлы перзенті» [2, 37 б.] - деп атап көрсетіп, ақынның тағдырының тым аянышты болғанын айтады.

Мағжанның адами бейнесі қаншалықты қарапайым болса да, оның ақындық көзқарастары да көп қырлы. Осы ерекшелік оның шығармаларының поэтикалық болмыс-бітімінен, ондағы көтеріңкі романтикалық пафостан айқын аңғарылып тұратыны – ақынның өзіне ғана тән көркемдік әлемі екенін М. Базарбаев зерттеулерінен анық байқаймыз.

Ғалымның үлкен еңбегі Мағжан ақынның әдеби портретін жасауы еді. Портреттік монографияға тән ерекшелік – қаламгер туындыларының қалыптасу, өсу деңгейін көрсету, әдеби процеспен бірлікте қарау, қазақ әдебиетіне қосқан жаңалығын анықтау, тарихтағы орнын көрсету болса, аталған қаламгер жөніндегі зерттеудің барлығы да осы талап деңгейінен шыға білді. Мүсілім Базарбаев «Волшебный мир» поэзии: (О поэзии Магжана Жумабаева), «Печать раздумий скорби и любви: (О стихах Магжана Жумабаева), «Мағжанның поэзиясы», Воскрешение мастера: Жизнь и творчество Магжана Жумабаева, «Мағжан Жұмабаев» атты мақалаларын екі тілде қатар жазды. Аталған мақалаларға ортақ сипат ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру, өлеңдеріне әдеби талдау жасау. Осы мақалалардағы негізгі тұжырымдар мен ғылыми пайымдауларды жинақтай келіп, «Күдіретті өлең өнегесі» (Мағжан Жұмабаевтың өлең әлемі) атты ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған монографиялық тарауын ұсынды. «Күдіретті өлең өнегесі» атты тарау өз ішінен: «Мағжан Жұмабайұлының өлең әлемі», «Ақынның тағдыры», «Ақынның өлеңдері», «Поэмалары» деп топталған. Тараушалардың аттарынан көріп отырғанымыздай, белгілі бір жүйемен зерттелген. Мұнда ақынның «шытырманды, соқпақты, аяғы трагедиялы» өмірінен толық мағлұмат бар. Абай тәжірибесінен көп үйренген ақынның шығармашылық жолы өз замандастары



Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов шығармашылығынан мүлде басқа екендігі салыстыру негізінде дәлелденген.

Белгілі әдебиет зерттеушісі Мүсілім Базарбаев ақынның өмірі мен шығармашылығын сөз ету үшін алдымен оның ресми ақталуы жөнінде бірсыпыра мағлұмат береді: «1956-1957 жылдары Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин ақталғаннан кейін Мағжан Жұмабаев шығармашылығы қайта қаралған. 1958 жылы ресми комиссия құрылып, таңдамалы лирикаларын жариялау жөнінде ұйғарым да болған. Ал 1960 жылы Түркістан әскери округы Әскери трибуналының коллегиясында М. Жұмабаев толығымен біржола ақталған екен. Бір таңғаларлық нәрсе, бұл жөнінде комиссия мүшелері де, не Жазушылар одағы мен ғылыми мекемелер де хабарланбаған. Қорытынды шешім айтқан әдебиетшілер де, басқа мамандар да да ештеңе білмеген. Жұмбақ сыры сол кездегі басшылардың: бұл саяси ақтау емес, бар болғаны азаматтық жағынан ақталу деген үстірт, жаңсақ түсінгеннен екені мәлім болды» [3, 10]. Араға отыз жыл уақыт салып екінші рет ресми ақталған ақынның өлеңдерін оған дейін де жатқа айтып жүрген әдебиетші қауым осы тұста белсенділік танытты. Солардың көш басында М. Базарбаев тұрды.

Мұхтар Әуезовтің «қазақ жазушыларынан Абайды сүйемін ... Бұдан соң Мағжанды сүйемін» дейтіні бар. «Өлеңді музыкаға айналдырған, дыбыстан сурет тұрғызған, сөзге жан бітірген, жаңа өлшеулер шығарған» Мағжанның осындай қасиеттерін, ішкі шығармашылық құдіретін жұрттан бұрын байқаған әрі аса жоғары бағалаған Мұхтар Әуезов: «Мағжан – мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» [4, 14 б.] деп жазды. Ал ақынның поэзиясына тән сыршылдықты кезінде Жүсіпбек Аймауытов «Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қан аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер бере алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз. Ол табиғатты суреттей ме, әйелді жаза ма, тарихи адамдарды ала ма, ертегі айта ма, ұран сала ма, бәрінде де ақынның сезгені, жүрегінің

қайғыруы, жанының күйзелуі, көңілінің кірбеңі көрініп тұрады. Қай өлеңін оқысаң да не ақынмен, не өз жүрегіңмен, не ел жүрегімен сырласқандай боласың, еріксіз бір сезім туғызады, әлде өкіндіреді, әлде мұнайтады, әлде оятқызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді» [5, 290 б.] деп бағалаған еді. Ақын мұрасы жөнінде ХХ ғасыр басында жазылған Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтің мақаласы мағжантану деп аталатын үлкен арнаның бастауында тұрса, әдебиеттанушы Мүсілім Базарбаев еңбектері сол арнаны кеңейте түсті.

Мағжанның әкесі Бекен екендігін еске салған ғалым: «көзі тірісінде 1923 жылы Ташкентте шыққан өлеңдер жинағында «Мағжан Жұмабайұлы» деп жазған соң, біз де солай атап отырмыз» [3, 11 б.] деп не себепті Жұмабайұлы деп атайтындығына түсінік береді.

Мағжан өлеңдері – қазақтың сөз өнері үшін жаңа, табиғаты ерекше туынды. Мағжаннан тәсілін оған дейінгі қазақ поэзиясынан кезіктіру қиын. Ақын поэзиясындағы тебіреністерінде табиғат көріністерінен адам әрекеттерін іздейді, өзінің лирик екендігін білдіреді. Поэзия әлеміндегі қайталанбас тұлғаның қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін биік деңгейге көтерді. Бұл – Мағжан поэзиясына тән басты ерекшеліктер.

Мағжан – романтик ақын. Ал романтикалық әдісте реалистік тәсіл секілді көркем әдебиет жаралғалы бері қатарласа келе жатқан құбылыс. Тіршілік заңдылықтарының ағысын емес, өмір-бақыт туралы алдын-ала қалыптасқан ұғым мен сенімді бірінші кезекке шығарып айту романтизмге тән нәрсе. Сондықтан да олар ұнамаған көріністерді барынша жексұрын етіп, жақсылық деп ұғынғандарын асқақтатып жырлайтыны анық. М. Базарбаев Мағжанның «Жазғы жолда», «Қысқы жолда», «Жел», «Айға» өлеңдеріне талдау жасай келіп: «Ақын тау туралы толғансын, не дарқан даланың кеңдігін жырласын, тіпті көл, немесе жазғы таңды, қысқы кешті, егінді, не жер, күн, ай жайында айтсын, бірінші кезекте өзінің дүние түсінімі, ішкі жан күйі тұрады, сонысымен айнала әлемді бірге толғандырып, бірге тебіренеді», - [2, 15 б.] деп терең бағалай білді.

М. Базарбаевтың айтуынша, Мағжанның табиғат лирикасы ақынның стилін айғақтай түседі. Лирика – шындықты адамның ішкі көңіл-күйіне бөлеп, ойы мен сезімін атастыра суреттейтін терең психологиялық шығармалардың түрі. Ақын басынан кешкен сезім, ақын басында болған түрлі-түрлі толғаныс – субъективті нәрсе; бірақ сонымен қабат кәдімгі объективті дүниенің әсері. Табиғат лирикасына ақынның өз бояуын қосқаны, ешкімге ұқсамайтын суреткерлік бай

қиялы аңғарылады. Табиғат жұмбағы мол тылсым дүние болса, Мағжанның табиғат лирикасы да сол табиғаттың өзі секілді. Бұл салада қазақ әдебиетіне Мағжанның жаңалық қосқаны даусыз.

Ақын жырларында табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өріліп, бірге қанаттасып жатады. Әлем құбылысы санамен, көңілмен үндесіп, сұлу, сырлы, кейде ақыл-ойға сыймайтын фантастикалық суреттерді көз алдына келтіреді. Сондықтан да табиғатты жырлап отырып оның адамға қатысты жақтарын, адамды оның көңіл-күйін айта отырып адам баласының табиғаттағы мәңгілік орнын іздеу – Мағжан лирикаларының негізгі ерекшеліктерінің бірі.

Тәуелсіздік алғаннан кейін М. Базарбаев Мағжан Жұмабаевтың үш томдық толық шығармаларын өз қолымен «Замана тудырған әдебиет» атты жинағына енгізіп, қазақ әдебиетінің тарихын қайта қарап, бұрынғы жазғандарын жаңа қырынан толықтырды. Заманның түрлі түйткілдерімен бұрмалауға ұшыраған ақын өлеңдерін қайта орнына келтіріп, ұлы тұлғаның алдында өзінің азаматтық парызын өтейтіндей еңбек сіңірді. «Мағжан Жұмабаевтың мұрасын тану мен бағалауда орын теуіп келген жаңсақтықтың бір ұшы оның ұстаған көркемдік тәсіліне мән бермеушілікке байланысты», - деген әдебиетші ғалым Р.Бердібаев пікірін М. Базарбаев та нақтылай түсетінін көреміз. Жинақтың «Күдіретті өлең өнегесі», «Мағжан Жұмабаевтың өлең әлемі» атты тараулардағы ұлт әдебиетінің ақтандақ беттерін зерделеуге қосылған жаңаша көзқарастағы М.Базарбаевтың қаламынан туған зерттеулердің ғұмыры ұзақ екендігін дәлелдейді.

М. Базарбаевтың ақын Мағжанға қатысты зерттеуі жөнінде Р. Сыздықова былай дейді: «Зерттеушінің Мағжанның шығармашылығы, ақындық табиғаты Сұлтанмахмұт, Сәкен, Ілияс, Сәбит ақындардан бөлек, оларға ұқсамайды деген тезис ұсынып, оны жақсы дәлелдеп берген. Бұл орайда меніңше, М. Базарбаев Мағжан поэзиясын орыс декаденттерінің фонында талдап, ақынның жай еліктеуден аулақ екенін жақсы көрсеткен. Сондай-ақ, Мағжан шығармашылығын Абаймен қатар, салыстыра сөз етуі де әрі ұтымды, әрі нанымды. М. Базарбаевтың өзге бірқатар әріптестерінен ерекшелігі – ол поэтикалық тілді, жалпы тіл құбылысын жақсы танып, уәжді түрде сөз етіп отырғандығы.» [6, 59 б.]. Міне осыдан да ғалымның Мағжанның ақындық дүниесінің сырын ашып көрсете білгендігін аңғару қиын емес.

Мағжан Жұмабаев мұрасын көпшілік оқырманға тұңғыш ұсынған М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қазіргі қазақ әдебиеті бөлімінің қызметкерлері. Б. Дәрімбетовтің құрастыруымен,

М. Базарбаевтың жауапты редакторлығымен Мағжан Жұмабаевтың «Таңдамалы» шағармалар жинағы (1992) мен «Мағжан Жұмабаев» шығармаларының 3 томдық жинағы жарыққа шықты.

Өз өмір жолы мен басынан кешірген тарихи-әлеуметтік жағдайлардың көркем бейнесін Мағжандай жасаған ақын кемде-кем екендігін ақынның шығармашылығын әдеби тұрғыда жан-жақты зерттеумен айналысқан М. Базарбаев бүгінгі ұрпаққа дәлелдеп берді. Оның өлеңдеріндегі ақындық позицияның айқындығы, суреткерлік шеберлігінің ұшқырлығы осылай ой түйге мәжбүр етеді. Мағжанның шығармалары төңірегіндегі олқылықтарды жөндеп, әр жерде шашылып жүрген еңбектерінің басын біріктіріп, бір жүйеге түсіріп, түпнұсқамен салыстыра отырып, белсене атсалыса білген ғалым ретінде Мүсілім Базарбайұлы есімі әрдайым алдыңғы қатарда тұрады.

«Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде жасалған 10 томдық қазақ әдебиетінің тарихы» атты ұжымдық еңбектің 7-томына, 11-сынып оқушыларына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығына Мүсілім Базарбаевтың «Мағжан Жұмабаев» атты әдеби портреті енді.

Қорыта келгенде, белгілі мағжантанушы М. Базарбаев өзінің зерттеулері арқылы Мағжанның қазақ әдебиетіне енгізген жаңа әдеби әдістерін, өлең түрлері мен жанрын танып білуге, жаңа өлең өлшемдері мен ырғақ үндестіктерін, музыкалық әуенділігін, көтерген проблемалық тақырыптарының ауқымын анықтауға, стилі мен жаңашылдығын зерттеп, зерделеп оқуға мүмкіндік туғызды. Мағжанды кейінгі ұрпаққа оның 1920-1930 жылдар аралығында қазақ әдебиетінде қандай ірі ізденістер жасалғанын танып-білуге үйрете түсті. Мағжанның сыршыл лирик, тамаша аудармашы ғана емес, өлеңнен сурет тудырған бейнешіл ақын ретінде қалыптасуына ықпал еткен арналары да айқындады. Уақыт өткен сайын мағжантану зерттеулері арқылы М. Базарбаевтың феномендік болмысы ірілене бермек, біз сөз еткен зерттеу еңбектер мағжантанудың тұрақты арнаға түсе бастауына елеулі ықпалын тигізбек.

Мағжан Жұмабаев өлеңдері «Мәңгілік ел» идеясымен астасып жатыр, демек, елдік және болашақ жастар тәрбиесі үшін бірден-бір өнеге мектебі. Оның бүгінгі күнмен үндестігінің көрінісін Елбасымыз да «Мағжан Жұмабаевтың поэзия әлеміндегі сәулесі – мәңгі сөнбес жұлдыз, қайталанбас құбылыс!», - деп түйіндей түсті. Ақынның 125 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтілді, түркішілдіктің туын ұстаған, түркі әлемінің тұтастығын жырына арқау еткен ақынға құрмет ретінде ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы өткен жылды жылды «Мағжан Жұмабаев» жылы деп жариялады. Бұл тек

қазақ емес, барша түркі әлеміне белгілі ақиық ақынға жасалған құрмет. Тәуелсіздікті жете ұғынып, тау тұлғаның бағасын біліп, көркем сөзін зердесіне сіңіру қазіргі ұрпаққа жүктелер үлкен міндет.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Базарбаев М. туралы естеліктер. Екінші рет толықтырылып басылуы. – Алматы. Жібек жолы, 2007. – 300 б.

2 Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. Тандамалы ғылыми зерттеулері М. Базарбаев. - 2-ші басылым. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 512 б.

3 Базарбаев М. Көрікті ойдан – көркем сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 367 б.

4 Әуезов М. Мағжанды сүйемін! Мағжанның 3-ші томында, 1996

5 Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы (Ташкенттегі қазақ студенттеріне өтілген баяндама). Кіт.: Бес арыс. – Алматы: Жалын. 1992. – 541 б.

6 Сыздықова Р. Көрікті ойдың өрнегі // Қазақ әдебиеті, 1996. - 26 қараша. - № 48

#### Резюме

В статье широко рассматриваются литературоведческие исследования ученого Муслима Базарбаева, которые направлены на выявление художественных особенностей поэзии Мағжана Жумабаева, воспевающей любовь поэта к своему народу, к родной природе, глубину переживаний героев любовной и социальной лирики. Дается оценка открытиям М. Жумабаева в области стихосложения, вклада в теорию стиха и принесенным в казахскую поэзию новым поэтическим формам.

#### Resume

The article deals with the research of a literary scholar Muslim Bazarbayev and his poems based on love, nature, and social lyrics which are discussed in his analysis of Magzhan Zhumabayev's poems.

## АБАЙ АУДАНЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Ш.Б. СЕЙТОВА**

филология ғылымдарының докторы  
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

**Г.С. АХМЕТОВА**

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің 1-курс  
докторанты

### **Аннотация**

Мақалада Ұлы ақын Абайдың туған мекеніне қатысты жер-су атауларының топономикалық шығу этимологиясын анықтау көзделген. Бүгінде топонимдер еліміздің тыныс-тіршілігіне қажетті бағыт-бағдар беретін таңбалық қызметінен басқа үлкен қоғамдық-саяси маңызға ие болып, ұлттық, танымдық сипаттары алдыңғы орынға шықты. Топонимдік атаулар қарапайым халықтың күнделікті тұрмысының, тарихи-әлеуметтік, лингво-мәдени аспектілерінің бейнесі ретінде қарастырылып келеді.

Осыған орай, аталған аймақта көптеген топонимдер тарихи оқиғалар мен белгілі бір жағдаяттарға қатысты адам атына, хайуанаттар мен жануарлар дүниесіне, географиялық ортаның түр-түсіне, табиғат құбылысына байланысты жасалғандығы мақалада мысалдармен жан-жақты талданып, қарастырылды.

*Түйін сөздер:* ономастика, топоним, топонимика, этимология, семантика, классификация, эстетикалық таным, дүниетаным.

«Қазақ тілінің жер-су атауларын зерттеудің тіл тарихы үшін маңызы өте зор. Асыл қазына болып қалыптасқан топонимиканың лингвистикалық және тарихи-этнографиялық қыр-сырын ашу – тіл білімінің үлкен бір саласы – ономастиканың міндеті екені белгілі. Топонимикада халықтың тарихы жөнінде қыруар бай материал, құнды деректер сақталған. Топонимика қойнауында замандар бойы сақталған, талай ғасырдың куәсі болған тарихи сөз-атаулар бар. Қазіргі сөйлеу тілімізде, сондай-ақ, әдеби тілде қолданудан мүлде шығып қалған сөздер де осы географиялық атаулар құрамынан табылады. Өйткені, олар географиялық атаулар ретінде тұрақталып, берік орын тепкен соң, ғасырлар бойы өмір сүріп, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады.

Жер-суға, елді мекенге ат беру үрдісі – өзінің ұлттық және тілдік ерекшелігі бар, үздіксіз жүріп жататын халық шығармашылығының басты бір үдерісі. Ұлттық атауларда ұлт келбетінің бір көрінісі жатыр. Ұлттық ономастика – халқымыздың, өскелең ұрпақтың елжандылығының, еліне деген ұлттық мақтанышын білдіретін тәрбиелік, рухани, мәдени маңызы зор факторлардың бірі.

Мемлекетіміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі қоғамымызда көптеген саяси, мәдени салаларға оң өзгерістер әкеліп, ұлттық сананың жаңғыруына, қазақ ономастикасының дамуына зор ықпалын тигізді. Жер-су атауларын қайтадан бұрынғы қазақы қалпына келтіру, тарихи-географиялық атаумен қайта атау – басты мәселелердің біріне айналды.

Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасы аясында атқарылатын міндеттерді саралай келе, «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің суықта пана, ыстықта сая болған есімдері, ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», - деген еді [1].

Шынымен де төл тіліміз топонимдер жасауда маңызды қызмет атқаратын географиялық терминдерге өте бай. Ол қазақ тілінің сөздік қорының молдығымен, халықтың жер-суға ат беруде байқампаз, тапқыр болуымен байланысты болса керек. Топонимдер – біздің сан ғасырлар бойы қалыптасқан тарихымыздың және мәдениетіміздің көрінісі, бір айғағы. Байтақ қазақ даласының қай қиырына көз салсақ та, ондағы жер-су атауларының бойынан, аталу болмысынан осыны аңғарар едік. Яғни, ол атаулардың халықтың дүниетанымын да, психологиясын да, тұрмыс-тіршілігін де, шаруашылық кәсіптерінің көріністерін де, салт-дәстүрін де, жер-су, елді мекен атауларын кие тұтқандықтан туындаған биік эстетикалық талғам мен танымды да көре аламыз. Әр өңірдің топонимдері сол өңір жайлы, сол өңірде мекен еткен ұрпақтың өмірі, тарихы, тіршілік көзі жайында хабардар етіп, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік тудырады.

Ономастика мәселесі – тек филолог-ғалымдардың не болмаса, тіл саласындағы құзырлы орган мамандарының ғана шаруасы емес, ол тарихшылардың, географтардың, жалпы халықтың, тұтас ұлттың проблемасы. Сондықтан да Абай өмір сүрген жердің топонимикасынан халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан тіл арқылы өткен тарихымыз

жайлы көп мәлімет аларымыз сөзсіз, сонымен бірге, жер-су атауларына қатысты халықтық этимология көріністері де сақталып қалған.

Біз топонимикалық атауларды зерттеуге өзек етіп Абай ауданын алып отырмыз. Абай ауданында бізді көп қызықтырғаны, негізінен, жер, су, жайлау, қыстау, тоғай, төбе, сай атаулары. Қайсыбір жер атын, су атын алсақ та, оның аталуының өзіндік бір сыры, өзіндік тарихы бар.

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының топонимдері де республикамыздың басқа өңірлерінің топонимдері сияқты белгілі бір мерзім, кезеңнің ғана емес, тұтас бір дәуірдің жемісі.

Өңіріміздің топонимдерінің шығу, пайда болу, қойылуында жергілікті халықтың тарихы мен ғасырлар бойы тіршілік-тынысы, әдет-ғұрпы, салт-санасы ана тілімізбен тығыз бірлікте дамыған. Мұның бәрі түрлі тілдік қабаттан тұратын, шығуы, пайда болуы жағынан әртүрлі дәуірлерге тән топонимдерді бойында берік сақтап отырған. Кей атаулар бірнеше қабат қайталанып, бірде жота, бірде қыстақ, бірде ферма атауы ретінде кездеседі. Сол сияқты «Қарауыл» атауы үш рет (*Қарауыл ауылы, Қарауыл өзені, Қарауыл төбе*) қайталанады. Аудандық жер-су атауларының этимологиясы мен семантикасы әр алуан. Көптеген атаулар сол жерлердің географиялық ерекшеліктеріне, жер бедеріне, өзіндік қасиеттеріне байланысты аталған.

Аудан топонимдерінің көпшілігі географиялық жалпы атаулар мен өсімдік және жануарлар дүниесіне байланысты болып келуі бұл аймақтағы шаруашылық жайының ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Тіпті бұл атаулар ертеден қойылса да осы күнде де өзінің маңызын жоймастан сақталып келе жатыр.

Сонымен топонимдердің жоғарыдағы кейбір ерекшеліктерін атай келіп, Абай ауданының ірі объектілік топонимдерін лексико-семантикалық мағынасына қарай төмендегідей етіп классификацияладық.

**1. Адам атына байланысты қойылған топонимдер:** Қазақстан картасында көп таралған атаулардың бірі – адам атына қойылған географиялық атаулар. Бірқатар жер-су аттары кезінде сол жерде мекендеген адамның атымен тікелей аталып, кейін топоним ретінде қалыптасып кеткен. Мұндай атаулар өте ертеден бері келеді. Көбінесе сол жерді жаз жайлап, қыс қыстаған, иемденген адамдардың атына байланысты қалыптасады. Адам атының жер-су атауына ауысуы белгілі бір тарихи адамның сол жерді мекен етуімен тікелей байланысты. Бұл топонимдер қатарында тарихта аты қалған белгілі тұлғалар есімі де, қарапайым адамдар есімі де кездеседі, сол сияқты



кезінде өмір сүрген белгілі тарихи адамның түрлі атағымен аталатын топонимдер де ұшырасады.

Мысалы: *Абыралы, Кеңгірбай би, Биата, Көкбай, Ақымбет, Алишынбай, Ералы, Есқожа, Зұлғарыш, Нұрлан, Тоқтамыс, Шыңғыстау, Ескене, Жексен, т.б.*

**Бұлақ атаулары:** *Әйгерім бұлағы, Тәкежан бұлағы, Жәнібек өзені, Жөкең құдығы, Абай-Ділді бұлағы, Құнанбай құдығы, Шолпан бұлағы, Өтепбайдың Көкқұдығы.*

**2. Хайуанаттар мен жануарлар дүниесіне байланысты қойылған топонимдер:** Топонимдер құрамындағы аң, жануар, құс атаулары Қазақстанда аңдардың кейбір түрлері кең тарағандығын және солардың аңшылық маңызы болғандығын аңғартады. Мысалы: *Жыланды ауылы, Итжеккен, Қаршығалы жайлауы, Түйеөркеш тауы, Түйекетпес адыры, Ешкіөлмес биігі, Тышқан биігі, Қоянды қарағаны.*

**3. Өсімдіктер дүниесіне байланысты қойылған топонимдер:** Қазақстан – ертеден мал шаруашылығымен шұғылданған ел. Ондай елдердің топонимдері өсімдіктердің, жануарлардың аттарымен аталуы заңды құбылыс. Өйткені, малдың негізгі қорегі – шөп. Мысалы: *Қозғалы, Сарымсақты, Шілікті кезең сияқты ұсақ объектілі топонимдердің аты сол жерлерде аты аталған өсімдіктердің өсетінін білдіреді. Мұндай атаулар ірі объектілік топонимдерде де кездеседі.*

**4. Географиялық ортаның түр-түсіне, табиғат құбылысына байланысты қойылған топонимдер:** Е. Керімбаевтың мәлімдеуінше, Қазақстан оронимдерінің 20 %-ы өзінің құрамында түсті білдіретін сын есімдерден құралған: *қара, ақ, сары, көк, қызыл, ала, шұбар, қоңыр, боз, жирен, қу, құба, шағыр, ұлан және т.б. [2].*

Түсті білдіретін сын есімдер әдетте нысандардың түсін немесе түрін білдіре отырып, тау, тас, төбе, бұлақ, арық, биік, су, бет дала, жол, сор, құм, сеңгір, жон және т.б. географиялық нысандарды анықтау үшін де қызмет етеді. Мәселен, тілші-ғалым К.К. Юдахин өз сөздігінде қырғыз тіліндегі *қара* сөзінің он алты түрлі, *қызыл* сөзінің жеті түрлі мағынасын келтіреді [2].

Түр-түске байланысты қойылған атаулар: *Ақшоқы, Қоңырәулие, Қызылқайнар, Қызылшоқы, Қарауыл, Қарашоқы, Қызылоба тауы, Сарыадыр жотасы, Ақбаз, Ақбиіктауы, Аққұдық, Қараадыр тауы.*

**Қарашоқы** – *қара* сөзі алғашында заттың (шоқының) қаралығын, жердің қара түсін білдірген. Мысалы, *Жалма-жан аттарына тегіс міне сап, күншығыс жақтағы Қарашоқыны беттеп, тұмсық аса шаба жөнелісті [3, 26 б.].* Осымен екеуі, Абайдың құла бестісі ерттелгенше қымыз ішіп алды да, күнбатыс жақтағы *Қызылшоқы* деген ұсақ адырға

қарай желе жортып, тартып кеткен Бұлар *Қызылшоқыға* кіре бере, алғаш келген екпінімен бір қоянды бездіре қуып еді [3, 33 б.]. Абай қазір *Қарамолада* шербешнай съезд шақыртып отырған зор-зор дауларды, ел шабуларды, барымтаны, үлкен тойымсыз ұрлық сияқты қылмыстарды санап өтті [4, 277 б.].

Қазіргі қазақ тілінде ұмытылған «биік, шоқы, төбе, тау» мағыналарында қолданылған. Осы мағыналардағы *қара* сөзі өте көне термин. Оның танымдық мағынасы көне замандарға тән екені айтпаса да түсінікті.

*Ақшоқы* — қазіргі түркі халықтарының тілінде де жер-су атауларын өзара салыстыра қарағанда да, олардың құрамындағы түр-түстердің беретін, анықтайтын мән-мағыналары бірдей емес. Оларды зерттеу, әрине өз алдына жеке мәселе.

*Ақ* сөзі түркі тілдерінде ақ формасында қолданылып, бір-біріне жақын үш топ мағына аңғартады: 1) «ақ» деген негізгі түр-түстік мағына (белый); оның төңірегіне: ақшыл, көздің ағы, жұмыртқаның ағы, жарық түс, шаштың, сақалдың ағы, ақбоз, өңсіздік, сүт тағамдары, боз түсті кездеме т.б. мағыналар туған; 2) «ақ» сөзінің ауыс мағыналары: кіршіксіз таза, айыпсыз, ақжүрек, адал; 3) керемет, тамаша, ғажайып.

**5. Географиялық объектінің сапасына, қасиетіне, көлеміне байланысты қойылған топонимдер:** *Үлкен Дегелең, Кіші Дегелең тауы, Үлкен Абыралы тауы, Кең Қоныс, Кеңөзек жайлауы, Көлденең шоқы тауы, Кіші Әулие, Кіші Қасқабұлақ, Кіші Орда, Ортабұлақ, Үлкен сор көлі, т.б.*

**6. Ру, тайпа аттарына байланысты қойылған топонимдер:** *Есболаттың Қарасуы, Жігітек ауылы, Керей қонысы, Мотыш ауылы, Тобықты жайлауы, Сақ-доғалақ ауылы, т.б.*

**7. Адамның дене мүшелерінің, ішкі ағза атауларына байланысты сипаттағы топонимдер:** *Мойынсу, Басқараған, Бүйрекқараған, Аяққараған, Бақай бұлағы, Төсбұлақ, т.б.*

**8. Географиялық объектілердің айрықша белгілеріне ыңғайластырылып қойылған сандық топонимдер:** *Бестас биігі, Бестас бұлағы, Жалғызқұдық, т.б.*

Енді осы атаулардың кейбірінің шығу тарихы туралы, ел арасында пайда болған аңыз-әңгімелер мен ғылыми тұжырымдарға тоқталсақ.

**Қоңыр Әулие** – өткен ғасырдың бізге белгісіз сырлары мен құпия жұмбағын жасырып, жым-жырт, қара күңгірт тартып, талай әңгімені ішіне бүгіп үнсіз ғана тұрғандай. Қоңыр Әулиенің өткеніне

атқан таң мен батқан күн сәулесі, іргесін шайып жатқан Шаған өзені ғана куә. Қарт Шыңғыстың батыс бөлігінде, ертеректе еңістегі Ертіске құятын Шаған өзенінің жағасында Қоңыр Әулие деген үңгірді біреу білсе, біреу білмес. Шаған өзені бойындағы әйгілі Қоңырәулие үңгірі күні бүгінге дейін жұртшылық көптеп келетін орынға айналған. Ақтас бауырындағы табиғаты қызық қырық үңгір өз алдына зерттеуді қажет етеді [5, 36 б.].

Қоңыр Әулиеді әйгілі Шаған соғысы болған деген деректер бар. Соңы дәлелдегендей тау бөктерінде көптеген рудың таңбалары тасқа кашалса, ұрыста қаза тапқан жауынгерлер жерленген қорымда әлі күнге дейін бар десе де болады.

Бір заманда Қоңырәулие үңгіріне Абай өзі бас болып, Долгополов досын әкеп өз қолтаңбасын қалдырғаны белгілі. Өз тұсында Шәкәрім мен Мұхтар да Шағанды бойлап, Ақтасты аралап табиғатын тамашалаған. Қоңыр Әулие үңгірі «*Қасиетті Қазақстан*» ғылыми-зерттеу орталығының бастамасымен, еліміздің киелі саналатын 100 нысанның қатарына еніп отырғаны баршамызды қуантады.

Қоңыр Әулие аудан орталығы Қарауылдан тоқсан шақырым, ал Токтамыс деп аталатын ауылдан 18 шақырым жерде орналасқан. Семейден шығып Қарауылға жеткен жолаушы Медеу және Саржал көтерме жолы арқылы 52 шақырым жол жүріп, Қозыбағар қыстағы тұсынан бұрылып, одан әрі күн батысқа қарай Қоңыр Әулиеге апарар жолға шығады. Көз көрім жерден мұндалап көрінетін Шыңғыстау тауларын біздің ел Шыңғыс деп те атайды.

Шыңғыстау – ұлы қаһан Шыңғыс ханның атымен аталатын, көне тарихпен бірге жасасып келе жатқан әйгілі мекен екені баршаға аян. Оның ең биігін Хан, таудан құлап аққан өзенді Хақан, жазықта көлденеңдеп жатқан жалғыз төбені Қарауыл деп атайды. Теңіз деңгейінен мыңдаған шақырым биіктіктегі Хан төбесінен қарар болсаңыз, көз тоқтатар жердегі бар атырап алақандағыдай көрінеді. Ұзын қара жолдан онша қашық емес Хан биігінің етегіндегі қоңыр төбеге Ұлы Шыңғыс ханның билік белгісі – Пайза таңбасы бейнеленген ескерткіш тақта орнатылған [5, 39 б.].

«Хан» зат есімі + зат есім Хан сөзі «түркі, моңғол халықтарында ең жоғарғы лауазым аты» екені анық. Топонимжасамда «тарихта болған әлдебір ханның мекенін, ханға байланысты оқиға болған жерді немесе хан тәрізді ерекше бөлек тұратын, биік нысандарды» атауға қатысады. Мысалы, Хан + Шыңғыс [2, 36 б. ]

Тарихы тереңге тамыр тартқан Абай ауданының жер-су атауларында үлкен мән-мағына бар екені еш даусыз. Аудан орталығы Қарауылдан тараған сан соқпақты дала жолдары – көз жетер жердегі бабалар құрметіне салынған сәулетті ескерткіштерге және бір сырын бүккен тарихи орындарға өте бай. Басын Шыңғыстаудың қатпарланған қойнауынан алып, қар суымен молайып, ел-жұртқа береке, мал-жанға құт болған Қарауыл өзенінің жағасында қазіргі Абай ауданының орталығы Қарауыл ауылы орналасқан. Абай ауданының тарихы ХХ ғасырдың 20 жылдарының аяғынан басталады. Ауданның алғашқы іргетасы 1927 жылы қаланып, оған Бұғылы, Шаған, Шыңғыс, Қызыладыр, Мұқыр болыстары біріктіріліп, 1928 жылдың қаңтар айында заңды күшіне еніп Шыңғыстау ауданы деп аталған. 1928 жылы аудан орталығы Ақтанбұлақ елді-мекенінен тоғыз жолдың торабы болып есептелетін, құрылыс салуға, мал өсіруге қолайлы жер – Қарауыл ауылына көшірілген. Аудан Шығыс Қазақстан облысының оңтүстік батысында орналасқан. Аумағы – 20 мың шаршы шақырым. Ауданның әкімшілік орталығы – Қарауыл селосы. Құрамында 9 ауылдық округ бар: Қарауыл, Архат, Көкбай, Құндызды, Саржал, Тоқтамыс, Медеу, Кеңгірбай би және Қасқабұлақ ауылдық округтары. Аудан орталығы Қарауылдан тараған сан соқпақты дала жолдары көз жетер жердегі бабалар құрметіне салынған сәулетті ескерткіштерге және бір сырын бүккен тарихи орындарға өте бай.

Қарауылдың дәл іргесіндегі бұрынғы Олжабай ауылы қазір Кеңгірбай би ауылы деп аталады. Осында әйгілі Әнет-бабаның шәкірті болған, талай тарихи дауларға кесімді билік айтқан, ел аузында Би-ата аталып кеткен, ардақты Кеңгірбай би деп аталатын ауыл бар. Өз заманындағы иісі Тобықтының көсемі және кейінгі ұрпақтарының киесі, сиынатын аруағы болған Кеңгірбай би 1735 жылы Кеңгір өзенінің бойында туып, 1825 жылы Шыңғыстауда дүние салды [5, 39 б.] Елдің, жердің қасиетін танып білген Шыңғыстауды Тобықтының құтты мекен етіп, таңдауы ерекше қасиет деп атауға болады. Кеңгірбай Жігітек руынан тарайды. Тобықты руын осы Шыңғысқа қарай бастап әкелушілердің бірі. Ол Оңтүстік Қазақстандағы Кеңгір өзенінің бойында дүниеге келген екен. Кеңгірбай Абайдың ұлы атасы Ырғызбаймен өте сыйласымды ғұмыр кешкен деседі. Ол бірнеше дауларға шешім айтқан Тобықты руының биі болған. Қазіргі таңда Абай елі Кеңгірбай биге арнап ескерткіш қойып, алаң ашқан еді.

Қарауыл ауылынан солтүстік батысқа қарай ондаған шақырым жерде, Белбасар төбесінде Жоңғар шапқыншылығы кезеңінде ерлікпен

көзге түскен, ту тіккен Тобықтының қолбасшысы атанған Тоқтамыс батырға ақ тастан өріліп күмбезді мазар да тұрғызылған.

Шыңғыстың бергі бауырындағы Бөкенші өзенінің жар қабағында Олжай қорымы да бар. Осы қорымда атақты Өскембай бастаған Олжай аулетінің бірқатары мәңгілік қоныс тапқан.

Қарауылдан тура жиырма бес шақырымдай жерде, Мұқыр өзені бойындағы, тақыр қонысында Абайдың шәкірті, досы болған, өзі де ақын, ағартушы Көкбай Жанатайұлының қайта салынған кесенесі мен мұражай медресесінің есігі келушілерге әрдайым ашық.

Қарауылдан Аягөзге барар ұзын жолдың оңтүсында өзіндік тарихы бар, ақындар мен жазушылардың құт мекені – Құндызды ауылы орналасқан.

Қорыта айтқанда, түсіне, ұға білген адамға Шыңғыстау өңірі аспан астындағы табиғат мұражайы десе де болады. Халқымыздың үш бірдей данышпан даналары – Абай, Шәкәрім, Мұхтар дүниеге келген, иісі қазақ баласы үшін киелі де қасиетті ұлылар мекені атанған, абыздар мен аңыздар өлкесі қарт Шыңғыстау міне осындай. Тарихы тереңге тамыр тартқан Абай ауданының жер-су атауларында үлкен мән-мағына бар екені еш даусыз.

Жер-су атаулары – біздің тарихымыз, ұлттық жадымыз. Атаулар кез келген елдің тарихынан сыр шертіп, болмыс-бітіміне, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылығынан, салт-дәстүрінен, тілі мен дінінен хабардар етеді. Осы жер-су аттары мағлұматтарға толы ел мен жер шежіресі, өткен заманның хабаршысы іспетті. Халқымыз басынан өткерген неше түрлі қилы замандар асыл мұрамызға өз залалын тигізгені баршамызға белгілі. Еліміз егемен болып, тәуелсіздігін алғаннан кейін мемлекетіміздің топонимикасына да тәуелсіздік берілді. Географиялық атауларды бұрынғы қалпына келтіріп, өзгертілген жер-су, елді-мекенді байырғы аттарымен қайта атау тәрізді жұмыстар бүгінгі таңда жақсы қарқынмен жүргізілуде. Оның куәсі ретінде бүгінгі таңда ұмытылғанымызды қайта жаңғыртып, ескерткіштер мен тау-тасымыздың атауларын бүгінгі өскелең ұрпақтың санасында мәңгі қалатындығында.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 ҚР тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың ««Қазақстан 2050» – қалыптасқан елдің жаңа саяси бағыты»» Қазақстан халқына Жолдауы, 14.12.2012 ж.

2 Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері: монография – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.

3 Әуезов М. Абай жолы. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. - 2-кітап. – 352 б.

4 Әуезов М. Абай жолы. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. - 1-кітап. – 320 б.

5 Медеуханұлы Ә. Абай жолымен. – Семей, 2015. – 267 б.

Резюме

В статье рассматривается топонимическое происхождение названий земель, связанных с именем великого поэта Абая, и других географических объектов.

Resume

The article deals with the toponymic origin of the names of the lands of the great poet Abai, the origin of geographical objects.

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ «УАҚЫТ»  
КОНЦЕПТІСІНДЕГІ НУМЕРАТИВТЕР (КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА  
ЕСКЕРТКІШТЕРІ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

**Ж.Қ. АЙДАРБЕКОВА**

докторант

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Аннотация**

Мақалада Орхон жазба ескерткіштеріндегі «уақыт» концептісі қарастырылады. «Уақыт» концептісі және «нумератив» туралы отандық, шетел ғалымдарының ғылыми тұжырымдамалары негізге алынып талданады. Ескерткіштер тілінде кездесетін нумеративтердің «уақыт» концептісін берудегі мәні мен қызметі көрсетіледі. «Уақыт» концептісі арқылы түркі халықтарының мәдениетін, дүниетанымын, әлем бейнесін түсіндіруге ықпал жасалады, ескерткіштер тілінен нақты мысалдар келтіріледі.

*Түйін сөздер:* Орхон жазба ескерткіштері, уақыт концептісі, нумеративтер, түркі халықтарының мәдениеті, әлем бейнесі, семантика.

Уақыт – бұл материяның тіршілік ету формасының бірі, белгілі бір заттың, құбылыстың өлшемі, мерзімі, саны, уақыт өлшемі, белгілі бір жағдай өтетін кезең т.б. деп С.И. Ожегов пен Н.Ю. Шведова, Т.Ф. Ефремова, Д.Н. Ушаковалар өз сөздіктерінде жазады [1, 124 б.].

Уақыт – қоршаған орта туралы адамның базисті когнитивті дүниетаным жүйесінің негізгі әрі басты элементтерінің бірі. Кез келген мәдениеттің әрі қызықты әрі күрделі құбылысы бола отырып, уақыт ұғымы, концептісі әлі күнге дейін әр қырынан талдауды талап ететін зерттеу аясы.

Уақыт концептісін талдаудағы басты қиындық – ол адамның бес сезу мүшесінің біріне де қолжетімді емес, тәуелсіз. Оны сезініп, ұстап, көруге болмайды. Бұл жерде атақты философ Аврелий Августиннің сөзін ескеруге болады: «Менен уақыт не екенін ешкім сұрамаса, мен оның не екенін түсінемін, ал егер сұрап қалса, оған жауап бере алмаймын» [2, 97 б.].

Қоршаған ортаны қабылдау барысында адам субъективті түрде уақытты белгілі бір кезеңдерге, интервалдарға, аралықтарға бөледі.

Мәселен, секунд, минут, сағат, күн, түн, тәулік, жыл, ғасыр, т.б. Уақытты осылайша бөлу және кезең межелерін белгілеу сол уақыт аралығындағы ақпарат, іс-әрекет пен құбылыстың мәні мен мазмұнын танып білуге мүмкіндік туғызады. Уақыттың да өзінің түрлері бар. Олар: 1) объективті, яғни күнтізбелік уақыт: осы шақтан болашаққа қарай қозғалу уақыты; 2) перцептивті, яғни субъективті, жеке-дара адам, қоғам, әлеумет, ұлт, өркениет т.б.; 3) көркемдік, яғни мәтіндік немесе белгілі бір оқиғаны қамтитын уақыт; 4) концептуалдық уақыт. Бұл термин атауын алғаш рет ғылыми мәтіннің уақытын көрсету мақсатында З.Я. Тураева қолданды.

Бүкіл әлемді және дүниені біз уақыт призмасы арқылы танимыз. А.Я. Гуревич «Мало найдется таких показателей культуры, которые в такой степени характеризовали ее сущность как понимание времени. В нем воплощается, с ним связано мироощущение эпохи, поведение людей, их сознание, ритм жизни, отношение к вещам» [2, 15 б.].

Уақыт – ерекше абстрактілі феномен. Уақыттың құпиясын тек тіл арқылы, сөз құдіреті арқылы біле аламыз.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің мәтініне талдау жасаған ғалымдардың бірі Н.Ғ. Шаймердинова түркі халықтарының дүниетанымында уақыт концептісінің төрт түрін ерекше атап көрсетеді. Олар: жыл санағының концептісі, эпикалық уақыт концептісі, рулық уақыт пен ұрпақтың концептісі, Күлтегіннің әскери жорықтарымен байланысты уақыт концептісі [3, 60 б.]. Н.Ғ. Шаймердинованың классификациясының негізінде уақыт концептісін қарастырып көрейік.

С.Г. Кляшторныйдың есептеуінше, Күлтегін мәтінінде және жалпы түркі жазба ескерткіштерінде жыл санағы екі жүйе негізінде жүргізіледі. Біріншісі – батырдың өмірімен байланысты уақыт кезеңдері және 12 жылдық жануарлар жыл санағы [4, 56 б.].

Алғаш рет Тоныкөк таңбалы тасында он екі жылдық күнтізбелік жүйенің болғандығы жайлы ақпарат беріледі. Жазбада 571 жылға сәйкес келетін қоян жылы туралы айтылған. Бір қызығы – кейінірек табылған VIII ғасырға жататын жазбада да осы жүйені қолданып және оның әлдеқайда жетілдіріліп, онда оқиғаның болған нақты айы мен күні көрсетілгендігі. Бұл күнтізбе жүйесі мемлекеттік түрде бекітілген және ол он екі жануардан тұратын күнтізбе болды. Осы он екі жылдың атаулары Ө. Тілеуқабылұлының кітабында: сумақты тышқан, маңғаз сиыр, айбар барыс, секем қоян, сумаң жылан, тұлпар жылқы, иртек ұлу, шопан қой, мешін мешін, айтақ ит, шақырауық тауық, қорысқы доңыз [5, 976.], – деп жазылған. Бұл жүйе бойынша бір «халал» және



бір «харам» кезектесіп келіп отырады. Әрине «халал» мен «харам» сөздерін Ө. Тілеуқабылов айтып отыр, себебі түркі халқы үшін ислам дінінің ишаратты ол кезде әлі белгісіз болды. Жануардан тұратын күнтізбе жүйесін түркілер пайдаланып, жыл санау үшін күннің айналу жүйесін, ал ай санағы үшін айдың айналу жүйесін қолданғандығын көрсетеді. Осы жүйе негізінде адам жасы да мүшелге бөлініп отырған. С.Г. Кляшторныйдың айтуынша, батырдың өмірімен байланысты уақыт кезеңдерін атап, жыл санағына мысал келтірейік: Күлтегіннің *жиырма жеті жасында* қарлұқ халқы әрі-сәрі, толқып жүріп [ақыры] жау болды [6, 189 б.], немесе Күлтегін ол соғыста *отыз жасар* еді [6, 189 б.]. т.б. Он екі жылдық жануарлар жыл санағына мысалдар: *Күлтегін қой жылы* он жетісінде ұшты. Тоғызыншы айдың жиырма жетісі күні жерледік. Барқын, бедізін, бітіг тасын *мешін жылы* жетінші айдың жиырма жетісі күні аяқтадық. Күлтегін қырық жеті жасында өлді [6, 190 б.], Жоғарыда Тәңір хан Ұлу жылының жетінші айында айбынды алып қағанымыздан айырылып кете бардық [6, 113 б.].

Осылайша, қайтыс болған күні мен жерлеу күні арасында қанша уақыт өткендігі белгісіз. Н.Я Бичурин қытай дереккөздеріне сүйене отырып, көне түркі халықтарының жерлеу рәсіміне байланысты келесі тұжырымды айтады: «Ежелгі түркілерде көктем мен жазда адам қайтыс болса, оны ағаштар мен өсімдіктердің жапырақтары сарғайып түскен кезде жерлеген, ал адам күзде немесе қыста қайтыс болса, оны ағаштар бүршік атып, гүлдер ашыла бастаған уақытта жерлейді екен», – деп айтады [7, 190 б.]. Д.Г. Савинов осы тұжырымды негізге ала отырып, «түркі халықтарында адам өлген уақыт пен оны жерлеу арасындағы уақыт екі түрлі: кейде бір аптаға, бір айға, тіпті бір жылға созылуы мүмкін. Олай болса, екінші сұрақ туындайды: «түркі халықтары осыншама уақыт бойы өлікті қалай сақтады?» – дей отырып, археологиялық зерттеулер арқылы жауап іздейді [8, 245-246 б.б.]. Яғни бұл да түркі халықтарының әлем бейнесін жасаудағы уақыт концептісімен байланысты ғылыми түрде жауапты қажет ететін тағы бір сұрақ.

Келтірілген мысалда Күлтегін өз өлімінен кейін тек 10 күн өткен соң ғана жерленеді. Мысалы: Қадырхан жынысында қой жылы [оның] тұрағына, жеріне, суына қонды [6, 260 б.].

Осылайша түркілер ай аттарын атамаған, апта күн атауларын қолданбаған. Тек «қоян жылы, мешін жылы» деп, «төртінші ай», «жетінші айдың жиырмамыншы күні», «жетінші күні» деп жазған. Оны А.Н. Самойлович те, М. Қашқари де айтады. А.Н. Самойловичтің пікірінше, түркілер күн аттарын қолданбаған, және қазіргі күнгі түркі

халықтары белгілі күн атауларын несториан, христиан және ислам діндерінен алды» деп жазады [9, 20 б.], М. Қашқаридың айтуынша, Ислам діні таралғанға дейін түркілер бір айды 4 аптаға емес, екіге бөлген. Айдың бірінші бөлігі жаңа ай, екінші бөлігі ескі ай деп аталған [10, 4 б.]. Н.Я. Бичурин ғұндар айды сүй және си деп екіге бөледі деп айтады [7, 191 б.]. Орхон-Енисей жазбасында да айды аптаға және апта күндеріне бөлмеген, жылды 12 айға бөлген.

Қалай десек те, С.Г. Кляшторныйдың «...все события истории второго каганата датированы черезвычайно точно» [4, 56 б.] деп жазуы – түркі халықтарының уақытты белгілеудегі нақтылығы мен уақытқа үлкен назар аударатындығының дәлелі.

С.Е. Жанпейісованың «Қазақ тіліндегі кейбір көне нумеративтер» мақаласында Н.Я. Бичуриннің келесі пікірін жазады: «Тюрки уравнение времен во всю не знают, а замечают времена только по зелени травы» [11, 231 б.]. Және «Они узнавали о последовательной смене лет и отсчитывали время по зеленевшей траве .... Турки говорят (еще и сейчас) ему три зелени – уш жасында. Следовательно слово «жас» обозначает не завершившийся год, а который год возраста» [7, 363 б.]. «Жас» сөзін қазақ әлі де қолданады. Мәселен наурыз айында «жасың құтты болсын» деп айтады. Мұндағы «жас» сөзі – «көк, шөп» деген мағынаны береді. Осылайша «жыл, жас» нумеративі «көк, шөп» лексемасы арқылы беріліп тұр. Л. Базен «жас» пен «жыл» лексемаларын генетикалық әрі семантикалық жағынан бір немесе жақын лексемалар деп береді.

Жыл санағы бойынша уақыт концептісіндегі нумеративтер шын мәнінде де батырдың жасымен және жануар күнтізбесімен байланысты.

Түркі жазба ескерткіштеріндегі уақыт концептісіндегі нумеративтер эпикалық уақыт концептісі аясында пайда болған. А.Я. Гуревич «эпикалық уақытты» – «продолжительное, длительное время», яғни «созылмалы, ұзақ уақыт» деп атайды. Эпикалық дегенде «нақты белгіленген уақыт жоқ», алайда ұзақ кезең бойы өтіп, тіпті қайталанатын уақыт кезеңдерін айтқан. Ғалымның пікірінше, барлық түркілер табиғатпен және оның ұзақ әрі кезекті заңдылықтарымен біріге, кіріге өмір сүрген деп тұжырымдайды [2, 99 б.].

Эпикалық уақыт деген кезде «мәңгі», «мәңгілік» нумеративін мысалға келтіруге болады. Көне түркі сөздікте «mengü», «bengü» – «мәңгі, мәңгілік» деген мағыналарды береді [12, 341-342 б.б.].

Күлтегін, Білге, Тоныкөк жазба ескерткіштерінің барлығында да «мәңгі» нумеративі көп кездеседі. Және «мәңгі» уақыт өлшемі терең

концептуалдық мәнге ие. Мысалы: «Өтүкен жынысында отырсаң *мәңгі* ел тұтып, отырар ең сен» [6, 262 б.], «Нендей бір айтар сөзім болса, *мәңгі* тасқа бастым [6, 263 б.]», «Мен *Мәңгітас* тіктім [тұрғыздым]» [6, 263 б.]; ... он иелік ұрпағыңа, кірмелеріңе дейін мұны көріп біліңдер! *Мәңгі тас* тоқыттым [6, 191]; Осындай киелі жерге *мәңгі* тас тоқыттым, жаздырдым [6, 191 б.]. «Мәңгілік» ұғымы көне түркі жазба ескерткіштерінде «Көк Тәңірі», «Аспан» («мәңгі аспан астында») сөз тіркестерінде беріліп, идеалдандырылады. Ал «мәңгі тас» деген сөз тіркесінде «мәңгі» нумеративі «мәңгілік» деген ұғымды берсе де, ол антропогенді «ұзақ уақыт» мәнінде ғана қолданылып, болашаққа негізделген, аманатталған дүние ретінде ғана түсіндіріледі. Яғни эпикалық уақытта «Көк Тәңірі – мәңгі» болса, ал қалғанның бәрінде – өткінші, өлмек, мәңгі емес, уақытша. Мысалы, «Уақытты Тәңірі жасар, адам баласының бәрі өлмекке туған [6, 189]. Эпикалық уақыттың тағы бір мерзімі – өміршендік, қайталанушылық, кезеңділік, циклділік, жүйелілік. Мысалы, өткен шақ, осы шақ, келер шақ. Яғни барлық әрекет, зат осы уақыт шақтарын кешірген. Эпикалық уақытқа сәйкес сол уақыттағы адамдар өмірінің қарқыны, кезеңі жыл мезгілдеріне, тәулік мерзіміне байланысты болған. Сол дәуірдегі уақыт категорияларына – жыл, ай, күн, түн, мезгіл деген сөздер кеңінен қолданылған. Нақты сағат, минут, секунд болмағандықтан, олар үшін нақты уақыт күн және түн, ай мен жыл ұзақтығында өлшенген. Кең ойлап, кең көсеп, ұсақталмаған. Мысалы: «Түрік халқы үшін неше түн ұйықтамадым, қанша күн бос отырмадым» [6, 188 б.], «*Елу жыл* ісінкүшін берді» [6, 186 б.], «Әкеміз, ағамыз иелік еткен халықтың атақдаңқы өшпесін деп, түрік халқы үшін түн ұйықтамадым» [6, 258], «Күндіз отырмадым» [6, 258 б.], «Жазында оғызға қарай аттандым» [6, 259 б.].

Яғни, эпикалық уақыт туралы айтқанда «мәңгілік», «ұзақ мерзім», «шексіз» уақыт тұспалданып, «мәңгі» сөзі негізгі уақыт концептісіндегі басты нумератив болып табылады.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «рулар немесе ұрпақтар уақыты» – бұл да түркі жазба ескерткіштеріндегі уақыт концептісін берудегі бір кезең не түр десек те болады. Ол әрине де сол уақытта өмір сүрген адамдардың тану, салыстыру дүниетанымы негізінде туындаған. Соның ішінде 4 негізгі билеуші заманы мен сол уақыттың ерекшелігі сипатталады. Әр қағанның басқаруындағы уақыттың ерекшелігі осылайша суреттеледі. Мысалы, Күлтегін басқарған уақыт, Бумын қаған мен Естеміс қаған басқарған кезең, Құтлық қаған, Қапаған қаған, Білге қаған және т.б. қағандар дәуірі мен олардың

заманы сипатталып, суреттеліп белгілі бір уақытты құрайды. Әр қағанның басқару уақытына өзіндік баға, сараптама жасалады. Мысалы: Барлығы жеті жүз ер болды. Жеті жүз болып елсіреген, қағансыраған халықты; күнденген, құлданған халықты, Түрік тілінен айырылған халықты ата-бабам төрінше қайта жаратты [6, 257 б.]. Бұл – Құтлығ қаған басқарған кезең. Мысалы: Он алты жасында Ағам қағанның елін, төрін анша меңгерді [6, 188 б.]. Бұл – Күлтегін қаған басқарған кезең. Мысалы: Мы переговорили [в делах] с моим младшим братом Кюльтегиновм, и чтобы не пропала имя и слава народа, добытого нашим отцом и дядею, я ради тюркского народа не спал ночей и не сидел [без дела] днем. [13, 41 б.]. Бұл – Білге қаған басқарған кезең.

Жалпы, Орхон жазба ескерткіштерінде уақыт концептісі терең генеологиялық байланысты көрсетіледі. М. Жолдасбеков еңбегінде көрсетілгендей, «бір ғана Күлтегін ескерткішінде 65 ұрпақтың ұлдары мен рулық қарым-қатынасы сипатталады» делінген [6, 112 б.].

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі үшінші уақыт концептісіне түркі қағандарының билік жүргізген кезеңдері жатады, және олардың бәрі «жыл, ай, күн, кезде, уақытта» нумеративтерімен беріледі.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі төртінші уақыт концептісі Күлтегін батырдың жорықтардағы жасы, ерлігін сипаттаудағы мерзімі және кезеңдерімен байланысты. Батырдың хронологиялық сипатпен 7, 10, 16, 21, 26, 27, 30, 31, 37 жастағы әрекеті толығымен нақты сипатталады. Және бір жылда немесе белігілі бір жасында неше рет жорыққа шыққаны көрсетіледі. Мысалы: Елу жыл ісін-күшін берді [6, 186 б.]. Қырық жеті жолы [жорыққа] аттанды. Жиырма соғыс соғысты [6, 187 б.]. Әкем қаған өлгенде інім Күлтегін жеті жаста қалды [6, 188 б.]. Он жасында Ұмай текті анам қатынның құтына [бағына] інім Күлтегін ер атанды [6, 188]. Он алты жасында Ағам қағанның елін, төрін анша меңгерді [6, 188 б.]. Алты баулы соғдаққа қарсы жорық жасадық, бұздық [6, 188 б.]. Табғач Оң-тұтық бес түмен қолмен келді [6, 188 б.]. Күлтегін жиырма бір жасында Чача Сеңүнмен соғысты [6, 188 б.]. Күлтегіннің жиырма алты жасында бір қырғызға қарсы аттандық [6, 188 б.]. Күлтегіннің жиырма жеті жасында қарлұқ халқы әрі-сәрі толқып жүріп, [ақыры] жау болды [6, 189 б.]. Күлтегін ол соғыста отыз жасар еді [6, 189 б.]. Күлтегін отыз бір жаста еді [6, 189 б.]. Күлтегін қой жылы [тоғызыншы айдың] он жетісінде ұшты [6, 189 б.].

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі уақыт концептісін берудің төртінші түрінде нумеративтер молынан қолданылады.

Қорыта айтқанда, көне түркі жазба ескерткіштері материалдары негізінде барлық оқиға, фактілер, сюжеттер уақыт параметрлері арқылы сипатталады. Уақыт концептісінің түркі халықтары дүниетанымында алатын орны үлкен екенін көреміз. Олай болмаған жағдайда, осыншама нумеративтер арқылы уақытты, мерзімді, кезеңді көрсетпес еді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. – Москва: Августин, Исповедь, 1999. – С. 253
- 2 Гуревич А.Я. Категории средневековой культуры. – Москва: Искусство, 1984. – С. 350
- 3 Шаймердинова Н.Г. Когнитивные модели древнетюркских текстов в русских переводах. Монография. – Астана: Арман-ПВ, 2007. – С. 176
- 4 Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник для истории Средней Азии. – М.: Издательство «Наука», 1964. – 212 с.
- 5 Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян // Араб қарпінен көшіргендер К. Елемес, Д. Мәсімхан. – Алматы: Жалын, 1996. – 464 б.
- 6 Жолдасбеков М., Қаржаубайұлы С. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана: Күлтегін, 2005 – 360 б.
- 7 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – М-Л.: АН СССР, Институт этнографии им. Миклухо-Маклая, 1950. – С. 656
- 8 Д.Г. Савинов Антропоморфные изваяния и вопрос о ранних тюрко-кыргызских связях // Тюркологический сборник. – Москва: Наука, 1981. – С. 232 – 248
- 9 Кр. опись среднеаз. рукописного собрания А.Н. Самойловича // ЗВОРАО. – 1906. – №4. – С. 201-211.
- 10 Садықбеков Қ. Махмұд қашқари және «диуан лұғат-ит-түрік»//»Түркістан» газеті. – 2012. – №147. – Б. 4-5.
- 11 Жанпейісова С.Е. Қазақ тіліндегі кейбір көне нумеративтер // Известия НАН РК. Серия филологическая. – 2006. – №4. – Б. 45-49.
- 12 Древнетюркский словарь. Редакторы В.М.Наделяев, Д.М.Насилов, Э.Р.Тенишев, А.М.Щербак. – Ленинград: Наука, 1969. – С. 716.
- 13 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. М., 1951. – С. 451.

#### Резюме

В статье на основе материалов древнетюркских письменных памятников исследованы нумеративы в концепте «время». Раскрывается концептуальное значение нумеративов в культуре древнетюркских народов.

#### Resume

In the article on the basis of materials of ancient Turkic written monuments the numeratives in the concept "time" are investigated. The conceptual meaning of numeratives in the culture of ancient Turkic peoples is revealed.

**UDC 378.147 (811.111)**

**USING AUTHENTIC MATERIALS IN TEACHING ENGLISH**

**G.M. GAURIYEVA**

Candidate of Pedagogical Science, Associate professor  
L.N. Gumilyov Eurasian National University

**A.D. SATAYEVA**

1<sup>st</sup> year Master student  
L.N. Gumilyov Eurasian National University

**Annotation**

The article is devoted to the issue of the day, which is using authentic materials in the process of teaching a foreign language. Applying authentic materials is considered as one of the basic requirements of the communicative approach, a specific feature of which is aspiration to bring the language learning process closer to the process of real communication, as well as a necessary condition for the formation of the sociocultural component of communicative competence.

The purpose of this article is to investigate the attitude of EFL teachers to using authentic materials. Twenty-five (25) English teachers completed survey questionnaires for the purposes of this study. The results show that teachers of English usually have a positive attitude towards the presentation of reliable materials in the classroom.

*Key words:* authentic materials, communicative approach, authenticity, EFL teachers

The use of authentic materials (AMs) in teaching English has been discussed by many teachers throughout the world since the Communicative Language Teaching (CLT) approach appeared in 1970s. Most of the teachers globally agree that authentic materials are valuable in the language learning process.

Modern dictionaries define the word «authentic» as genuine, real, original and close to sources. According to Jeremy Harmer, authentic texts are those texts produced for the native speakers, designed for the speakers of language. As noted in Harmer's definition authentic materials are the production of the native speakers which serve the purpose of communication [1, p. 198].

Krichevskaya K.S. attributes original literary, folkloric, visual, musical works, objects of reality, such as clothes, furniture, dishes and their

illustrative images to authentic materials. She even allocates materials of everyday and social life into an independent group: pragmatic materials (ads, questionnaires, signs, labels, menus and bills, maps, advertising brochures on different fields etc.) [2, p. 10].

The language classroom activities should represent the real world. This idea is also argued by Richard Pinner “Classroom activities should parallel the “real world” as closely as possible. Since language is a tool of communication, methods and materials should concentrate on the enhancing of communicative capability and cultural awareness of learners. Furthermore, he presented the arguments in favor of the use of authentic materials:

- They ensure cultural information about the target language.
- They provide exposure to real language.
- They refer more closely to learners’ needs.
- They promote a more creative approach to teaching [3, p. 20].

The use of authentic materials in language teaching is supported by many researchers. They see the use of this type of material as a useful tool for motivating learners, awakening their interest and familiarizing them with the real language they will encounter in the real world. In addition, authentic materials encourage learners to learn a foreign language successfully because they notice that they are dealing with language in real life.

The issue of authentic materials in language learning is very common and accordingly there are varied definitions to them. Still, some researchers, particularly, Kilickaya, Miller, Martinez, Guariento and Morley are against the use of authentic materials in the classroom, because they believe that they might be too culturally biased and contain complex words and structure. This might frustrate learners. Controversial points of view among experts are ranging on why authentic materials should or not be included in lessons, and what impact they might have in developing language skills. In spite of these negative views, the advantages of using authentic materials in teaching learners in ESL classrooms outweigh the disadvantages, and they are still a vital approach which should be adopted by EFL teachers in order to support their learners’ language learning process.

Richard Pinner has found relationship between authenticity and motivation through some of his researches. From Content and Language Integrated Learning (CLIL) and conventional language pedagogy perspectives, Pinner tried to find a connection between content and authenticity, and also an authenticity of purpose that could enrich resources for authentic language exposure and production in EFL contexts. Also, Pinner viewed authenticity as a continuum from the perspective of English

as a global language; and found that the notion of authenticity may reconstruct the way English is utilized and taught throughout the world for international communication putting emphasis on global voices and shifts from culturally embedded definitions. [4, 2013a- p. 138 – 159; 2013b p. 44-54; 2014a p. 9 – 17; 2014b p. 22-27].

Tomlinson defines an authentic text as ‘one which is produced in order to communicate rather than to teach’ and an authentic task ‘one which involves the learners in communicating to achieve an outcome, rather than to practice the language’. According to him all texts and tasks should be authentic in these ways or else learners will not be prepared for the realities of language use [5].

**Advantages and disadvantages**

Despite the widespread recognition of the use of authentic materials in language teaching and the important role these materials play in the development of language skills, these materials can cause some problems in the classroom, this is what many writers have said. In this regard, it is necessary to clarify the advantages and disadvantages of using authentic materials.

**Table1: comparison of advantages and disadvantages**

Benefits	Drawbacks
Real language exposure with language change/variation.	Often too culturally biased, difficult to understand outside the language community.
Students are aware of what is happening in the world.	Vocabulary might not be appropriate to the student’s level of knowledge.
Encourage reading for pleasure, likely to contain topics of interest. The same may happen while listening.	Too many and sometimes complicated structures are mixed so lower levels may find the tasks challenging while working with the materials.
The same piece of material can be used for different tasks.	Special preparation is needed, might be time consuming.
Contain a wide variety of authentic materials, where language style is not easily found in traditional teaching materials.	

The use of these materials in the learning process will be effective if appropriate principles of introducing material to the given learning situation



are followed. Among the general principles of introduction of authentic materials, R.P. Milrud considers it is necessary to apply the principle of minimization, and believes that material should be carefully selected so that it meets the goals of the learning process and can involve students in pair and group work (project work, etc.). The individual psychological characteristics of learners, their socio-cultural environment and interests should be also taken into account [6, p. 5-12].

### **Criteria for Selecting Authentic Materials**

According to Seguni for the material to be effective, some criteria have to be taken in consideration.

*Authenticity*: the selected material should serve communicative goals.

*Accessibility*: the material should not be difficult for the learners to comprehend and understand.

*Appropriateness*: the chosen material should be relevant for the age, levels, needs and interests.

*Applicability*: the authentic materials should be based on the teaching context and meet the objectives needed [7].

### **MAIN PART**

#### **Purpose of the Study:**

The integral purpose of this study is to detect the attitudes of English language teachers toward using authentic materials in their classes. The study does not focus on particular language skills.

#### **Research questions:**

✓ What do teachers think the role of authentic materials in language teaching is?

✓ What kind of authentic materials do teachers use in your class?

✓ Which categories of authentic materials, from teachers' experience, are accepted more by their students?

✓ How often do teachers use authentic materials in the classroom?

✓ Do students welcome authentic materials and feel comfortable regarding them?

✓ Is it important to select suitable authentic materials to the class or it doesn't matter, in teachers' opinion?

✓ Do teachers think they use the authentic materials skillfully and appropriately?

✓ What percentage of classroom time should be given to the authentic materials, in teachers' opinion?

#### **Methodology**

*Participants* - We had asked the teachers of English at state schools, colleges, commercial language centers, universities to participate in this study. Initially, 60 English teachers were asked to respond. The participants were randomly selected regardless to their nationality, teaching experience,


or academic degree. Only 25 agreed to participate; their experience in teaching English as a foreign language ranged from six to forty years.

A quantitative method was employed. The survey questionnaire was distributed to the teachers in order to find out their attitudes and beliefs regarding the use of authentic materials within their English classes. The questionnaire consisted of 2 parts. The first part was aimed at information on (a) personal profile (including years of experience, age, academic degree and (b) attitudes toward using authentic materials in class (see appendix A). The questionnaire was distributed to all 60 initially selected potential participants. The questionnaire consisted of eight items in the form of both open ended and close ended questions. In addition, they were allowed to add their own comments regarding any item. From 60 participants, 25 teachers agreed to answer the questionnaire and returned the surveys within the required timetable. Then the questionnaires were analyzed in terms of percentage by using surveymonkey.com.

### **RESULTS AND DISCUSSION**

As stated earlier, this study sought to determine English teachers' attitudes toward using authentic materials in the language classroom. The outcomes of the teachers' responses to the questionnaire are provided below.


**Figure 1**



As shown from the diagram all the teachers who participated in the survey questionnaire 25 (100 %) declared that authentic materials is familiar teaching equipment for them.


**Figure 2**

This question aims at determining which categories of authentic materials teachers use more in the classroom.



As can be seen from the graph above, the largest percentage (40 %), i.e. 12 teachers provide authentic listening-viewing materials. Authentic visual materials deserve a second rank with a share 33.33 %. Only 4 teachers answered the question about printed materials. The result confirms that teachers prefer to use authentic listening-viewing materials more in the classroom, because they contain both sounds and images, and believe that they can motivate the students to study in an interesting and attractive way. We also notice that teachers do not use more printed authentic materials, as the diagram shows little percentage of their use.


Figure 3



This question is aimed to investigate how teachers vary the authentic materials and how much time they devote to authentic tasks and activities in each session.

As it is clearly observed in the chart, the same percentage 40 % is taken by the first (10 %-20 %) and second (20 %-40 %) options.

Figure 4




The chart above shows that almost all the teachers gave the positive respond regarding the selection of relevant authentic materials with a

proportion of (93 %). Hence, we may reveal the tendency that majority carefully select the authentic materials in terms of appropriateness to the lesson objectives and content.

**Figure 5**

In regard to frequency of authentic materials' usage in the classroom, 62.50% indicated that they use them in usual basis. 12.50% of teachers confessed that they never use authentic materials in their lessons.



This study examined the attitudes of teachers toward using authentic materials in EFL classroom. The results displayed that all of the teachers had positive attitudes toward applying authentic materials. As authentic materials are a good means to parallel the lesson with real life language, it is worth using them as supplementary materials. The teachers revealed the fact that learners are motivated and involved into the lesson which is accompanied with appropriately selected authentic materials. Almost all the teachers pointed that authentic materials can be used from beginner levelled learners to higher levels.

#### Literature

1 Harmer, J. How to teach English. An introduction to the practice of English language teaching/J. Harmer// Edinburg.: Gate Longman.- 2000. - 198 p.

2 Krichevskaya K..S. Pragmatic materials acquainting students with the culture and habitat of the inhabitants of the country of the language being studied // Foreign languages at school. -1996. - № 1. – P.13-17.

3 Pinner, R. (2015). What We Talk About When We Talk About Authenticity. UniLiterate. Retrieved from <http://uniliterate.com/2015/05/talk-talk-authenticity>.

4 Pinner, R.S. (2013a). Authenticity of Purpose: CLIL as a way to bring meaning and motivation into EFL contexts. Asian EFL Journal. - 15 (4).- P. 138-159.

Pinner, R.S. (2013b). Authenticity and CLIL: Examining authenticity from an international CLIL perspective. *International CLIL Research Journal*. - 2 (1). P. - 44-54.

Pinner, R.S. (2014a). The authenticity Continuum: Empowering international voices. *English Language Teacher Education and Development*, 16(1).- P. 9-17.

Pinner, R.S. (2014b). The authenticity continuum: Towards a definition incorporating international voices. *English Today*, 30(4). – P. 22-27.

Tomlinson, B. (2013). Introduction: Are Materials Developing? In B. Tomlinson (Ed.), *Developing Materials for Language Teaching*. Second Edition.

R.P.Milrud Modern methodical standard of teaching foreign languages in school. // In yaz. In sc. -1996. - №1. - P.5-12.

7 Seguni, L. (2009). Authentic Materials: Towards a Rational Selection and an Effective Implementation. *Revue DE LA FACULTEDES LETTERS ET SCIENCE SOCIALES*: ISSN: 11126-6434.

#### Түйін

Мақаланың басты мақсаты ағылшын тілі мұғалімдерінің тілді оқыту барысында қолданылатын аутентикалық материалдарға деген көзқарасын анықтау болып табылады.

#### Резюме

Цель данной статьи - определить точку зрения учителей на используемые во время уроков английского языка аутентичные материалы.

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ПОЭТИКАЛЫҚ  
ДИСКУРСТЫҢ КӨРІНІСІ**

**С.Ш. АЙТУҒАНОВА**

филология ғылымдарының кандидаты, профессор  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Е.Т. ШАЛАБАЙ**

II курс магистранты  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Аннотация**

Мақалада поэтикалық дискурстың қазақ лирикасындағы сипаты, оның жаңашылдығы қарастырылады. Дискурстың жаңа бағыты саналатын визуалды поэзияның құрылымдық және мазмұндық қырлары талданады. Сонымен бірге әдеби шығармаларды өзара салыстыру барысында ұйқас, форма сынды сыртқы сипаттарға мән беріледі.

*Түйін сөздер:* поэтикалық дискурс, лирика, визуалды поэзия, тілдесім

Кез келген әдеби шығарманың динамикалық процесі, яғни оның әдеби процеске араласуы «автор – мәтін – оқырман» парадигмасынан, автор мен оқырман арасындағы байланыстан туындайды. Автор мен оқырман арасындағы байланысты түзуші – көркем мәтін. Шығарма мәтіні құрылымдық және семантикалық өзгешелікке ие. Ал сыртқы пішін мен ішкі мазмұнның үйлесімділігі автор мен оқырман арасындағы көпір саналатын мәтінге тікелей қатысты. Бұл тұжырымнан шығатын қорытынды: кез келген шығарма коммуникативтік сипатта жазылады. Өйткені ол белгілі бір адресатқа арналады. Аталған коммуникативтік қарым-қатынас автор (мәтіннің адресанты), оқырман (мәтін адресаты), тіл (автордың мәтінді құрастыруда қолданған белгілер жүйесі), шындық (мәтінде көрініс тапқан әлем) сынды субъектілер мен объектілер арасында жүзеге асады. Бұл ғылым тілінде «дискурс» деп аталады. «Дискурс» термині – француз философиясында постмодернизм және постструктурализм бағыттарымен бірге ұғым. Философияда аталмыш термин қарапайым тілде «тілдесу», ал ғылым тілінде «мәнмәтіндегі (контекст) мағыналық салмақтың түрлі тәсілдер арқылы берілуі» болып саналады. Француз

философы Мишель Фуко «Сөздер мен заттар» еңбегінде дискурстың үш түрлі тілдік қызметін атап өтеді:

1. Тіл – қоғамның бір бөлігі;
2. Тіл – әлеуметтік процесс;
3. Тіл – әлеуметтік шартты процесс [1, 214 б.].

Осы қасиеттеріне сүйене отырып ғалым тілді, яғни дискурсты шындықты танып-білудің құралы ретінде «тілдесу конструкциясы» деп қарады.

Әдебиеттанудағы дискурспоэтикалық сөйлесім болып түрленеді. Дискурс әдебиетте көркемдік, поэтикалық сипатта келіп, автор мен оқырман эстетикалық көркем коммуникация орнатады. Поэзия жанрын дискурстық тұрғыда талдайтын болсақ, бұл ұғымның сипаты да, қызметі де тереңдей түседі.

Структурализм бағытының өкілдері А.Ж. Греймас, Р. Барт, Ю. Кристева, Ю. Лотман, В. Руднев мәтінді құрылымдық жағынан талдау нәтижесінде оның сыртқы қалыбы да когнитивтік және коммуникативтік қызмет атқаратынын атап өтеді. Мысалы, прозаның, поэзияның, драманың индивидуалдық сыртқы құрылымдары бар. Оқырман оның ішкі мазмұнымен таныспай-ақ жанрын бірден анықтай алады. Сол сияқты поэтикалық дискурстың да визуалды қабілет арқылы қабылданатын жаңаша формалары жиі ұшырасады.

Поэтикалық дискурс ұғымымен тұтас байланыста қарастырылатын термин – визуалды поэзия. Визуалды поэзия – өлең өнері мен сурет өнерінің біріккен формасы. Поэзияның бұл түрі мәтінге графикалық элементтер арқылы мағыналық үн қосады. Поэтикалық дискурстың бұл бағыты мағыналық сипат (мәтін ішіндегі мазмұн) пен сыртқы қалыпты бір арнаға біріктіріп, кешенді мағына туғызады.

Қазіргі поэтикалық дискурста өлең мәтінінің сыртқы құрылымы дәстүрлі қалыптан бөлек. Өлең жолдарын әртүрлі тәсіл арқылы түрлі пішінде келтіру тек сыртқы құрылымға, оқырманның визуалды танымына ғана емес, шығармада қозғалып отырған тақырып пен автордың идеясын анық беруге де ықпалын тигізеді. Ондай тәсілдерге тігінен, көлденеңінен немесе диагональ түрде кез келген геометриялық пішінді немесе басқа да графикалық тәсілді қолдану арқылы қалыптан тыс форма құрау жатады. Поэтикалық дискурстың визуалды формасы қазақ лирикасында да кеңінен қолданыс тапқан.

Қазақ лирикасында визуалды тәсілдерді белсенді қолданған ақындардың бірі – Светқали Нұржан. Мәселен «Іңірдегі жыр» өлеңінде:

Көшпелі алтын – жал-жал құм,



Қыр – жиделі,  
ой – байсын.  
Сондай сәтте жалғанның  
Жалғандығын ойлайсың.  
Бу ұшады өңірден  
Көбігіндей бозаның...  
Түседі еске  
өмірден

Менің де ертең озарым [2, 63 б.], – деген жолдардан ақынның геометриялық фигура ромбты қолданғаны байқалады. Бұл өлеңдегі поэтикалық дискурс, яғни оқырман мен автор арасындағы тілдесім шығарма мәтінінен бұрын визуалды объекті арқылы жүзеге асады. Визуалды тәсіл арқылы ұғынылатын аталмыш шығарманың мазмұны да сыртқы пішінімен мазмұндас. Өлеңде айтылатын өмір ағыны, оның жылдамдығы бірде бәсең, бірде белсенді. Сол секілді өмірдің тұрақсыздығын фигура арқылы өрнектеуді дұрыс көреді. Дәл осы тақырып ақын Ұлықбек Есдәулеттің «Рояль» өлеңінде былай келтірілген:

Бірі – ақ,  
Бірі – қара,  
Бірі – шаттық,  
Бірі – ой,  
Бірі – нала [3, 111 б.].

Ақын мұнда тармақтардың белгілі бір заңдылықты көрсету мақсатында трапециялық пішінді қолданған. Қайталаулар мен тыныс белгісі арқылы рояльдің сыртқы пішіні мен темпін еске түсіреді. Қарама-қарсы ұғымдардың қосындысынан тұратын өмір заңдылығын ақын да антиұғымдармен сипаттайды. Рояльдің пернелері секілді алма-кезек ауысатын өмір кезеңдері оқырманға суреттеліп отырған объекті арқылы да, өлең мәтінінің сыртқы пішіні арқылы да, мазмұны арқылы да толықтай ашылады. Визуалды түсінік арқылы мазмұнды жұмбақтап беру автор мен оқырманның сұхбаттасуына жол ашады. Мұндай тәсіл әдеби ойынға да анық мысал бола алады. Демек, Ф. Мишель тұжырымдаған тілдесу принципіннің конструкциясы түрлі амал-тәсіл арқылы жүзеге асады.

Орыс ғалымы А.Н. Леонтьев шығармада суреттелетін объектіні автор санасындағы идеялық көрініс екенін дәлелдейді. «Ал сол көрініс оқырман танымында да идеялық дәрежеде сәйкес суреттелсе, автор мен оқырманның тілдесуі орын алады» деп түйеді [4, 125б.]. Автордың пайымдауы бойынша автор мен оқырман шығарма арқылы қарым-

қатынас орнатып қана қоймай, бір-бірімен тілдесу мүмкіндігіне ие болады. Жоғарыда келтірілген қос өлеңді оқыған оқырман алдымен сыртқы формасына қарап ой түйеді, одан соң мәтін арқылы ақын ойымен танысады. Автор ойы мен оқырман ойының түйісетін жері – шығарма мәтіні. Осылайша сөйлесім жүзеге асады.

Поэтикалық дискурстың тағы бір мысалы ретінде Ерлан Жүністің «Ромб» өлеңін алуға болады. Ақын өлеңнің аты айтып тұрғандай шығарманың сыртқы фигурасы ретінде ромб пішінін таңдайды.

Ол  
Ғашық  
Ғарышқа –  
Тәңір мәні:  
Оның жаны –  
алысқа  
Асық  
Жол [5, 94 б.].

Ақынның бұл туындысында сыртқы пішін мен ішкі мазмұн киюласпайды. Алайда өлеңнің сыртқы фигурасынан бөлек тағы бір тың ерекшелікті байқауға болады. Ол – ұйқасу үлгісі. Назар аударатын болсақ, дәстүрлі ұйқасу жүйесі бойынша тармақтар оқылу реті бойынша қатарымен ұйқасуы тиіс. Мұнда бастапқы тармақ пен соңғы тармақ (сегізінші), екінші тармақ пен жетінші тармақ, үшінші тармақ пен алтыншы тармақ, төртінші тармақ пен бесінші тармақ өзара бір-бірімен сыңар болып үндесім тапқан. Демек, бұл тек визуалды тұрғыда ғана емес, аудиалды дәрежедегі дискурстық сипатқа ие.

Визуалды поэзияға тағы да бір мысал бола алатын туынды – Ақберен Елгезектің «Тұман» өлеңі. Жалпы тұман – географиялық сипаттамасы бойынша бұлыңғырлықпен ассоциацияланатын табиғи құбылыс. Ол айқындық пен көзге көрінгіштікке бөгет болады, яғни онда белгісіздік басым. Оны «тұманды ойлар», «тұманды сезім» деген сынды эпитеттермен де дәлелдей аламыз. Ақынның өлеңде өрілген тұманға тұмшаланған сырлары құрылымдық пішініне де әсер етпей қоймаған.

Сіңіп барам мәңгірген ағайынға...  
Сынған сәуле түседі орайыма.  
Соқыр тұман және  
Мен...  
«Мен» депшін ғой...  
өзімнің де тұманнан жоқ айырмам... [6, 109].

Байқағанымыздай, мұнда тармақтардың әртүрлі мазмұнда және буында келуі тұманды да елестеткендей. Тұманды ойлардың адасқан ақын өлеңіндегі көп нүктенің де өзіндік атқаратын қызметі бар. Көп нүкте әдетте түйінделген ойдың жалғасы немесе түсіндіруі бар екенін меңзейді. Ал ақын әр тармақтағы көп нүктелерді де «сөйлеткісі» келеді. Бірақ тек оқырманның ойымен қарым-қатынас орнатпақ ойы көрінеді. Соңында өзінің де тұманға жұтылып кеткеніне іштей өкінеді. Оны да оқырман мазмұн мен құрылым арқылы бірден байқайды. Өлеңдегі белгісіздік тұжырымы «сынған сәуле», «соқыр тұман» тіркестерінен де ашылады. Өйткені сәуленің сынуы, тұманның айналаны көруге кедергі болуы – барлығы да сыну және соқырлану процестерімен біте-қайнасып, мағынасы астарланып кеткен. Демек, өлең мазмұнындағы әрбір сөз құбылту тәсілінің және әр тыныс белгісінің өзіндік рөлі бар. Сонымен бірге сөздердің құбылуы мазмұнға пішін береді. Ал сыртқы құрылым мазмұннан туған пішінге мағына үстейді.

Жалпы алғанда, дискурс өлеңнің мазмұнын кодтайды. Автор мен оқырман арасындағы байланыс ұсынылған объекті арқылы орнайтындықтан, екіжақты коммуникативтік ортаға да түсінікті болу үшін тыныс белгісі, сыртқы пішіндік ерекшеліктер, тармақтық ауыспалылық сынды кодтық белгілер қолданылады. Ол туындыны оқырман белгілі бір қалыпта түсіну үшін жасалады. Әрине, бұл тұрғыда шетел әдебиетіндегі суреттер арқылы берілген өлеңдерді де айтуға болады. Өйткені олар екі өнердің қоспасымен жасалған әрі қазақ лирикасындағы құрылымдық сипаттардан гөрі әдебиетті басқаша қырынан танытуды да діттеген. Бұдан да кез келген өнер аясының тар емес екендігі, керісінше бір-бірімен түйісіп, біте-қайнасып жататындығын байқаймыз.

Поэзияның семантикалық кеңістігіне тек сөз өнерінің күшімен жасалған туындылар қатары жатпайды. Әсіресе тілдік бірліктердің түрлі форматта сөйлеуі әдебиеттану процесі үшін де тосын болуы ықтимал. Бірақ қазіргі жаңа әдебиеттану ағымы тұрғысынан қарасақ, жоғарыда келтірілген визуалды кодтар поэтикалық туындының ажырамас бөлшегіне айналады. Өйткені кез келген дәуірде дәстүрмен қатар жаңашылдық лебі де қатар жүруі керек.

Берілген өлеңдерде дискурс түрлі тәсілде келген. Оқырманның назарға бірден ілігетін тұсы – тармақтар арқылы жасалған фигуралар. Ал мәтінмен танысқан соң сыртқы фигура мен мазмұн арасында да байланыс бары аңғарылады. Поэтикалық дискурстың мақсаты да сол:

оқырманға құпия кодтар мен белгілер арқылы ой тастау, ой тастау арқылы тілдесу.

